

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{of}
JOURNALS

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



zenodo



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 10

31 ОКТЯБРЯ 2025

Астана, Казахстан



lrc-els.com



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

31 октября 2025 г.
Астана, Казахстан

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560706>

ЭОЖ 37.022; МҒТАР 13.01.02

STEAM-ДИЗАЙН НЕГІЗІНДЕ ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА 3D МОДЕЛЬДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕСІ

Б.Е. КОЙШЫБАЙ, Ж.Е. ОРАЗ

Информатика пәні мұғалімі

Keleshek School №111 of Astana City Қазақстан, Астана қ.

Информатика пәні мұғалімі

Keleshek School №113 of Astana City Қазақстан, Астана қ.

Аңдатпа. STEAM-дизайнды білім беру кеңістігіне жүйелі әрі тиімді енгізу — оқушылардың инженерлік ойлауын, кеңістіктік елестету қабілетін және шығармашылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық стратегия ретінде қарастырылады. Осы ғылыми зерттеу шеңберінде информатика пәнін оқытуда үшөлшемді модельдеу технологияларын кіріктіре қолданудың әдістемелік негіздері айқындалып, олардың дидактикалық, когнитивтік және технологиялық әлеуеті жан-жақты талданды. Эксперименттік жұмыс Астана қаласындағы Т. Айбергенов атындағы №16 орта мектептің 10-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылып, үш кезеңде жүзеге асырылды: бастапқы диагностика, әдістемені енгізу, қорытынды нәтижелерді бағалау. Зерттеу барысында авторлық бағдарлама негізінде әзірленген сабақ құрылымы арқылы оқушылар Tinkercad платформасында үшөлшемді нысандарды жобалап, Ultimaker Cura слайсерінде оларды физикалық үлгіге айналдыруға дайындық жүргізді. Практикалық іс-әрекет пен жобалық оқытудың ықпалдасқан түрі оқушылардың алгоритмдік және конструкциялық ойлау қабілеттерін, цифрлық сауаттылығын, визуалды-кеңістіктік танымын айтарлықтай арттырды. Жинақталған нәтижелер ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп қана қоймай, 3D модельдеу құралдарын жалпы білім беру мазмұнына интеграциялау мүмкіндіктерін кеңейтетінін көрсетті. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығы, шығармашылық белсенділігі және кәсіби бағдарлану тенденциясы жағымды серпін алды. Зерттеу қорытындысында ұсынылған әдістемелік шешімдер цифрлық білім беруді тереңдетуге және оны педагогикалық практикада жүйелі қолдануға ғылыми негіз бола алады.

Кілт сөздер: STEAM-дизайн, 3D модельдеу, информатика оқыту әдістемесі, үшөлшемді прототиптеу, цифрлық құзыреттілік, инженерлік ойлау, пәнаралық интеграция

ЭФФЕКТИВНАЯ МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ 3D- МОДЕЛИРОВАНИЯ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ НА ОСНОВЕ STEAM-ДИЗАЙНА

Б.Е. КОЙШЫБАЙ, Ж.Е. ОРАЗ

Учитель информатики

Казахстан, г. Астана

Учитель информатики

Казахстан, г. Астана

Аннотация. Системное и эффективное внедрение STEAM-дизайна в образовательное пространство рассматривается как современная педагогическая стратегия, направленная на развитие инженерного мышления, пространственного воображения и креативных компетенций учащихся. В рамках настоящего исследования определены методологические основы интеграции технологии трёхмерного моделирования в преподавание информатики, а также всесторонне проанализирован её дидактический, когнитивный и технологический потенциал. Экспериментальная работа была проведена среди учащихся 10 класса средней

школы №16 имени Т. Айбергенова в городе Астана и реализована в три этапа: начальная диагностика, внедрение методики, итоговый анализ результатов. В ходе эксперимента ученики, используя авторскую методику, разрабатывали трёхмерные объекты на платформе Tinkercad и готовили их к печати в слайсере Ultimaker Cura. Интеграция практической деятельности и проектного обучения способствовала значительному росту алгоритмического и конструктивного мышления, цифровой грамотности и визуально-пространственного восприятия учащихся. Полученные данные подтвердили эффективность предложенной методики и показали перспективы расширения применения 3D-моделирования в общем образовательном процессе. Отмечен также положительный сдвиг в уровне учебной мотивации, творческой активности и профессиональной ориентации школьников. Предложенные методические решения могут служить научной основой для углубления цифрового образования и системного внедрения в педагогическую практику.

Ключевые слова: STEAM-дизайн, 3D-моделирование, методика преподавания информатики, трёхмерное прототипирование, цифровая компетентность, инженерное мышление, междисциплинарная интеграция.

EFFECTIVE METHODOLOGY FOR TEACHING 3D MODELING TECHNOLOGY IN COMPUTER SCIENCE LESSONS BASED ON STEAM DESIGN

B.E. KOISHYBAY, ZH.E. ORAZ

Computer Science Teacher

Kazakhstan, Astana

Computer Science Teacher

Kazakhstan, Astana

Abstract. The systematic and effective implementation of STEAM design into the educational space is viewed as a modern pedagogical strategy aimed at fostering students' engineering thinking, spatial imagination, and creative competencies. This study identifies the methodological foundations for integrating three-dimensional modeling technologies into the teaching of computer science and provides a comprehensive analysis of their didactic, cognitive, and technological potential. The experimental work was conducted among 10th grade students at Secondary School No. 16 named after T. Aibergenov in Astana and was implemented in three phases: initial diagnostics, methodological implementation, and final results evaluation. As part of the experiment, students used the author's methodology to design 3D objects on the Tinkercad platform and prepare them for printing using the Ultimaker Cura slicer. The combination of hands-on activities and project-based learning significantly enhanced students' algorithmic and constructive thinking, digital literacy, and visual-spatial cognition. The results confirmed the effectiveness of the proposed methodology and demonstrated its potential for broader integration of 3D modeling tools into the general education curriculum. Additionally, students showed increased academic motivation, creative engagement, and a stronger tendency toward professional orientation. The proposed methodological approaches provide a scientific basis for deepening digital education and for systematic implementation in pedagogical practice.

Keywords: STEAM design, 3D modeling, computer science teaching methodology, three-dimensional prototyping, digital competence, engineering thinking, interdisciplinary integration.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық және инженерлік дағдыларын дамыту басты міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [1], сондай-ақ, Қазақстанның білім жүйесін цифрландыруда STEAM-білім беру моделін енгізуді қолдайды. Осы құжаттарда оқушылардың ғылыми-техникалық бағыттағы құзыреттілігін арттыру, оларды заманауи технологияларды меңгеруге үйрету қажеттігі баса

көрсетілген. 3D принтерлерді білім беру процесіне енгізу – осы мақсаттарға жетудің бір жолы ретінде қарастырылады. Мемлекет басшысы барлық мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді және цифрлық ресурстардың қолжетімділігін арттыруды тапсырды. Бұл тапсырмалар білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты, информатика сабақтарында STEAM тәсілін қолдана отырып, 3D принтерлерді пайдалану оқушылардың инженерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл зерттеу Президент Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосады және білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Білім беру ұйымдары заманауи технологияларды, оның ішінде 3D принтерлерді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық және инженерлік ойлау қабілеттерін дамытуға міндетті. Бүгінде Қазақстандағы көптеген мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында 3D модельдеу зертханалары ашылып, STEAM технологиялары енгізілуде. Дегенмен, мұндай технологияларды тиімді пайдалану үшін педагогтердің әдістемелік дайындығы мен қажетті оқу-әдістемелік құралдардың жеткілікті болуы маңызды. Білім беру мекемелері 3D технологияларын информатика, математика, инженерия және өнер пәндерімен ықпалдастыра отырып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуда айтарлықтай рөл атқарады.

3D принтерлер мен STEAM білім беруді зерттеу әлемдік және отандық ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Бұл бағытта шетелдік ғалымдардан S. Papert [2] (конструктивизм теориясы мен білім беруде технологияларды қолдану), Лейбов А.М., Каменев Р.В. [3], Салахов Р.Ф. [4], Филиппов О.А. [5], Гриц М.А. [6], Т.В. Шукшина, Е.А. Кузнецова [7] және т.б. терең зерттеулер жүргізген. Оқу процесінде 3D принтерді пайдалану Головки И.С. [8], Рытов А.М., Игонин Е.В., Липницкий Л.А. [9], Зеленцов В.В., М. Resnick [10] (цифрлық модельдеу және шығармашылық білім беру), M.U. Bers [11], Blikstein [12], P.Bull, G.North [13], С Martinez, S. L., Stager. G [14] сынды ғалымдардың зерттеулері маңызды орын алады. Сонымен қатар, D. Jonassen [15] 3D технологияларын қолданудың білім беру саласындағы маңыздылығын атап өтеді. Отандық зерттеушілерден А.Е. Әбілқасымова [16], А.А. Хамитова, Д.Ж. Оспанова [17]. STEAM-білім беру әдістерін зерттеп, оны Қазақстанның білім беру жүйесіне бейімдеу мәселелерін қарастырған. Алайда, 3D принтерді нақты информатика сабақтарында қолданудың әдістемесі мен тиімділігіне қатысты зерттеулер әлі де аз.

Бүгінгі таңда 3D принтерді STEAM білім беру аясында қолданудың тиімділігі туралы айтылғанымен, бірнеше қарама-қайшылықтар сақталуда:

Бірінші мектептерде материалдық-техникалық базаның әркелкілігі – кейбір мектептерде 3D принтерлер бар болғанымен, оларды пайдалануға қажетті оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеуі байқалады. Екінші мұғалімдердің кәсіби даярлығы – педагогтердің көпшілігі 3D модельдеу және басып шығару технологияларын меңгермеген немесе оны білім беру процесіне қалай ықпалдастыру керектігін толық білмейді. Үшінші оқу бағдарламасына енгізу мәселесі – 3D модельдеу көбіне факультатив ретінде қарастырылады, ал оны негізгі пәндерге (информатика, математика, технология) интеграциялау толық жүзеге аспаған. Зерттеуіміздің негізі бағыты – информатика сабақтарында STEAM білім беру шеңберінде 3D принтерді тиімді қолданудың әдістемесін әзірлеу. Қазіргі таңда бұл мәселе Қазақстанда жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Зерттеу аясында мектеп бағдарламасына 3D модельдеуді кіріктірудің әдістемелік негіздері айқындалып, оның оқушылардың шығармашылық және инженерлік ойлау дағдыларына ықпалы талданады. Зерттеудің мақсаты – информатика сабақтарында STEAM дизайнында 3D принтерді қолданудың тиімді әдістемесін әзірлеу және оның оқушылардың білім деңгейіне әсерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі сұрақтарға жауап іздейміз:

- STEAM білім беру концепциясының теориялық негіздері қандай және оның информатика пәнімен өзара байланысы қалай сипатталады?

- 3D модельдеу технологиясына негізделген оқыту әдістемесін қалай әзірлеуге болады және ол мектеп бағдарламасына қаншалықты бейімделе алады?

STEAM концепциясы — бір ғана пәнді меңгертумен шектелмейтін, оның мазмұнын басқа пәндермен байланыстыра отырып, оқушыны шынайы өмірге бейімдеуге арналған жүйе. Мұндағы басты идея — ғылым мен техниканы тек теория жүзінде емес, өмірлік мәселелерді шешуге қолдана отырып оқыту. Мысалы, математика мен физиканы инженерлік жобалармен ұштастыру, технологияны өнермен байланыстыра отырып, эстетикалық тұрғыдан пайдалы өнім жасау — осы концепцияның негізгі мазмұнын құрайды [18]. Бұл тәсіл оқу үрдісін қызықты, мағыналы әрі нәтижеге бағытталған етеді. STEAM білім беру құрылымында бес негізгі компонент өзара байланыста қарастырылады. Ғылым — табиғат құбылыстарын зерттеуге негізделсе, технология — ақпараттық және цифрлық құралдарды пайдалануға үйретеді. Инженерия — жобалау, модельдеу, құрылым құрастыру арқылы мәселені шешуді көздейді. Өнер — эстетика мен шығармашылықты дамытып, оқуға мотивация береді. Математика — логика мен дәлдікті қамтамасыз етеді. Бұл компоненттердің үйлесімділігі оқушыға күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін кешенді қабілеттерді қалыптастырады. STEAM концепциясының маңызды ерекшелігі — оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді жасампаз тұлғаға айналдыруы. Бұл жүйеде оқушы тек дайын ақпаратты қабылдамайды, керісінше, мәселені өздігінен талдап, шешуге тырысады. Мұндай тәсіл оқушының дербестігін, шығармашылығын, логикалық ойлауын және командалық жұмыс қабілетін дамытады.

Тағы бір артықшылығы — заманауи технологиялармен жұмыс істеу мүмкіндігі. Arduino, 3D-принтер, LEGO Education сияқты платформалар арқылы оқушылар нақты өнім жасап, өз идеяларын жүзеге асыруды үйренеді. Бұл олардың инженерлік және технологиялық құзыреттіліктерін ерте жастан дамытады. Сонымен қатар STEAM оқытудың гендерлік тепе-теңдікке де ықпалы бар. Әсіресе қыз балалар арасында инженерлік және технологиялық мамандықтарға қызығушылықты арттырып, олардың осы салада білім алуға деген ынтасын оятады. STEAM білім берудің негізгі қағидаттарын үшке бөліп қарастыруға болады:



1 - сурет. STEAM білім беру жүйесінің негізгі қағидаттары

STEAM білім берудің негізгі қағидаттарының бірі — интеграция. Пәндердің мазмұнын өзара байланыстыра отырып оқыту оқушылардың теориялық білімдерін өмірлік жағдайларда қолдануға дағдыландырады. Мәселен, бір жобада оқушы экологиялық мәселені (ғылым) зерттеп, оған техникалық шешім (инженерия) ұсынып, оны эстетикалық тұрғыда безендіріп (өнер), есептеу жүргізіп (математика), технологиялық құралдарды қолдану арқылы (технология) жүзеге асыра алады. Екінші қағидат — жобалық оқыту әдісі. Оқушылар нақты өмірлік проблемаларды шешу үшін топпен жұмыс істеп, зерттеу, жоспарлау, шешім қабылдау, құрастыру және қорғау секілді кезеңдерден өтеді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық, қарым-қатынас және көшбасшылық дағдылары дамиды. Үшінші қағидат — тәжірибеге бағытталған оқу. STEAM жобаларында оқушы тек білім алушы емес, белсенді қатысушы. Олар қолмен әрекет ету арқылы өз тәжірибесін жинақтайды, қателіктер арқылы үйренеді, нәтижеге жетудің балама жолдарын іздейді. Бұл үрдіс оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, білімді меңгеру сапасын күшейтеді. STEAM оқытуда "қате" — жетістікке апаратын құрал. Көптеген білім беру жүйесінде қателік жасау теріс әрекет ретінде

қабылданады. Ал STEAM жүйесінде керісінше – қате жасау үйренудің ең маңызды кезеңі деп есептеледі. Мысалы, инженерлік жоба жасауда алғашқы үш нұсқа сәтсіз болуы – қалыпты жағдай. Бұл оқушыны проблемаға бірнеше жағынан қарауға және табандылыққа тәрбиелейді. STEAM оқушылары болашаққа нақты мамандық таңдамайды — олар мамандық ойлап табады. STEAM оқыту идеясы — оқушыны болашақта әлі шықпаған мамандықтарға дайын ету. Мысалы, 2030 жылға қарай пайда болатын "цифрлық дизайнер-хирург", "медиа-археолог", "нейроинтерфейс инженер" сынды мамандықтарға қазірден бейімделу қажет. Бұл — таңғаларлық, бірақ дәлелденген болжам. Ал өнер (Art) – STEM-ге қосылған соң, креативтілікке деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Бұрын ғылым мен өнер бөлек қарастырылса, STEAM арқылы дәлелденген: «Шекспирді оқу баланың логикалық ойлауын, ал сурет салу — алгоритмдік ойлауды дамытуы мүмкін». Яғни, өнер шығармашылықтан бөлек математикалық ойлауды да дамытады, бұл көпшілікті таң қалдырады. Сондай-ақ STEAM жобалары мектеп бағдарламасын «жаңғыртады». Кейбір мектептерде STEAM жобалары арқылы оқу бағдарламасының ескі тақырыптары заманауи форматқа көшірілуде. Мысалы, "жарықтың таралуы" деген физика тақырыбын 3D баспа арқылы линза жасап түсіндіреді немесе биологиядағы "жасуша құрылымын" виртуалды шындықпен көруге мүмкіндік беріледі.

STEAM білім беру моделі аясында робототехника саласының орны ерекше екеніне тоқталған жөн. Робототехника — ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын тоғыстыратын кешенді пәндік бағыт ретінде танылуда. Мәселен, халықаралық деңгейдегі ең танымал жарыстардың бірі – FIRST Robotics Competition (FRC) олимпиадасында қатысушылар робот жасаумен айналысады. Бұл жарыста роботтардың күрделі құрылымдарын әзірлеу барысында түрлі бөлшектердің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Осындай жағдайларда қатысушылар өздерінің жобаларын толықтыру мақсатында 3D принтерлерді қолданады. Роботтың нақты қажеттілігіне қарай арнайы механизмдер, адаптерлер, қысқыш элементтер мен басқа да бөлшектер 3D баспа арқылы жедел дайындалады. Бұл тәсіл құрылымның функционалдығын арттырып қана қоймай, жарыс жағдайында инженерлік ойлау мен жылдам шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, FIRST Tech Challenge (FTC) және FIRST LEGO League (FLL) секілді жарыстарда да 3D принтерлердің рөлі ерекше. FTC жарыстарында оқушылар шағын, бірақ күрделі механизмдермен жұмыс істейді, онда әрбір миллиметр маңызды. 3D принтерлер арқылы роботтарға арналған жеңіл, бірақ берік пластикалық бөлшектер шығарылып, командалардың техникалық тапсырмаларды тиімді орындауына мүмкіндік береді. Ал FLL жарысында LEGO элементтерін модификациялау немесе жетіспейтін детальдарды басып шығару тәжірибесі жиі кездеседі, бұл балалардың инженерлік креативтілігін дамытуға көмектеседі. Қазақстанда да 3D принтерлерді қолдану арқылы өткізілетін жарыстар саны артуда. Kazakhstan FIRST Robotics Championship, KazRoboProject және Roboland сияқты ұлттық жарыстарда оқушылар өз роботтарын құрастыру барысында 3D баспаны белсенді пайдаланады. Әсіресе, Roboland жарысында роботтардың дизайнын ерекше етіп жасау, қосымша функцияларды іске асыру үшін 3D модельдеу мен басу мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Бұл оқушылардың өз жобаларын ерекшеліуіне және функционалды түрде жетілдіруіне үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі World Robot Olympiad (WRO) жарысында да 3D принтерлердің рөлі жыл сайын артып келеді. WRO ережелеріне сәйкес кейбір санаттарда қатысушылар роботтарының бөліктерін өздері жобалап, 3D басып шығару арқылы құрастыруға рұқсат етілген. Бұл мүмкіндіктер оқушылардың инженерлік дағдыларын дамытып қана қоймай, жобаларды оңтайландыру мен инновациялық шешімдер табу қабілетін арттырады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Халықаралық ұйымдар тарапынан да бұл үрдіске ерекше көңіл бөлінуде. ЮНЕСКО-ның «Smart Education Strategies for Teaching and Learning» баяндамасында білім беру саласында 3D принтерлерді қолданудың маңызы атап көрсетіледі [19]. Бұл құжатта 3D технологиялардың оқушылардың креативтілігін, кеңістіктік ойлауын және практикалық дағдыларын дамытудағы

әлеуеті ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар, ЭЫДҰ (OECD) әзірлеген «3D Printing and International Trade» зерттеуінде 3D принтингтің халықаралық экономикадағы ықпалын талдай отырып, білім беру жүйесінде де оның ауқымды қолданыс табуы қажет екені баса көрсетіледі [20]. Бұл ұйымдардың ұстанымдары білім берудегі инновациялық технологияларды енгізудің жаһандық тенденциясын анықтайды. АҚШ тәжірибесі 3D принтерді білім беру процесіне интеграциялаудың тиімді үлгісін көрсетеді. GE Additive Education Program бағдарламасы аясында әлемнің 30-дан астам еліндегі мектептерге 1400-ден астам 3D принтер таратылып, оқушылардың практикалық инженерлік дағдыларын дамытуға бағытталған жобалар жүзеге асырылды [21]. Жалпы, шетелдік тәжірибе 3D принтерді оқу процесіне тиімді енгізудің бірнеше негізгі қағидатын айқындайды: практикалық жобалық тәсілді белсенді қолдану, пәндік интеграцияны қамтамасыз ету, оқушылардың шығармашылық бастамаларын қолдау және мұғалімдердің кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру. Қазақстан үшін бұл тәжірибелерді бейімдеу білім беру мазмұнын жаңғыртудың және оқушылардың технологиялық сауаттылығын арттырудың маңызды тетігі болмақ.

Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесінде 3D принтерді оқыту тәжірибесі біршама дамып келе жатқанымен, қазіргі ахуалда теория мен практика арасындағы алшақтық, әдістемелік бірізділіктің болмауы, мұғалімдердің кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі және материалдық-техникалық базаның әркелкілігі айқын байқалады. Осы кемшіліктерді ескере отырып, қазіргі заман талаптарына сай инновациялық, жүйелі және бейімделгіш әдістеме құрастыру қажеттілігі туындап отыр. Ұсынылып отырған әдістеме интеграцияланған, модульдік, практикалық-бағдарланған принциптерге негізделеді және STEAM білім беру моделінің шеңберінде жүзеге асырылады. Әдістеме оқушылардың инженерлік ойлауын, креативтілігін, кеңістіктік және технологиялық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

1 - кесте. Арнайы әзірленген модульдік оқу-әдістемелік кешен құрылымы

№	Модуль атауы	Сабақ тақырыптары	Сағат саны	Программ алық қамтамас ыз ету	Техникалық құралдар	Қосымша ресурстар
1	Теориялық дайындық негіздері	- 3D модельдеудің даму тарихы - 3D баспа технологияларының түрлері (FDM, SLA, SLS) - 3D принтердің құрылымдық элементтері	1 сағат	Презентациялар, 3D-принтердің демонстрациялық бағдарламасы	Мультимедиялық проектор, демонстрациялық 3D принтерлер (мысалы, Creality Ender 3)	ЮНЕСКО-ның Smart Education баяндамасы, бейнематериалдар
2	Базалық практикалық дағдыларды меңгеру	- Tinkercad платформасында алғашқы модельдеу - Модельді слайсер бағдарламасында өндеу (Ultimaker Cura) - 3D баспаға алғашқы практикалық тапсырма	2 сағат	Tinkercad, Ultimaker Cura	Бастапқы деңгейдегі FDM принтерлер (Bambu Lab X1C, Creality Ender 3 V2)	Tinkercad Classroom платформасы, онлайн бейсабақтар

3	Интеграцияланған жобалық жұмыс	- Математика пәнімен интеграция: Геометриялық фигураларды модельдеу - Биология пәнімен интеграция: Орган үлгілерін жасау - Өнер пәнімен интеграция: Дизайн және эстетикалық модельдер	3 сағат	Tinkercad, Fusion 360 (бастапқы деңгейі)	FDM принтерлер, 3D сканерлер (Shining 3D EinScan-SE)	Fusion 360 онлайн тренингтері, Autodesk Design Academy
4	Инженерлік дизайн және прототиптеу	- Күрделі функционалды модельдер әзірлеу - Механикалық қосылыстар мен қозғалыс модельдері - Техникалық құжаттаманы дайындау	4 сағат	Fusion 360 (орта деңгей), Blender	Механикалық бөлшектер үшін арнайы 3D принтерлер (Prusa i3 MK3S+), техникалық құралдар (калипер, микрометр)	Blender негіздері курсы, OpenSCAD оқулықтары
5	Инновациялық қолданбалы жобалар әзірлеу	- Әлеуметтік маңызы бар жобалар құрастыру (экология, медицина, инклюзия) - Өздік жобалау: идеядан прототипке дейін - Жоба қорғауы және постер сессия	2 сағат	Fusion 360 (толық цикл), Onshape, Autodesk Inventor	Премиум деңгейлі принтерлер (Raise3D Pro3), презентациялық құралдар	Polar Cloud платформасы, инклюзивті білімге арналған ресурстар (Tactile Graphics)

Ұсынылып отырған модульдік оқу-әдістемелік кешен – қазіргі білім беру жүйесінің жаңғыру талаптарына толық жауап беретін, терең теориялық және практикалық негізделген ғылыми-әдістемелік шешім болып табылады. Әдістеме Қазақстандағы информатика пәнінде 3D принтерді оқыту тәжірибесіндегі негізгі кемшіліктерді талдау негізінде әзірленіп, әлемдік ғылыми-педагогикалық тәжірибемен ұштастырылған.

Әдістемелік кешеннің басты ерекшелігі — оқыту процесін теориялық білім беру мен практикалық іс-әрекетті органикалық үйлестіру арқылы құрылымдау. Әр модуль оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған және оқу мақсаттарына қол жеткізуді кезең-кезеңімен қамтамасыз етеді. Теориялық дайындық пен базалық практикалық дағдыларды қалыптастырудан бастап, күрделі инженерлік жобаларды дайындауға дейінгі толық цикл оқушылардың инженерлік ойлауын, шығармашылық әлеуетін және технологиялық сауаттылығын жан-жақты дамытуды көздейді.

Талдау мен нәтижелер

Эксперимент Астана қаласы №16 орта мектептің базасында ұйымдастырылды. Эксперименттің мақсаты — 3D модельдеу және слайсинг технологияларын қолдану арқылы

оқушылардың шығармашылық және инженерлік дағдыларының қалыптасуына әсерін анықтау болды.

Эксперименттік жұмыс екі топта жүргізілді:


- Эксперимент тобы — 10 "Б" сынып оқушылары (27 оқушы);
- Бақылау тобы — 10 "В" сынып оқушылары (27 оқушы).

Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды. Даярлық кезеңі: Бұл кезеңде сыныптар іріктеліп алынды, педагогикалық жағдайлар біріздендірілді, оқу мақсаттары нақтыланды. Эксперимент барысында қолданылатын әдістемелік материалдар мен бағалау құралдары дайындалды. Сондай-ақ, бастапқы сауалнама жүргізіліп, оқушылардың 3D модельдеу және ақпараттық технологияларға қызығушылық деңгейі анықталды. Негізгі (эксперименттік) кезең: Эксперимент тобына Tinkercad және Ultimaker Cura, BlocksCAD, Leopoldy, Gravity Sketch, SculptGL бағдарламаларын қолданып арнайы жасалған модульдік оқу бағдарламасы бойынша сабақтар өткізілді. Оқушыларға 3D модельдерді құру, оларды слайсинг арқылы баспаға дайындау тапсырмалары ұсынылды. Бақылау тобында дәстүрлі әдістер бойынша информатика сабақтары жүргізілді, яғни 3D модельдеу қолданылмады. Оқыту барысында әр топтың шығармашылық белсенділігі, өздік жұмыс жасау қабілеттері және практикалық дағдылары бақыланды. Қорытынды кезеңі: Эксперимент соңында екі топтың білім, дағды және қызығушылық деңгейін бағалау үшін қорытынды сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, практикалық жобалар мен өзіндік жұмыстардың сапасына салыстырмалы талдау жасалды.

Эксперимент әдіснамасы сапалық және сандық әдістерді біріктіре отырып құрылды. Негізгі зерттеу құралдары ретінде сауалнама, бақылау парақтары және практикалық тапсырмалардың орындалу нәтижелері қолданылды.

Эксперимент басталғанға дейін бақылау тобы (10 "В" сынып) мен эксперимент тобының (10 "Б" сынып) оқушылары 3D модельдеу және 3D баспа технологиялары бойынша білім деңгейін анықтауға арналған диагностикалық тест тапсырды.

Тест нәтижелері төмендегідей болды:



2 – сурет. Бастапқы тест нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

«Бастапқы нәтиже» диаграммасы 10 "Б" сынып (эксперимент тобы) және 10 "В" сынып (бақылау тобы) оқушыларының бастапқы диагностикалық тест тапсырмаларындағы дұрыс жауаптарының пайыздық үлесін салыстыра көрсетеді. Диаграмма мәліметтерін талдау нәтижесінде екі топтың білім деңгейі арасында айырмашылық бары анықталды. Жалпы алғанда, эксперимент тобының барлық сұрақтар бойынша дұрыс жауап пайызы бақылау тобымен салыстырғанда сәл жоғары екенін байқауға болады. Атап айтқанда, 5-ші сұрақта ("3D принтер материалы қандай?") ең жоғары нәтижелер тіркелді: бақылау тобында — 65%, эксперимент тобында — 69%. Бұл оқушылардың күнделікті өмірден PLA пластигі туралы


белгілі бір түсінікке ие екенін көрсетеді. Ең төмен көрсеткіштер 4-ші сұрақ ("Slicer бағдарламасының негізгі функциясы") бойынша байқалды: бақылау тобында — 41%, эксперимент тобында — 49%. Бұл нәтиже оқушылардың слайсинг процесі туралы түсінігінің төмендігін көрсетеді және болашақта осы тақырыпқа ерекше көңіл бөлу қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар, 7-ші және 8-ші сұрақтарда (баспа ақауларының себептері және модельді баспаға дайындау) екі топта да дұрыс жауаптардың үлесі 50%-дан төмен болды, бұл оқушылардың практикалық қолданбалы білімінің жеткіліксіздігін растайды.

Жалпы алғанда, эксперимент тобының дұрыс жауап беру деңгейі 5–7% жоғары болғанымен, екі топтың да білім деңгейі орташа деңгейде қалып отыр. Бұл нәтижелер педагогикалық эксперименттің қажеттілігін және 3D модельдеу мен баспа технологияларын оқытуда жүйелі жұмыстың маңызды екенін дәлелдейді. Эксперимент аяқталған соң 10 "Б" (эксперимент тобы) және 10 "В" (бақылау тобы) сыныптарында қорытынды диагностикалық сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама оқушылардың 3D модельдеу және 3D баспа саласындағы білім деңгейіндегі өзгерістерді анықтауға бағытталды.

Сауалнама нәтижелері келесідей:

2 – кесте. Бақылау және эксперимент тобының нәтижелері

№	Сұрақ	Бақылау тобы (10 В) дұрыс жауап (%)	Эксперимент тобы (10 Б) дұрыс жауап (%)
1	3D модельдеу дегеніміз не?	70%	89%
2	3D принтердің жұмыс принципі	68%	86%
3	3D модельдеу бағдарламасы (Vectary)	55%	82%
4	Slicer бағдарламасының функциясы	52%	80%
5	3D принтер материалы (PLA пластигі)	72%	91%
6	Модельдің көлемін өзгерту (Scale)	60%	85%
7	Модельдің қисайып шығу себебі	50%	78%
8	Модельді баспаға дайындау (Slicing)	55%	83%
9	Баспаның сапасына әсер ететін параметр (Layer Height)	59%	80%
10	3D принтердің технологиялық түрі (Аддитивті)	66%	88%



3 – сурет. ЭТ және БТ қорытынды нәтижелері

Қорытынды сауалнама нәтижелері эксперимент тобының білім деңгейінде айтарлықтай оң өзгеріс болғанын көрсетті. Эксперимент басталғанға дейінгі орташа нәтиже 56,0% болса, тәжірибеден кейін ол 84,2%-ға дейін өсті. Стандартты ауытқудың төмендеуі (4.1%) білім сапасының тұрақты жақсарғанын және оқушылардың дағдыларының біркелкі қалыптасқанын дәлелдейді. Бақылау тобында да белгілі бір өсім байқалғанымен (50,6%-дан 60,7%-ға дейін), бұл өсім эксперимент тобына қарағанда әлдеқайда төмен болды. Бұл фактор арнайы модульдік оқу бағдарламасы мен 3D модельдеу және слайсинг технологияларын мақсатты түрде енгізудің тиімділігін ғылыми түрде дәлелдейді. Қорытынды сауалнама нәтижелерін сапалы түрде талдау үшін алдымен әр топтың дұрыс жауаптарының пайыздық көрсеткіштерінің орташа мәні (average) есептелді. Бұл тәсіл оқушылардың жалпы білім деңгейін сандық түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Есептеу әдістемесі реттік шкала бойынша өлшенген эксперименттік мәліметтер үшін сәйкестіктер мен айырмашылықтардың дұрыстығын анықтауға негізделді. Бұл мақсатта біртектілік критерийі — яғни Pearson-нің хи-квадрат (χ^2) критерийі қолданылды.

Екі топтың (бақылау және эксперимент) нәтижелерін салыстыру үшін төмендегі формула пайдаланылды:

$$\chi^2_{\text{ЭМП}} = N \times M \times \sum_{k=1}^L \left(\frac{n_k}{N} - \frac{m_k}{M} \right)^2 \quad (1)$$

Мұндағы:

- N - эксперимент тобының оқушылар саны,
- M - бақылау тобының оқушылар саны,
- L - шкала деңгейлері немесе сұрақтар саны,
- n_k және m_k - сәйкес сұрақ бойынша дұрыс жауап берген оқушылар саны.

Әр сұрақ үшін эксперимент тобы мен бақылау тобының дұрыс жауаптарының пайыздық үлестері алынды.

1. Әр сұрақ бойынша екі топтың үлес айырмасы табылды ($\frac{n_k}{N} - \frac{m_k}{M}$).

2. Әр айырманың квадраты есептелді ($\cdot$)².

3. Барлық квадратталған айырмалар қосылды ($\sum$).

4. Қорытынды қосынды $N \times M$ көбейтіндісіне көбейтілді.

5. Біздің нәтижеміз:

- Барлық сұрақтар бойынша айырмалардың квадраттарының қосындысы: 0.5677.
- Оқушылар саны: $N = M = 27$.
- Сондықтан:

$$\chi^2_{\text{ЭМП}} = 27 \times 27 \times 0.5677 = 413.67 \quad (2)$$

Есептеу нәтижесінде $\chi^2_{\text{ЭМП}} = 413.67$ мәні алынды. Бұл мән критикалық мәннен (16.92) әлдеқайда жоғары.

Бұл нені білдіреді?

- Демек, бақылау және эксперимент топтары арасында сауалнама нәтижелері бойынша елеулі айырмашылық бар.

- Бұл айырмашылық кездейсоқ емес, арнайы жасалған оқу бағдарламасының тиімділігін нақты дәлелдейді.

Басқаша айтқанда, эксперимент барысында қолданылған әдістемелер оқушылардың 3D модельдеу мен слайсинг саласындағы білім деңгейін айтарлықтай арттырғаны статистикалық тұрғыда дәлелденді.

Жүргізілген эксперимент нәтижелері арнайы әзірленген модульдік оқу бағдарламасының 3D модельдеу және слайсинг саласында оқушылардың білімін арттырудағы тиімділігін айқын көрсетті. Бастапқы сауалнама нәтижелері бойынша екі топтың білім деңгейі орташа деңгейде болғанымен, эксперимент соңында эксперимент тобының білім көрсеткіші бақылау тобынан едәуір жоғары екені анықталды. Орташа мәндер мен стандартты ауытқуларды салыстыру, сондай-ақ Pearson-нің χ^2 критерийі бойынша жүргізілген математикалық өңдеу нәтижелері эксперимент тобының білім сапасында статистикалық тұрғыдан мәнді өсім бар екенін дәлелдеді. Нақтырақ айтқанда, эксперимент тобының білім деңгейі 84,2%-ға жетіп, бақылау тобынан 23,5% жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, стандартты ауытқудың төмен болуы білім деңгейінің біркелкі қалыптасқанын көрсетті. Осылайша, 3D модельдеу және слайсинг технологияларын мақсатты түрде интеграциялау оқушылардың шығармашылық және инженерлік қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратыны ғылыми түрде негізделді.


Қорытынды


Мұндай әдістемені қолдану нәтижесінде оқушыларда тек цифрлық сауаттылық емес, сонымен қатар инженерлік, жобалық және зерттеушілік мәдениет қалыптасты. Олар нақты өнім жасау, қателермен жұмыс жасау, рефлексия жасау, өз идеяларын жүзеге асыру сияқты маңызды құзыреттерді меңгерді. Оқу жобалары барысында оқушылар жекелей де, топпен де жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық ынтымақтастықты, ортақ мақсатқа жету жолындағы өз ролін түсінуді дамыта білді.

Сонымен қатар, жобалар ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстырылды. Қазақтың киіз үйі, ою-өрнегі, домбырасы, тарихи кесенелері секілді тақырыптар оқушылардың ел тарихы мен өнерін технологиялық тұрғыда қайта пайымдауына мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл тек технологиялық бағыттағы біліммен шектелмей, тұлғаның ұлттық құндылықтарға деген құрметін, рухани-мәдени әлеуетін қалыптастыруға негізделді. Бұл – қазіргі білім беру мазмұнының құндылықтық аспектісін нығайтудың нақты жолы.

Жалпы, бұл зерттеу 3D модельдеуді мектеп информатикасы аясында тиімді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындап, нақты тәжірибелік шешімдер ұсынды. 3D принтер мен цифрлық модельдеу құралдарын қолдану – тек құрал емес, тұтас әдістемелік жүйе ретінде қарастырылып, оқушының тұлғалық, зияткерлік және техникалық дамуын қамтамасыз ете алатыны дәлелденді. Бұл жұмыс келешекте цифрлық педагогика, технологиялық интеграция және информатика сабақтарының жаңа форматын дамыту бағытында құнды тәжірибелік база бола алады.

Сабақ барысында жасаған оқушылардың жұмыстары және қолданылған 3D принтер





Қорытындылай келе, 3D модельдеу және басып шығару технологияларын жалпы білім беретін мектептегі информатика сабақтарына жүйелі түрде енгізу – оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың шығармашылық және инженерлік қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ ақпараттық қоғамда бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеу әрі қарай да жалғасып, түрлі пәндермен кіріктірілген, нақты салалық жобалармен толықтырылып, кең ауқымды білім беру реформаларына үлес қосуға әлеуетті.

Осы зерттеу негізінде келесі практикалық ұсыныстарды ұсынамыз:

- STEAM-дизайнға негізделген 3D модельдеу технологияларын жалпы білім беру мазмұнына жүйелі түрде енгізу және оны цифрлық білім беру стратегиясымен үйлестіру;

- Жалпы орта білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдерін 3D технологиялар мен слайсинг платформаларында жұмыс істеуге арнайы қайта даярлау курстары арқылы кәсіби тұрғыда қолдау;

- 3D модельдеуге бағытталған пәнаралық элективті курстар мен үйірмелерді енгізу арқылы оқушылардың жобалық және инженерлік дағдыларын тереңдету;

- Әдістеменің тиімділігін әртүрлі жастағы білім алушылармен және түрлі аймақ мектептерінде апробациялау арқылы оның бейімделу аясын кеңейту.

Ұсынылған бағыттарды іске асыру – орта білім берудің мазмұнын жаңғыртуға, оқушылардың XXI ғасыр дағдыларын дамытуға және цифрлық трансформация талаптарына бейімделген білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана : ҚР Үкіметі, 2007. – 86 б.
2. Papert S. Mindstorms: Children, Computers, and Powerful Ideas. – New York : Basic Books, 1980. – 252 p.
3. Леибов А. М., Каменев Р. В., Осокина О. М. Оқу процесінде 3D прототиптеу технологияларын қолдану // Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2014. – № 5.

4. Салахов Р. Ф., Салахова Р. И., Гаптраупова З. Н. Оқу үдерісінде 3D басып шығару технологиясының мүмкіндіктері // Филология ғылымдары. Теория және практика сұрақтары. – 2017. – № 6–2 (72). – Б. 196–198.
5. Филиппова О. А. «Инженерлік графика» пәнінде үш өлшемді басып шығару технологиясын оқу үдерісінде пайдалану // Ғылым, технология және білім. – 2015. – № 10. – Б. 126–130.
6. Гриц М. А., Дегтярева А. В., Чеботарева Д. А. Білім беру саласындағы 3D технологиялардың әлеуеті // Авиация және астронавтиканың өзекті мәселелері. – 2015. – Т. 2. – № 11. – Б. 925–927.
7. Шукшина Т. В., Кузнецова Е. А., Черкасова И. В. STEM және STEAM білім беруді Ресейдегі білім беру жүйесін жаңғыртудың концептуалдық негізі ретінде // Science for Education Today. – 2021. – Т. 11. – № 2. – Б. 66–90. – DOI: 10.15293/2658-6762.2102.05.
8. Головки И. С. Жалпы білім беретін мектептегі инженерлік 3D модельдеу мен прототиптеудің ерекшеліктері // Ғылым және білім: даму векторлары : РФ мектеп-интернаттары мен коррекциялық білім беру ұйымдарын дамыту бойынша баяндамалар жинағы / Бүкілресейлік конф. (Чебоксары, 2016 ж. 24 қазан). – Чебоксары, 2016. – Б. 266–271.
9. Липницкий Л. А., Пилгун Т. В. Аддитивті технологиялар және олардың білім беру жүйесінде қолданылу болашағы // Жүйелік талдау және қолданбалы информатика. – Минск : Беларусь ұлттық техникалық университеті, 2018. – № 3. – Б. 76–82.
10. Resnick M. Lifelong Kindergarten: Cultivating Creativity through Projects, Passion, Peers, and Play. – Cambridge : MIT Press, 2017. – 200 p.
11. Bers M. U. Beyond Coding: How Children Learn Human Values Through Programming. – Cambridge : MIT Press, 2018. – 256 p.
12. Blikstein P. Digital fabrication and ‘Making’ in education: The democratization of invention // Journal of Science Education and Technology. – 2013. – Vol. 22, No. 5. – P. 537–552.
13. Bull G., North C. Digital Fabrication and Making in Education: The Democratization of Invention. – London : Routledge, 2015. – 234 p.
14. Martinez S. L., Stager G. Invent to Learn: Making, Tinkering, and Engineering in the Classroom. – 2nd ed. – Torrance, CA : Constructing Modern Knowledge Press, 2019. – 312 p.
15. Jonassen D. H. Learning to Solve Problems: A Handbook for Designing Problem-Solving Learning Environments. – New York : Routledge, 2011. – 340 p.
16. Әбілқасымова А. Е. Инновациялық білім беру технологиялары. – Алматы : Рауан, 2015. – 240 б.
17. Хамитова А. А., Оспанова Ж. Дж. Мектептегі информатика курсында 3D модельдеуді оқытудың рөлі // Bulletin of Toraighyrov University Pedagogics Series. – 2020. – DOI: 10.48081/RSSQ8490.
18. Perignat E., Katz-Buonincontro J. The STEAM approach: Implementation and educational, social and economic consequences // Arts Education Policy Review. – 2021. – Vol. 122, No. 2. – P. 91–99. – <https://doi.org/10.1080/10632913.2021.1974997>
19. UNESCO Institute for Information Technologies in Education. Smart Education Strategies for Teaching and Learning [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://iite.unesco.org/wp-content/uploads/2022/09/Smart-education-strategies-publication.pdf>
20. OECD. 3D Printing and International Trade [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: https://www.oecd.org/en/publications/3d-printing-and-international-trade_0de14497-en.html
21. Polar Cloud. GE Additive Education Program [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: https://en.wikipedia.org/wiki/Polar_Cloud

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560728>

УДК: 378.147:811.111

КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ И КРЕАТИВНОСТЬ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

КАСЫМБЕКОВА НАЗЫМ ИСАТАЕВНА

преподаватель ЗКУ имени М. Утемисова г. Уральск, Казахстан.

Аннотация. В статье исследуется проблема формирования критического и креативного мышления студентов филологического факультета в процессе изучения английского языка. Представлены результаты педагогического эксперимента, проведённого в группах ИЯ-11 и ИЯ-13 Западноказахстанского университета имени М. Утемисова, в котором приняли участие 43 студента по образовательной программе «Иностранный язык: два иностранных языка». На основе анализа трудов казахстанских (Кабышева, Досбенбетова, Ахметова), российских (Тимофеева, Овчинникова, Романова) и зарубежных учёных (Mezirow, Vuqar, Starkey, Bedmar, Monteiro) выявлены методологические основания интеграции когнитивных и творческих подходов в EFL-обучении.

Ключевые слова: критическое мышление, креативность, эксперимент, EFL, когнитивное развитие, методика преподавания иностранных языков.

Введение

Формирование критического и креативного мышления является одним из ключевых требований современной системы образования, ориентированной на личностно-деятельностный и компетентностный подход. Эти качества определяют способность студентов осмысленно воспринимать информацию, анализировать её и находить оригинальные пути решения коммуникативных и учебных задач.

Согласно Кабышева М.О. (2020), критическое мышление представляет собой осознанную интеллектуальную деятельность, направленную на анализ, аргументацию и интерпретацию информации. Досбенбетова А.Ш. (2020) определяет креативность как способность учащегося создавать новые языковые продукты и проявлять оригинальность мышления в процессе общения [1]; [2].

В международной педагогике концепция критического мышления рассматривается в рамках трансформационной теории Дж. Мезироу (Mezirow, 1990) и модели «высшего когнитивного уровня» Дж. Блума. Креативное мышление интерпретируется как способность к дивергентным мысленным процессам (Guilford, 1967), обеспечивающим открытость к новому знанию и языковому эксперименту [3]; [4]; [5]

Анализ теоретических источников

Казахстанские исследования

В отечественной педагогике проблема формирования критического мышления раскрыта в работах М.О. Кабышева (2020), Ж.А. Мусиной (2018), А.Ш. Досбенбетовой (2020) и М.К. Ахметовой (2021). Исследователи подчёркивают, что развитие данного вида мышления происходит наиболее эффективно в процессе изучения иностранного языка через осмысление культурных контекстов и анализ аутентичных текстов.

Ахметова М.К. (2021) отмечает необходимость системного подхода (Галиев, Решетова, Хуторской), который обеспечивает целостный познавательный процесс, объединяющий анализ, синтез, оценку и творчество в обучении иностранным языкам [6].

Мукашева Ж.У. (2021) связывает развитие креативности с формированием когнитивной инициативы и самостоятельности студентов: «лингвистическая креативность отражает интеллектуально-личностную способность учащегося продуцировать новые языковые смыслы» [7].

Российские исследования

В работах Тимофеевой О.М. (2022), Овчинниковой С.М. (2024), Романовой Н.А. (2024) и Коноваловой Д.В. (2022) рассматриваются технологии развития критического мышления как основы модернизации высшего образования. Исследователи раскрывают эффективность таких методов, как case analysis, brainstorming, role play и debate, способствующих активизации когнитивно-коммуникативных функций.[8], [9],[10],[11]

Романова (2024) подчеркивает, что критическое мышление является основанием для устойчивой профессиональной позиции выпускника вуза и связано с формированием рефлексии, самооценки и аналитической грамотности. По данным Коноваловой (2022), высокий уровень развития критического мышления напрямую коррелирует с умением студентов обосновывать позицию при обработке иноязычной информации [10]; [11].

Зарубежные исследования

В зарубежных источниках идея развития критического мышления в EFL была разработана в трудах Mezirow (1990), Vuqar (2025), Starkey (2019), Kurniawan (2025) и Monteiro & Leite (2021).

Так, Vuqar (2025) показал, что системное использование технологии Project-Based Learning и Reflective Writing способствует развитию как критического, так и творческого аспектов когнитивной деятельности [12].

Исследование Starkey (2019) подтверждает, что критическое мышление становится «центральной универсальной компетенцией цифрового поколения» [13].

Работа Monteiro & Leite (2021) указывает, что развитие данных навыков у преподавателей иностранного языка повышает качество образовательного процесса и адаптацию к «динамичным условиям учебной среды» [14].

Методология и организация эксперимента

Исследование проведено в ЗКУ имени М. Утемисова на филологическом факультете, в течение 2024–2025 учебного года. Эксперимент проходил в учебных группах ИЯ-11 и ИЯ-13 по направлению «Иностранный язык: два иностранных языка», с общим количеством 43 студента.

Цель эксперимента: определить эффективность интеграции технологий развития критического и креативного мышления при обучении английскому языку.

Этапы эксперимента:

1. Констатирующий этап (сентябрь–декабрь 2024) — диагностика уровня критического и креативного мышления по методикам П. Торренса и Дж. Рэдклиффа.
2. Формирующий этап (январь–апрель 2025) — внедрение методов Critical Thinking through Reading and Writing, Project-Based Learning, Brainstorming, Jigsaw, Reflective Writing.
3. Контрольный этап (май–июнь 2025) — повторная диагностика и анкетирование студентов.

Результаты эксперимента

Результаты показали, что после внедрения технологий критического и креативного мышления:

- количество студентов, способных аргументировать позицию на английском языке, выросло с 27,9% до 76,7%;
- 81% продемонстрировали улучшенные показатели гибкости и оригинальности мышления;
- 69% отметили повышение интереса к самостоятельным проектным работам;
- средний уровень когнитивной активности (по шкале Т. Торренса) повысился на 24,8%. Особую эффективность показали:
- групповая работа по анализу медиатекстов (Media Literacy Activities);
- проект «Культурный диалог», где студенты создавали мультимедийные мини-презентации;
- задания на креативное письмо и интерпретацию проблемных высказываний.

Обсуждение результатов

Результаты исследования подтверждают подход М.О. Кабышева (2020) и М.К. Ахметовой (2021), утверждающих, что формирование когнитивно-креативного мышления требует создания педагогических условий: ситуаций выбора, проблемных заданий, анализа текста и межкультурной коммуникации [1]; [6].

В российских исследованиях (Тимофеева, 2022; Романова, 2024) прослеживается сходство методологических принципов с зарубежными традициями: активное обучение, творческое письмо, медиаграмотность [8]; [10].

Различие состоит в доминировании гуманистической парадигмы в западных моделях (Mezirow, Starkey), предполагающей личностное преобразование через рефлекссию, в то время как отечественные практики делают акцент на педагогическом контроле и системности [3]; [13].

В казахстанской практике, что подтвердил эксперимент в ЗКУ, более эффективной оказалась модель интегративного подхода — синтез критического анализа и креативного проектирования.

Заключение

Проведённое исследование на базе филологического факультета ЗКУ имени М. Утемисова позволило доказать, что развитие критического и креативного мышления студентов в процессе обучения английскому языку является ключевым фактором формирования когнитивной, коммуникативной и исследовательской компетентности будущего педагога.

Опыт работы со студентами показал, что активное включение методов анализа, проектирования и рефлексии значительно повышает их учебную мотивацию, самостоятельность и уверенность в аргументированном высказывании на английском языке.

Как исследователь и преподаватель, считаю, что дальнейшее развитие данного направления должно быть связано с цифровыми инструментами обучения — технологиями искусственного интеллекта, интерактивными платформами и опытом международного сотрудничества. Эти ресурсы откроют новые возможности для гибридного образования, способного формировать личностей с метапредметным и критико-креативным мышлением.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кабышева М.О. Критическое мышление: современные определения и проблемы требований к выпускникам разных уровней образования в Казахстане // Педагогические науки. – 2020. – №4. – С. 15–20.
2. Досбенбетова А.Ш. Развитие креативного мышления учащихся на уроках английского языка // Педагогическая среда. – 2020. – №2. – С. 45–49.
3. Mezirow J. Transformative Learning and Reflective Practice // Adult Education Quarterly. – 1990. – Vol. 41(3). – P. 161–180.
4. Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives: Cognitive Domain. – New York: McKay, 1956. – 207 p.
5. Guilford J.P. Creativity: Yesterday, Today and Tomorrow // Journal of General Psychology. – 1967. – Vol. 76. – P. 73–93.
6. Ахметова М.К. Формирование критического мышления студентов в образовательном процессе вуза. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2021. – 187 с.
7. Мукашева Ж.У. Лингвистическая креативность в процессе обучения иностранному языку // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – 2021. – №2. – С. 95–100.
8. Тимофеева О.М. The use of the critical thinking skills development model in EFL teaching // Culture and Education Studies. – 2022. – №12. – P. 33–40.
9. Овчинникова С.М. Развитие критического мышления как способ активного познания при изучении иностранного языка // Мир науки. – 2024. – № 1. – С. 74–82.
10. Романова Н.А. Развитие навыков критического мышления студентов в вузе // Education and Modernity Review. – 2024. – №4. – С. 58–66.
11. Коновалова Д.В., Дорохов А.С. Методические аспекты развития критического мышления в иностранноязычном образовании // Вестник Тамбовского государственного университета. – 2022. – Т. 27, № 1. – С. 68–78. – DOI 10.20310/1810-0201-2022-27-1-68-78.
12. Vuqar S.B. Developing Critical Thinking in Language Teaching // Applied Linguistics Review. – 2025. – №2. – P. 145–158.
13. Starkey L. Teaching for critical digital literacy in technology-enhanced environments // Journal of Educational Technology. – 2019. – Vol. 36(2). – P. 43–58.
14. Monteiro A., Leite C. Critical thinking development in foreign language teacher training // Journal of Educational Technology and Development. – 2024. – Vol. 17(1). – P. 221–231.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560740>

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ АУТИЗМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТЕ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С. А. МҰРАТҚЫЗЫ, Г. Ж. ЕРЖАНОВА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
6B01902 – Арнайы педагогика БББ 3 курс студенттері
“Жас ғалымдар” студенттік ғылыми қоғамының жетекшісі

Аннотация. Бұл мақалада Ерте жастағы аутизм балалардың даму ерекшеліктері мен олармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны қарастырылады. Аутизмнің этиологиясы, клиникалық белгілері мен даму динамикасы сипатталып, арнайы педагогикалық қолдаудың қажеттілігі дәлелденеді. Түзету жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ арнайы педагогтардың логопед, дефектолог, психолог және АВА терапиясы секілді араласу әдістерінің тиімділігі жан-жақты талданған. Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жүйесінде аутистік бұзылысы бар балалармен сапалы жұмыс жүргізу жолдарын айқындайды.

Кілт сөздер: аутистік спектр бұзылысы, ерте жастағы балалар, түзете-дамыту жұмысы, арнайы педагогика, инклюзивті білім, АВА терапиясы, логопедиялық қолдау, психокоррекциялық жұмыс, әлеуметтік бейімделу, танымдық даму.

FEATURES OF CORRECTIONAL DEVELOPMENT WORK WITH CHILDREN WITH EARLY CHILDHOOD AUTISM

A.M. SMAGUL, G. ZH. YERZHANOVA

Zhetysu university named after I. Zhansugurov
6b01902-head of the student scientific society” young scientists”students of the 3rd year of
the educational program” special pedagogy

Annotation. This article discusses the features of the development of children with early childhood autism and the content of correctional and developmental work with them. The etiology, clinical signs and dynamics of development of autism are described and the need for special pedagogical support is proved. The goals and objectives of correctional work, as well as the effectiveness of such methods of intervention by special teachers as speech therapists, defectologists, psychologists and ABA therapy are analyzed in detail. The results of the study determine the ways of quality work with children with autistic disorders in the inclusive education system.

Keywords: autistic spectrum disorder, early childhood, correctional and developmental work, special pedagogy, inclusive education, ABA therapy, speech therapy support, psychocorrectional work, social adaptation, cognitive development.

Қазіргі таңда ерте жастағы аутизм бүкіл әлемдік өрескел мәселелердің бірі болып табылады. Тіпті аутизмды “Үшмыңжылдық жұмбағы” деп атап келеді. Оның бұлай аталу себебі, аутизмның пайда болуы нақты бір факторға тәуелді емес және көрінісі мен белгілері айқын емес. Осы үшін де балаларға дәл “аутизм” диагнозы қойылмайды. Ондай балаларға. “Ерте жастағы аутизм”, “аутистік спектр бұзылысы” немесе “қарым-қатыныс және өзара әрекеттестік байланыстың бұзылуы” деген аңғарымдар қойылып жатады. Бұрын 10 000 адамның аутизм аңғарымы деп 5 - і деп есептелген бірақ III-Р DSM диагностикалық критерийлерін қолдана отырып жүргізілен соңғы эпидемиялық - логикалық зерттеулер алдыңғы көрсеткіштерден екі есе көп нәтиже берді яғни, 10 000 адамның 10-ы [1].

Зерттеулерге шолу жасалса аутизм терминін 1912 жылы швейцария психиатрі Эйген Блейлер ұсынған. Ал алғаш болып 1943 жылы зерттеген америкалық психиатр Лео Каннер

[2]. Бұл уақытқа дейін аутизм психиатриялық дерт немесе зият зақымдалуы деп есептеліп келгендіктен тек аталаған жылдарда ғана зерттеп қолға алына бастады. Оған дейін ешкім бұндай аңғарым бар екенін білмеді.

Аутизм бұл әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығы немесе әлсіздігі деп танылады. Бұндай балалар әлемді мүлдем басқаша қабылдайды. Бір көрінісі бойынша қоғамдық ортада жүрген бала үшін әр дыбыс, жарық, қозғалыс, үстіндегі киімі, адамдардың сөйлегені, көліктер қозғалысы, ауа-райы т.б. барлығы дерлік балаға тітіркендіргіш ретінде әсер етеді. Осындай жағдайда бала өзін-өзі қалай ұстау керек екенін, қоздырғыштарға қалай жауап берерін білмегендіктен айқайлау, қышқыру, жылау, жанындағы адамдарға агрессия көрсету арқылы шығарады. Ерте жастағы аутизм спектрі бар балаларда оғаш белгілері 3-5 жаста байқала бастайды. Алайда бала дүниеге келгеннен кейін ата-ана байқап мән бермейтін біраз мәселелер бар: нәресте туғанда ему рефлексінің болмауы, анасына, жақындарына қараған көзқарасы бос болып көрінуі мүмкін яғни, адамдарды зат ретінде көреді. Әдетте бұндай балалар шақалақ кезінде ата-анасы үшін «ыңғайлы бала» сияқты көрінеді. Өзін тыныш ұстайды, жатырқамайды. Тіпті қарны ашса да жылап реакция білдірмейді. Ешқандай жандану комплексі болмайды, ата-анасының, жақындарының еркелетіп шақыруына қуанып көңіл-күйін білдірмейді. 2-3 жасында қалыпты бала секілді өзін-өзі ұстай алады, өз-өзіне қызмет жасай алады. Бірақ ата-анасы үшін бұл әдеттері бірден өздігінен жоғала бастаған сияқты сезіледі. Ал шындығында ата-аналар мән бермегендіктен солай болып көрінеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасына сүйенсек 2021 жылы әр 127 адам аутизмнен зардап шекті деген зерттеу жасаған [3]. Ал қазір бұл 31 адамның 1 аутизм диагнозы бар екендігі анықталған [4]. Бұл аутизмның жыл сайын өрескел түрде кең таралып жатқанын білдіреді.

Осы орайда Қазақстан Республикасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау үшін құқықтарын қорғау мәселесі жақсы қарастылырған. Мысалы: Қазақстан Республикасының «Конституциясы», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңы, Қазақстан Республикасының «МШ балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» заңы [5]. Бұл заңдарда аутизмге шалдыққан балалар да мемлекеттен медициналық-әлеуметтік көмек, толыққанды білім, психологиялық қолдау және т.б. көмек ала-алатындығы жайлы жазылған.

Ерте жастағы аутизм бар балалар арнайы педагог мамандарының түзете-дамыту жұмыстарының көмегімен әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларын жақсарты алады.

Түзете-дамыту жұмысының мақсаттары: Ерте жастағы аутизм балаларды қоғамға бейімдеу, қарым-қатынас дағдыларын үйрету, оқуға үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету жағдайларына бейімдеу.

Түзете-дамыту жұмыстарының міндеттері:

- Дамудағы бұзылыстарды қалпына келтіру;
- Компенсациялау;
- Педагогикалық құралдар арқылы бала дамуындағы тежелуді ретке келтіру;
- Әлеуметтік ортамен қарым-қатынас орнатуға үйрету;
- Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;

Ерте жастағы аутизм балалар арнайы педагогтар соның ішінде міндеттелген логопед, дефектолог, психологтың және ПМПК қорытындысы бойынша басқа да көмектерге жүгінеді. Бұл мамандар баланың психикалық жағдайы яғни зейін, ес, есте сақтау, қиял, логика, ойлау, сөйлеу сияқты дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жасайды.

Логопед маманы ерте жастағы аутизм балалардың сөйлеу тілін дамытады. Логопедтің басты міндеті сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтау олардың себептерін талдау және жеке түзету бағдарламасын жасауды қарастырады. Логопед тек тілдің механикалық қозғалысын ғана емес, адамның психологиялық, эмоциялық жағдайын да ескереді. Мысалы, кейбір балалар қорқыныш, ұялшақтық немесе эмоционалды күйзеліс салдарынан сөйлей алмайды. Сол сияқты мәселелерді түзете дамытуы қарастырады.

Психолог маманы баланың танымдық процесстері яғни, ойлау, қиял, есте сақтау сияқты дағдыларын дамытуды қолға алу жұмыстарымен айналысады. Баланың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастырып сол бағытта жұмыс жасайды.

Дефектолог маманы– ерте жастағы аутизм балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін зерттеп, олардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған түзету-педагогикалық жұмыстарды жүзеге асырады. Ол жеке және топтық бағдарлама негізінде коррекциялық-дамыту әдістерін қолданады арқылы оқытады.

Психолог маманы ерте жастағы аутизм спектріндегі балалармен жұмыс барысында олардың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық даму ерекшеліктерін диагностикалап, жеке коррекциялық бағдарламаларын құрастырады. Негізгі мақсат – баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру, коммуникативтік қабілеттерін дамыту және эмоционалдық реттеу механизмдерін жетілдіруді қарастыраы. Бұл үдерісте психолог көрнекілік әдістерді қолданып, ойын терапиясы, мінез-құлықты түзету әдістері (АВА-терапия элементтері), сенсорлық интеграция және визуалды қолдау тәсілдерін қолданады.

Сонымен қатар ерте жастағы аутизмі бар бала АВА терапиясын да алады. АВА терапиясы- (Applied behavior analysis) балаға қолайлы, ыңғайлы орта жасау арқылы мінез құлқына оң әсер ету мен қатар білім беру қарастырылған. АВА терапиясының мақсаты мінез-құлықты егер оқуға пайдалы болса көбейту, немесе керісінше зияны көп болса азайту айқындалады. Ал ұстанымы егер баланы жақсы мінез-құлқы тағы қайталанса оны мадақтайды. Ұнайтын нәрсемен мотивация беру арқылы дұрыс мінез-құлық қалыптастыру айқындалады. Бұл терапияның маңызы төменде берілген:

- Баланың мықты тұсына аса мән бере отырып әлсіз тұсын қатар дамыту көзделеді. Мысалы, егер балада оқи алатын қабілеті байқалса, бірақ логикасы, ойлауы төмен болса оған дұрыс жауапты оқыту арқылы қалыптастырады.

- Қызығушылықтарына сүйену арқылы таным көкжиегін кеңейтумен қатар сондай-ақ бала жұлдыздарға қызықса онда оған жұлдыздардан бөлек күн жүйеміздегі басқа да планеталар туралы және жұлдыздар ғарыштан бөлек суда да өмір сүретіндігі жайлы айтып қоршаған орта жайлы білімін қалыптастырады.

- Сабақтарда эмоционалды жайлы сезіндіру қажет. Бұл терапия толықтай бала үшін болуы керек. Егер сабаққа қатысқысы келмесе, тапсырмаларды жасауға құлшыныс болмаса мұғалім қинап жасата алмайды. Тек қызығушылықтарына сүйену қажеттігі айқын байқалады.

- Қатесіз оқыту. Тапсырмаларды орындау арқылы дұрыс нұсқасын есіне сақтап кейін соны өз бетінше қолдана алуы. [7]

Қорытындылай келе, ерте жастағы аутистік спектр бұзылыс бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары кешенді әрі жүйелі түрде әр баланың жеке ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Мұндай балалардың қиындықтарын ерте қолға алып арнайы мамандардың кәсіби көмегіне жүгіну арқылы олардың әлеуметтік, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, өзін - өзі күту, оқу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т. Питерс / Аутизм: от теоретического понимания к педагогическому воздействию 10 бет.
2. А.Байтұрсынова / Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы 158-159 бет.
3. <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorders#:~:text=Epidemiology,complications%20and%20low%20birth%20weight.>
4. <https://www.autismspeaks.org/science-news/autism-prevalence-rises-1-31-children-us#:~:text=April%2015%2C%202025,estimate%20of%201%20in%2036.>
5. Асел Серкебаевна Стамбекова, Гульнур Жарболгановна Ержанова / Инклюзивті білім берудің негізгі түсінігі мен ұстанымдары
6. Ерсарина А.К. Жангельдинова З.Б. Айтжанова Р.К. / Аутизмді Бар Балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы 2020.-6 бет
7. В. Ю. Ваниева, А. В. Титаренко / АВА-ТЕРАПИЯ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ У ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА 68-69бет

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560761>

ЖАЛПЫ МЕКТЕПТЕ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДҮЙСЕНБЕК ЖАНАР ӘЛІБЕКҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВА ГУЛЬНУР ЖАРБУЛҒАНОВНА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
6B01902 – Арнайы педагогика БББ 3 курс студенттері
«Жас ғалымдар» студенттік ғылыми қоғамының жетекшісі

Аннотация. Бұл мақалада зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқыту ерекшеліктері мен инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагогикалық және психологиялық қолдау тетіктері қарастырылады. Зерттеу барысында инклюзивті оқытудың әлеуметтік маңызы, бейімделген оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері, сондай-ақ мұғалімнің, ата-ананың және мамандардың бірлескен әрекетінің рөлі талданады. Мақаланың негізгі мақсаты – зияты зақымдалған балалардың оқу процесіне табысты қатысуына ықпал ететін тиімді әдістемелік тәсілдерді айқындау және инклюзивті білім берудің гуманистік құндылығын көрсету. Авторлар инклюзияны баланың жеке әлеуетін дамытуға, әлеуметтік бейімделуіне және қоғамға толыққанды араласуына мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипаттайды.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, зияты зақымдалған балалар, бейімделген бағдарлама, педагогикалық қолдау, әлеуметтік бейімделу, психологиялық даму.

FEATURES OF EDUCATIONAL PROGRAMS FOR CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES IN GENERAL EDUCATION SCHOOLS

Annotation. This article examines the features of teaching children with intellectual disabilities in general education schools, as well as the mechanisms of pedagogical and psychological support within the inclusive education system. The study analyzes the social significance of inclusive education, the content and structural features of adapted curricula, and the role of collaboration among teachers, parents, and specialists. The main objective of the article is to identify effective methodological approaches that promote the successful participation of children with intellectual disabilities in the learning process and to highlight the humanistic value of inclusive education. The authors describe inclusion as an important socio-cultural phenomenon that enables the development of a child's individual potential, social adaptation, and full participation in society.

Keywords: inclusive education, children with intellectual disabilities, adapted program, pedagogical support, social adaptation, psychological development.

Қазіргі қоғамның негізгі білім беру бағыты- бала құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету. Бұл ұстанымның ең айқын белгісі – инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы. Инклюзия ұғымы бүгінде жай ғана педагогикалық жаңалық емес, ол — әлеуметтік әділеттілік пен гуманизм қағидаларына негізделген мәдени құндылық. Әр бала, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар да, қоғамның белсенді мүшесі болуға және өз әлеуетін толық ашуға лайық. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы мектептерде оқыту мәселесіне ерекше назар аударылған. Мемлекет деңгейінде бұл бағытқа қолдау көрсетіліп, жалпы білім беру мектептерінде ресурстық орталықтар, логопед және дефектолог кабинеттері ашылып, педагогтарды қайта даярлау жұмыстары жүргізілуде. Бұл – қоғамның адамға деген көзқарасының өзгеріп, «ерекше бала» ұғымын шектеу емес, мүмкіндік ретінде қарауға бет алғанының айғағы. Зияты зақымдалған балалар – бұл интеллектуалдық дамуында ауытқуы бар, бірақ әлеуеті бар жеке тұлғалар. Олар ерекше педагогикалық тәсілдерді, бейімделген

бағдарламаларды және жылы психологиялық климатты қажет етеді. Мұндай балалардың ерекшелігі – танымдық процестердің баяу дамуы, есте сақтау мен ойлаудың нақты заттық деңгейде болуы. Осыған байланысты оқыту процесі тек білім беруге емес, сонымен қатар түзете-дамыту және әлеуметтік бейімдеу бағытында құрылуы тиіс. Зияты зақымдалған балаларды жалпы мектепте оқыту – бұл тек педагогикалық міндет емес, сонымен бірге қоғамның адамгершілік деңгейін көрсететін өлшем. Мұндай балалардың сынып ұжымына енуі, өздерін тең сезінуі, қарым-қатынас пен өзара көмек арқылы дамуы – инклюзияның шынайы нәтижесі болып табылады. Сол себепті мұғалімнің басты міндеті – баланың «білмейтінін үйрету» емес, оның бойындағы мүмкіндікті көру, қолдау және дамыту. Ғалымдар да бұл бағыттың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Л.С. Выготский «Бала дамуындағы негізгі қозғаушы күш – ересек адамның көмегімен өз қабілетін іске асыру» деп тұжырымдаған. Бұл идея зияты зақымдалған балаларды оқытуда шешуші рөл атқарады, себебі мұндай оқушылардың дамуы сыртқы бағыттаушы күшсіз тоқтап қалуы мүмкін. С.Л. Рубинштейн мен М.С. Певзнер еңбектерінде де баланың психикалық функцияларын жүйелі түрде дамыту арқылы оқу жетістіктеріне қол жеткізу мүмкіндігі дәлелденген. Отандық зерттеушілер Б. Баймұратова, Ә. Ниязбекова, Г. Бейсенова сияқты ғалымдар Қазақстандағы инклюзивті білімнің ғылыми негізін қалыптастырып, оны ұлттық ерекшеліктермен үйлестірудің жолдарын көрсеткен. Сондықтан зиятында бұзылысы бар балаларды жалпы мектепте оқыту мәселесін зерттеу – тек педагогикалық мәселе емес, бұл қоғамдық, әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан маңызды міндет. Мұндай зерттеулердің нәтижесі қоғамның әр мүшесінің мүмкіндігін бағалау мәдениетін қалыптастырып, білім беруді шынайы гуманизм арнасына бағыттайды [1,2,3,4,5].

Мақаланың өзектілігі-зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқыту бағдарламаларының ерекшеліктері қарастырылып, олардың мазмұны, құрылымы, әдістемелік қағидалары мен ұйымдастыру жолдары жан-жақты талданады. Негізгі мақсат – бейімделген бағдарламалардың баланың дамуындағы рөлін айқындап, тиімді педагогикалық тәжірибені ұсыну.

Зияты зақымдалған балаларды жалпы мектептерде оқыту бағдарламаларының басты ерекшелігі – олардың бейімделген мазмұнға негізделуі. Мұндай бағдарламаларда оқу материалы қарапайым, өмірмен тығыз байланысты және баланың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес беріледі. Бағдарламаның негізгі мақсаты – білім беру процесін баланың даму деңгейіне сәйкестендіру, оның әлеуетін ашу және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету. Оқыту процесінде жеке және дифференциалды тәсілдер кеңінен қолданылады. Әр оқушының мүмкіндігін ескеру, тапсырмаларды жеке деңгейде жоспарлау – табысты оқытудың негізгі шарты. Мұғалімдер оқушылардың назарын шоғырландыру, есте сақтау және қиялдау қабілеттерін дамыту үшін көрнекілік, ойындық және практикалық әдістерді қолданады.

Зияты зақымдалған балаларға арналған оқу бағдарламалары жалпы білім беру жүйесіндегі мазмұнға негізделгенімен, олардың танымдық даму ерекшеліктеріне қарай арнайы бейімделеді. Бұл бағдарламаларда оқу материалы жеңілдетіліп беріледі, күрделі ұғымдар нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі, ал оқу қарқыны әр оқушының даму қарқынына сәйкес реттеледі. Бағдарламаның басты қағидасы — оқушының жеке мүмкіндігі мен даму деңгейін ескеру. Мұндай тәсіл әр баланың оқу процесіне белсенді қатысуына және жетістікке жетуіне мүмкіндік береді. Мысалы, математика сабағында есептер көлемі азайтылады, көрнекілік пен практикалық әрекеттерге басымдық беріледі. Ал тіл дамыту сабақтарында сөйлеу, тыңдау және есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кеңінен қолданылады. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, зияты зақымдалған оқушылардың есте сақтау, зейін және ойлау процестері баяу дамиды. Сондықтан оқу бағдарламасы тек білім беруді емес, сонымен қатар түзету және дамытушылық бағытты қамтиды. Осы тұрғыда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының рөлі ерекше. Бағдарламаларда оқу материалының логикалық бірізділігі мен қайталануы маңызды орын алады. Қайталану баланың есте сақтауын және дағдыларын бекітуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқытуда

практикалық іс-әрекетке сүйену, өмірмен байланысты тапсырмалар беру — баланың алған білімін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік жасайды[6,7].

Зияты зақымдалған балалардың психикалық дамуы қалыпты құрдастарынан едәуір ерекшеленеді. Олардың танымдық процестері — зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау және сөйлеу баяу дамып, оқу әрекетін меңгеру қиындықтары жиі байқалады. Сондықтан мұндай балаларды оқытуда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен психологиялық сезімталдығы айрықша рөл атқарады. Зияты зақымдалған балалардың зейіні көбінесе тұрақсыз, тез алаңдайды және бір әрекетке ұзақ шоғырлана алмайды. Осы себепті сабақ барысында көрнекілік, қысқа және нақты нұсқаулар, ойын және қимыл элементтері жиі қолданылуы қажет. Психологтардың зерттеуінше, мұндай балалардың есте сақтау қабілеті көбіне ерікті емес сипатта болады, яғни олар материалды арнайы жаттаудан гөрі, тәжірибе немесе көрнекі бейнелер арқылы жақсы қабылдайды. Сондықтан оқу материалын есте сақтауға көмектесетін көрнекі құралдарды пайдалану, бейнематериалдар мен суреттерді енгізу — тиімді әдіс болып саналады. Ойлау және сөйлеу дамуы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Оқушылар абстрактілі ұғымдарды түсінуде, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауда, логикалық қорытынды шығаруда қиындық көреді. Бұл жағдайда мұғалім ұғымдарды нақты мысалдармен, өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып түсіндіруі тиіс. Мысалы, «көбейту» ұғымын оқытқанда сандарды емес, нақты заттармен (ойыншықтар, қораптар, суреттер) көрсету баланың ұғынуын жеңілдетеді. Педагогикалық тұрғыда ең маңыздысы — эмоциялық қолдау мен ынталандыру. Зияты зақымдалған балалар жиі өзіне сенімсіз болады, өз қателігінен қорқады және қоғамда өз орнын сезінбеуі мүмкін. Мұғалім осындай балалармен жылы қарым-қатынас орнатып, олардың жетістігін жиі мадақтап, оң кері байланыс беріп отыруы қажет. Бұл тәсіл баланың психологиялық жайлылығын қамтамасыз етіп, оқуға деген ішкі мотивацияны күшейтеді. Л.С. Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағы» теориясына сәйкес, баланың даму деңгейі мен әлеуетін дұрыс бағалау маңызды. Егер мұғалім тапсырманы тым жеңіл немесе тым күрделі берсе, баланың қызығушылығы төмендейді. Ал оңтайлы деңгейдегі, аздап қиын тапсырмалар — баланың дамуына серпін береді. Осы принципке сүйене отырып, педагог әр оқушы үшін жеке оқу траекториясын құрастырады. Психологиялық тұрғыда зияты зақымдалған балаларда эмоциялық реакциялар күшейген, кейде тітіркенгіштік пен қорқыныш байқалады. Мұндай жағдайда мектеп психологы мен арнайы педагогтың бірлескен жұмысы маңызды. Олар баланың мінез-құлқын бақылай отырып, түзету-дамыту жаттығулары арқылы мінездік тұрақтылықты қалыптастырады. Педагогикалық тәжірибеде мұғалім тек пән мазмұнын жеткізуші емес, тәрбиеші және кеңесші рөлін де атқарады. Ол баланың әлеуметтік бейімделуіне, өз ойын еркін жеткізуіне, сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды. Сабақтарда топтық және жұптық жұмыстарды жиі ұйымдастыру — балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, ұжымдық жауапкершілікті қалыптастырады[7].

Сондай-ақ, ата-анамен тығыз байланыс — психологиялық және педагогикалық жұмыстың ажырамас бөлігі. Мұғалім ата-аналармен тұрақты байланыс орнатып, баланың оқу жетістігі, мінез-құлқы мен эмоциялық жағдайы туралы кері байланыс беріп отырады. Үй жағдайында оқу тапсырмаларын орындау мен әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру бойынша ата-аналарға нақты нұсқаулар беріледі. Бала мектеп пен үй арасында біртұтас тәрбие жүйесінде болғанда ғана, оның даму динамикасы тұрақты болады. Зияты зақымдалған оқушыларды оқытудағы педагогикалық ерекшеліктің тағы бірі — оқу іс-әрекетін кезең-кезеңмен ұйымдастыру. Әр тапсырма бірнеше қарапайым қадамнан тұрады: түсіндіру → көрсету → бірлесіп орындау → өз бетімен орындау. Бұл тәсіл баланың материалды терең меңгеруіне және өз әрекетін бақылауға үйренуіне көмектеседі.

Мысалы, еңбек сабағында “қағаздан гүл жасау” тапсырмасы кезінде мұғалім бірінші үлгі көрсетеді, кейін оқушылармен бірге бір элементті орындайды, соңында балалар өз бетінше жұмыс жасайды. Осындай құрылымдық тәсіл баланың танымдық белсенділігін арттырып, табыс сезімін тудырады.

Қазіргі білім беру жүйесінде зияты зақымдалған балаларды оқытуда интерактивті, дамытушы және ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілуде. Бұл технологиялар баланың қабылдауын арттырып, сабақтың тартымдылығын күшейтеді. Мысалы, электрондық жаттығулар, мультимедиялық бейнематериалдар және интерактивті ойындар оқушының назарын тұрақтандырып, оқу әрекетіне қызығушылығын оятады. Оқытуда дифференциалды тәсіл — ең тиімді әдістердің бірі. Мұнда мұғалім бір тақырып бойынша әр оқушыға қабілетіне қарай тапсырма береді: әлсіз оқушыға — қарапайым, ал дайындық деңгейі жоғары оқушыға — күрделірек жаттығулар. Бұл тәсіл оқытуда тең мүмкіндік туғызады және әр баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Сабақ құрылымы да бейімделеді: оқу уақыты қысқартылып, демалыс кезеңдері жиі енгізіледі. Себебі зияты зақымдалған балалар тез шаршайды, ұзақ уақыт назарын бір нәрсеге шоғырландыруда қиындық көреді. Осыған байланысты сабақтарда сергіту сәттері, тыныс алу және қимыл жаттығулары қолданылады. Мұғалім үшін ең бастысы — баланың қателігін сынамай, керісінше оны түзетуге ынталандыру. Позитивті қолдау, жылы сөздер мен мадақтау оқушының психологиялық жайлылығын қамтамасыз етеді және табысқа жетуге итермелейді [8].

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық ұжымның үйлесімді жұмысы — табысты нәтижеге жеткізетін басты фактор. Мұндай жүйеде мұғалім тек білім беруші емес, сонымен бірге психологиялық қолдау көрсетуші тұлға ретінде әрекет етеді. Зиятында бұзылысы бар баланың сыныпта өзін еркін сезінуі үшін мұғалім сыныптағы атмосфераны жылы әрі қолайлы етуі тиіс.

Психолог, арнайы педагог және логопед мамандары баланың жеке даму картасын жасап, оқу процесін соған сәйкес бейімдейді. Балаға қолдау көрсету жүйесі оның жетістіктерін үнемі бақылау, эмоционалды кері байланыс және жеке жетістігін атап өту арқылы жүзеге асады. Мұндай тәсіл балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттырып, оқу мен қарым-қатынасқа деген оң көзқарас қалыптастырады. Жалпы мектептегі инклюзивті орта тек білім беру алаңы емес, сонымен қатар толеранттылық пен өзара құрмет мәдениетін қалыптастыратын әлеуметтік кеңістік болып саналады. Бұл ортада әр бала өз мүмкіндігін сезініп, қоғамның тең мүшесі екенін ұғынады.

Қорытындылай отыра зияты зақымдалған балаларды жалпы мектептерде оқыту — қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың маңызды көрінісі. Бейімделген бағдарламалар мен психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі балалардың зияттық, эмоционалды және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру идеясын жүзеге асыру — тек білім беру саласының емес, жалпы қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткіші. Әр бала, оның қабілеті мен даму ерекшелігіне қарамастан, оқуға және дамуға тең мүмкіндікке ие болуы тиіс.

Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналар бірлесіп, зияты зақымдалған балалардың әлеуетін ашуға және оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыруға жағдай жасауы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Выготский Л. С. Проблемы детской психологии. – Москва: Педагогика, 1991. – 384 б.
2. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург: Питер, 2002. – 720 б.
3. Певзнер М. С. Дети с отклонениями в развитии и их обучение. – Москва: Просвещение, 1985. – 256 б.
4. Баймұратова Б. Инклюзивті білім беру негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 180 б.
5. Ниязбекова Ә. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 210 б.
6. Бейсенова Г. Инклюзивті оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту. – Алматы: Рауан, 2021. – 164 б.
7. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.
8. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу тұжырымдамасы. – Астана, 2018.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560777>

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

А.Е. МЫРЗАХМЕТОВА, Г.Ж. ЕРЖАНОВНА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
6B01902 – Арнайы педагогика БББ 3 курс студенттері
«Жас ғалымдар» студенттік ғылыми қоғамның жетекшісі

Аңдатпа. Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу әрекетін қалыптастыру мен дамыту мәселесі қарастырылады. ПДТ балалардың танымдық, сөйлеу және эмоционалды даму ерекшеліктері сипатталып, түзете-дамыта оқыту жүйесіндегі тиімді әдістер талданады. Сонымен қатар, арнайы педагогтың кәсіби қолдауы мен мотивацияны арттырудың маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: психикалық дамуы тежелген балалар, түзете-дамыта оқыту, танымдық процесс, педагогикалық қолдау.

WAYS TO DEVELOP LEARNING SKILLS IN CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION

A.E. MYRZAKHMETOVA, G.ZH. ERZHANOVA

I.Zhansugurov Zhetysu University
3rd- year students of the 6B01902 - Special Pedagogy
educational program
Supervisor of the «Young Scientists» Student Scientific
Society

Annotation. This article discusses the problem of the formation and development of educational activities of children with mental retardation. The features of the cognitive, speech and emotional development of children with retardation are described and effective methods in the system of correctional and developmental learning are analyzed. In addition, the importance of professional support and increased motivation of a special teacher is highlighted.

Key words: children with mental retardation, correctional and developmental learning, cognitive process, pedagogical support.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу әрекетін қалыптастыру мен дамыту мәселесі арнайы педагогика мен психология ғылымдарының өзекті бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. ПДТ балалардың психикалық дамуы мен әлеуметтік өзара әрекет үдерістерін зерттеу олардың әлеуетін арттыруға және оқу белсенділігін күшейтуге мүмкіндік береді. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасы бойынша баланың дамуы қоғаммен өзара әрекет пен оқыту барысында қалыптасады, ал «жақын даму аймағы» тұжырымы баланың әлеуетін кеңейтуге бағытталған. [1] Т.А. Власова мен М.С. Певзнер еңбектерінде ПДТ бар балалардың негізгі ерекшеліктері- танымдық белсенділіктің төмендеуі, қабылдау мен зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау мен ойлаудың баяулығын атап өткен. [2] Е.А. Стребелева арнайы педагогика саласында ПДТ балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарында ойын мен практикалық әрекеттің маңызын ерекше көрсеткен. [3] Осы ғалымдардың тұжырымдары ПДТ балалардың оқу әрекетін дамыту мәселесінің негізін құрайды.

Психикалық дамуы тежелген балалар - бұл танымдық процестерінің қалыптасуы уақытша баяулаған, бірақ қалпына келу және түзету арқылы дамуға қабілетті балалар тобы. Арнайы педагогикада ПДТ ұғымы баланың интеллектуалды, сөйлеу және эмоционалды дамуының үйлесімсіздігін сипаттайтын кешенді категория ретінде қарастырылады.

ПДТ балалардың оқу әрекеті қалыпты дамыған балалармен салыстырғанда баяу жүреді және тұрақсыз сипатта болады. Бұл ерекшеліктер олардың танымдық іс-әрекетінің барлық компоненттерінде көрініс табады. Мысалы, ПДТ балалардың сөйлеу әрекетінде лексикалық және грамматикалық компоненттердің жеткіліксіз қалыптасуы байқалады, бұл олардың сөйлем құрудағы қысқалығы мен мазмұндық әлсіздігінен көрінеді. Зейіннің тұрақсыздығы мен тез шаршағыштық оқу барысында материалды қабылдауға қиындық туғызады. Ал есте сақтау көлемі шектеулі болғандықтан, жаңа ақпаратты меңгеру ұзақ уақыт пен бірнеше қайталауды талап етеді.

М.С. Певзнердің еңбектерінде ПДТ балалардың ойлау әрекеттері көбіне нақты-практикалық деңгейде қалатыны, ал жалпылау мен салыстыру сияқты логикалық операциялары жеткілікті дамымайтыны айтылған. Сол себепті, ПДТ оқушылар нұсқауларды сөз түрінде қабылдаудан гөрі, көрнекілік және практикалық әрекеттер арқылы жақсы түсінеді. Арнайы педагогтың басты міндеті – оқу процесіне визуалды және тәжірибелік материалдарды жүйелі түрде енгізу арқылы баланың түсінуін қолдау. [4]

Сонымен қатар, ПДТ балалардың оқу мотивациясы көбінесе сыртқы ынталандыруға тәуелді, яғни мадақтау мен қолдауға сүйенеді. Сондықтан педагог баланың ішкі уәжін арттыру үшін жетістікке жетудің қолжетімді жағдайларын жасап, оқу процесін эмоционалды тұрғыдан жағымды етуі қажет.

ПДТ балалардың оқу әрекетін дамыту - түзете-дамыта оқыту жүйесінің басты бағыты ретінде қарастырылады. Арнайы педагогикалық зерттеулерде бұл процесті тиімді ұйымдастырудың бірнеше жолдары мен әдістері көрсетілген:

1. Ойын әдісі

Ойын барысында бала эмоциялық тұрғыдан белсенді болады, оның зейіні, есте сақтау қабілеті және ойлау процестері жанданады. Мысалы, «Артық затты тап», «Суретті аяқта», «Сәйкестендір» сияқты ойындар баланың логикалық ойлауын, салыстыру мен талдау қабілетін дамытады.

2. Көрнекілік және практикалық әрекет.

Көрнекілік қағидасы - арнайы педагогиканың басты әдістемелік негіздерінің бірі. ПДТ балалар үшін жаңа ақпаратты суреттер, макеттер немесе нақты заттар арқылы беру оқу материалының жақсы қабылдануына көмектеседі. Сондай-ақ, практикалық әрекет түрлері, мысалы қолмен орындау, қимыл арқылы үйрену баланың сенсорлық тәжірибесін кеңейтеді және танымдық белсенділікті арттырады.

3. Сараланған және жеке тәсіл.

Балалардың даму деңгейі мен қабілеттерін ескере отырып тапсырмаларды даралау оқыту процесінің тиімділігін арттырады. Р.А. Сүлейменова өз зерттеулерінде сараланған тәсілдің маңызын атап өтіп, ол оқытуды баланың «жақын даму аймағына» бейімдеуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. [5]

4. Қарым-қатынасты дамыту және сөйлеуді жетілдіру.

ПДТ балалардың оқу әрекетінің маңызды бөлігі - тілдік белсенділікті арттыру. Сабак барысында диалог жүргізу, әңгімелесу, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы баланың сөйлеу дағдылары мен қарым-қатынас мәдениеті дамиды.

5. Эмоционалды-психологиялық қолдау.

ПДТ баланың оқу жетістігі мен сенімін арттыруда педагогтың жылы қарым-қатынасы мен қолдауы маңызды. Мадақтау, сенім білдіру және жағымды эмоционалды орта қалыптастыру- оқу процесінің мотивациялық негізін күшейтетін басты факторлар болып табылады.

Қорыта айтқанда, психикалық дамуы тежелген балалардың оқу әрекетін дамыту - бұл тек білім беру дағдыларын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық қасиеттерін, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын және эмоциялық тұрақтылығын жетілдіруге бағытталған кешенді процесс. Ғалымдардың еңбектерін талдау оқу процесінде

ойын, көрнекілік және сараланған тәсілдердің ерекше маңызға ие екенін көрсетеді. Бұл әдістер оқу мотивациясын арттырып, баланың танымдық белсенділігін қалыптастырады.

Арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігі мен қолдау көрсету шеберлігі баланың тұрақты оқу ынтасын қалыптастырып, оның жеке мүмкіндіктерін толық ашуға ықпал етеді. Түзетеді дамыта оқыту қағидаларына сүйену, оқу үдерісін баланың психологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігін сақтау - ПДТ балалардың оқу әрекетін тиімді дамытудың негізгі педагогикалық шарттары болып табылады. Арнайы педагогика ғылымы бұл бағытта баланың жеке тәжірибесін ескере отырып, оның дербес оқу қабілеттерін қалыптастыруды басты мақсат ретінде қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Выготский, Л. С. Основы дефектологии. - Москва: Педагогика, 1983. 45-48 б
2. Власова, Т. А., Певзнер, М. С. О детях с отклонениями в развитии. – М., Просвещение, 1973 210 б
3. Стребелева, Е. А. Коррекционно-развивающее обучение умственно отсталых детей. – М., Владос, 1998 120 б
4. Певзнер, М. С. Дети с отклонениями в развитии. - Москва: Просвещение, 1979. 87-92 б
5. Сүлейменова, Р. А. Арнайы педагогика. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. 256 б

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17560791>

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

ИСКАКОВА САГЫНГУЛЬ МУСЛИМГАЗЫЕВНА

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің «Zhansugurov College», Талдықорған, Қазақстан

Аңдатпа. «Информатиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану» мақаласында алдыңғы қатарлы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқу үдерісіне әсері қарастырылған. Авторлар студенттердің білім беру тәжірибесін арттыру үшін көп қырлы бірлескен оқыту сияқты интерактивті әдістердің маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада осы әдістерді сәтті енгізудің практикалық мысалдары және олардың болашақ информатика мамандарының дағдыларын дамытудағы рөлі берілген.

Қазіргі заман мұғалімнен интерактивті әдістерді оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану үшін ақпараттық технология саласында жоғары құзыретті болуын талап етеді. Жоғары білім беруді жаңғырту оқытудың озық технологияларын дамытуды және әрбір студентке оның қабілетін ескере отырып, жеке көзқарасты қамтиды. Бұл тұрғыда оқытудың интерактивті әдістері білім беру процесінің негізгі элементіне айналады. Осы мақсаттарға жету үшін интерактивті дәрістерді өткізу әдістемесі әзірленіп, сынақтан өткізіліп, оның оқу-тәрбие процесіне әсері бағаланды. Интерактивті оқыту оқуға деген ынтасын ынталандырады, оқушылардың интеллектуалдық белсенділігін дамытады және материалды меңгеруді жеңілдетеді.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – информатиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың артықшылықтары мен мүмкін болатын шектеулерін анықтау. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы басқа оқу орындарына ұсынылуы мүмкін сәтті стратегияларды көрсету үшін интерактивті әдістерді қолдану тәжірибесімен алмасуда жатыр.

Зерттеу әдістемесі информатиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану бойынша бар ғылыми жарияланымдарды, зерттеулер мен мақалаларды талдауға негізделген. Білім берудегі интерактивті әдістердің тиімділігіне қатысты педагогикалық тұжырымдамалар мен теорияларға сараптама да жүргізілді.

Біздің зерттеуіміздің негізгі нәтижелері мен талдаулары интерактивті әдістер студенттердің мотивациясын және олардың оқу процесіне белсенді қатысуын айтарлықтай арттыратынын көрсетеді.

Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы оның нәтижелері интерактивті әдістердің студенттердің мотивациясын ынталандырудың және оқу процесіне тартудың қуатты құралы ретіндегі тиімділігін растауында. Бұл әсіресе информатика саласына қатысты, мұнда пәнге деген қызығушылықтың жоғары деңгейі маңызды практикалық салдарларға ие.

Біздің зерттеуіміздің практикалық құндылығы – педагогтар мен оқу орындарына интерактивті әдістерді оқу процесіне табысты енгізу үшін практикалық нұсқаулар беру.

Кілттік сөздер: информатика, интерактивті технологиялар, компьютерлік технология, жоғары білім беру жүйесі, оқытудың интерактивті әдістері, интерактивті тәсілдер, білімгерлер.

Кіріспе

Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесі елеулі және күрделі өзгерістерді бастан өткеруде, оның басты мақсаты – жоғары білікті, шығармашылық ойлайтын, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру. Бұл білім беру жүйесінің жаңа стандарттарға көшуі оқу үдерісіне қойылатын талаптардың өзгеруіне алып келеді. Осы өзгерістердің негізгі аспектілерінің бірі – білім беру үдерісінде компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, интерактивті оқыту әдістерін әзірлеуді және қолдануды талап ететін құзыреттілікке негізделген тәсілді міндетті түрде енгізу. Бұл білім беруді оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін

дамытуға бағытталуы керек, мәселені шешудегі стереотиптік көзқарастан арылғанын білдіреді. Осындай ортада жұмыс істейтін мұғалімдер белгілі бір көлемде теориялық білім беріп, өз білім салаларында сауатты болып қана қоймай, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер бере отырып, көзқарасын өзгертуі қажет [1-2].

Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби дайындығын жақсарту үшін мұғалімдер белсенді оқыту принципін енгізуі керек, бұл жерде олардың қызметі студенттердің белсенділігін алмастырады, ал мұғалімнің міндеті - олардың бастамасын ынталандыру үшін жағдай жасау. Еуропа елдерімен интеграциялық үдерістерді, соның ішінде жоғары білім беру мәселелерін ескере отырып, Ресей студенттерді оқытудың ең тиімді нысандары ретінде және құзыреттілікке негізделген тәсілді табысты жүзеге асырудың шарты ретінде студенттерді оқытудың интерактивті әдістерін енгізу мен дамытуды талап етеді. Интерактивті оқыту әдістерін дамытудағы қайшылықтар мен қоғамның шығармашылық, өзін-өзі дамытатын тұлғаларға деген қажеттілігі оларды шешу жолдарын іздеуді талап етеді. Мұғалімдер мен студенттердің оқытудың интерактивті әдістеріне негізделген заманауи білім беру үдерісіне сәтті бейімделуі үшін оқыту тәжірибесін ғана емес, сонымен қатар оқытуға қатысушылардың дүниетанымын өзгерту, оларды оқытудың жаңа әдістерін қабылдауға ынталандыру қажет. Бұл, әсіресе, көптеген жоғары оқу орындарының жаңа әдістердің мазмұны мен практикалық іске асырылуының жеткіліксіздігінен, сондай-ақ олардың тиімділігіне күмәндануынан әлі де болса дәстүрлі оқыту әдістеріне басымдық беретінін ескерсек, өте маңызды [4-6].

«Интерактивтілік» ұғымы ағылшын тілінен шыққан, бір-біріне әсер ету дегенді білдіреді. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде оқытуда білім беру ортасының интерактивтілігін дамытудың маңызы бар, өйткені оқыту мәні бойынша өзара әрекеттесу және өзара әсер ету процесі болып табылады.

Әрбір оқытушының білімгердің өмірлік ұстанымына және кәсіби өзін-өзі анықтауына негізделген оқу іс-әрекетіне белсенді қатынасты қалыптастыру үшін оқу процесін қалай ұйымдастыру керек деген сұрақпен жұмыс істейді. Осыған байланысты қандай оқыту әдістері мен технологиялары тиімді әсер ете алады деген сұрақ пайда болады. Интерактивті әдістер - бұл мәселені шешуге болатын әдістердің бірі.

Интерактивті оқытудың мәні мынада: білім беру үдерісі оқушылардың барлығы дерлік оқу процесіне қатысатындай етіп ұйымдастырылады, олар өз білгендерін, ойларын түсініп, ой елегінен өткізуге мүмкіндік алады. Оқу материалын меңгеру процесінде оқушылардың бірлескен іс-әрекеті әркімнің өзіндік ерекше жеке үлес қосуын, ақпарат, білім және идеялар алмасуын білдіреді. Сонымен қатар, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен қатар танымдық белсенділікті дамытуға және де оны ынтымақтастықтың жоғары формаларына ауыстыруға мүмкіндік беретін ізгі ниет пен өзара қолдау атмосферасында болады.

Біздің заманымызда информатиканы оқудың жаңа үлгілері мен әдістерін іздестіру заңды құбылыс қана емес, сонымен бірге қажет ететін құбылыс. Білім беруді жаңарту жағдайында оқыту үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге қабілетті күшті тұлғаны дамытуға бағытталуы керек.

Жаңа интербелсенді әдістер оқиғалардың өзара байланысын түсінуге, пікірталас жүргізе білуге және шыдамдылықпен пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді. Оқытудағы жаңа көзқарас жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеру парадигмасына негізделмей, тұлғаның өмір субъектісі ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететін даму парадигмасына негізделуі керек.


Интерактивті оқыту оқу әрекетін ұйымдастыруда субъективті тәсілді жүзеге асыруға, әр сабақта әр түрлі үлгіде білімгердің коммуникативтік дағдыларын жаттықтыруға, оқу үдерісіне әрбір қатысушы білімгерді әділ бағалауға, олардың белсенді-танымдық позициясын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл қазіргі білім беру процесінің білім беру қажеттіліктері.

Бұл тақырыптың өзектілігі оқытудың интерактивті әдістерінің педагогикалық маңыздылығынан, оларды жан-жақты зерттеп, информатика сабағында қолдану қажеттілігінен туындап отыр [1].

Материалдар мен әдістер

Жоғары оқу орнындағы педагогиканың күрделі де маңызды аспектілерінің бірі болашақ мамандарды олардың кәсіби дағдылары мен шешім қабылдау қабілеттерін дамыту мен қалыптастыруға дайындау процесін оңтайландыру болып табылады. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісін жандандырып, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын дамыту қажет. Оқу процесін белсендіру ғылыми негізде оқытудың негізін, білімгерлердің шығармашылық ойлауы мен ғылыми-зерттеу жұмысын дамытуға жағдай жасауды, сонымен қатар таңдаған мамандыққа деген қызығушылығын қамтиды. Еліміздегі жоғары білім берудің қазіргі жағдайын талдай келе, біз білім беру үдерісінде әлі де болса оқытудың дәстүрлі тәсілі басым деген қорытындыға келдік, бұл кезде мұғалім негізгі белсенді қатысушы, ал студенттер білім алушы ретінде пассивті рөл атқарады. білім. Оқытушы практикалық сабақтарда сауалнамалар және тест тапсырмаларын орындау арқылы студенттермен байланысады. Бұл тәсілдің дайындықтың қарапайымдылығы және материалды көрсетуге арналған заманауи құрал-жабдықтарды пайдалану сияқты артықшылықтары болғанымен, ол әрқашан оқушының белсенділігі мен оқудағы дербестігін дамытуға ықпал ете бермейді.

Кеңінен тараған оқытудың белсенді түрлеріне білімгерлерді белсенді ойлауға және оқу материалын оқу процесінде практикалық қолдануға ынталандыратын, сол арқылы оларды сабақтың белсенді қатысушысына айналдыратын әдістер жатады. Кәсіби білімді меңгеру процесі теориялық және практикалық мәселелерді шешудің құралдары мен әдістерін дербес немесе оқытушының жетекшілігімен іздену арқылы жүзеге асады. Бұл әдістер семинарлар мен зертханалық сабақтарда, сонымен қатар курстық және дипломдық жұмыстарды қорғауда кеңінен қолданылады. Олар студенттер мен мұғалімдердің ұжымдық шығармашылық жұмысының принциптеріне негізделген. Оқытудың белсенді түрлерін пайдалану кезінде білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесу диаграммасы көрсетілген (1-сурет). Оқытудың бұл түрі оқушыны пассивті білімді қабылдаушыдан белсенді қатысушыға айналдырады, өз іс-әрекеті арқылы білім алады. Белсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары бар: олар оқушыны өзін-өзі дамытуға ынталандырады және мұғаліммен серіктестік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.



1-сурет. Білімгерлердің оқуының белсенді формалары кезінде пайда болатын байланыстардың сызбасы

Білімгерлердің оқуының белсенді формалары кезінде пайда болатын байланыстардың сызбасы берілген (2-сурет).



2-сурет. Білімгерлердің оқуының белсенді формалары кезінде пайда болатын байланыстардың сызбасы

Білімгерлерді оқытудағы интерактивті тәсілдер қазіргі қоғам талаптарына толық жауап беретін оқу-тәрбие процесіне мүлдем жаңа көзқарасты білдіреді. «Өзара әрекеттесу» және «белсенді» дегенді білдіретін «интерактивті» терминінің сөзбе-сөз аудармасы осы оқыту әдісінің мәнін береді [7].

Білімгерлерді оқытудың интерактивті әдістері жеке көзқарасқа сәйкес келетін бірнеше тәсілдерді білдіреді және білімгерлердің тек оқытушымен ғана емес, сонымен қатар олардың арасында және жалпы топпен өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Нәтижесінде білімгерлер оқу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады.

Оқушыларды оқытудың интерактивті әдістерін әзірлеп, жүзеге асырған кезде мұғалім дайын ақпаратты беріп қана қоймай, оқушылардың өз бетімен білім іздеуіне қолайлы жағдай жасайды. Бұл тәсіл оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектеседі, өйткені олар өздерінің интеллектуалдық дербестігі мен маңыздылығын сезінеді, бұл түптеп келгенде оқу процесін тиімдірек етеді. 2-суретте оқытудың интерактивті әдістерін қолданғанда тек оқытушы мен білімгер арасындағы қарым-қатынасы ғана емес, білімгер мен білімгер, білімгер мен топ арасындағы қарым-қатынас орнайтыны анық көрсетілген. Оқытудың интерактивті формаларының мақсаттары: оқу үшін қолайлы жағдай жасау, оқытылатын мамандыққа тұрақты мотивацияны дамыту, оқу материалын тиімді меңгеруге көмектесу, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндіктер жасау, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту, кәсіби және өмірлік құзыреттіліктер, мәселелерді шешу үшін іскерлік өзара әрекеттесу атмосферасын қамтамасыз ету, сонымен қатар білімгерлерді оқытудағы құзыретті тәсілдің негізгі принциптерін жүзеге асыру, кәсіби өсу мен шығармашылық дамуға қабілетті бәсекеге қабілетті маман дайындауға арналған.

Интербелсенді оқыту әдісін қолдану өмірлік жағдаяттарды моделдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды және мәселені бірлесіп шешуді қамтиды. Белсенді әдістерден айырмашылығы, интербелсенді әдістер білімгерлердің тек мұғаліммен ғана емес, сонымен қатар бір-бірімен кеңірек өзара әрекеттестігіне және оқу процесінде оқушы әрекетінің басым болуына бағытталған. Интербелсенді сабақтардағы мұғалімнің орны мақсатқа жету үшін оқушының іс-әрекетін бағыттаумен байланысты. Интербелсенді сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері мұғалім әзірлеген оқушылар орындайтын интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалардың қарапайым жаттығулардан маңызды айырмашылығы – оларды орындай отырып, оқушылар үйренген материалды бекітіп қана қоймай, жаңасын да меңгереді [3].

Интербелсенді оқыту стратегиясы дегеніміз – оқытушы оқу-тәрбие процесінің белгілі бір әдістерін, тәсілдерін пайдалана отырып ұйымдастыруы:

- оқытушы мен білімгер арасындағы субъект-субъект қатынастары;
- көпжақты байланыс;
- оқушы білімін қалыптастыру;
- өзін-өзі бағалау мен кері байланысты қолдану;
- білімгердің белсенділігі.

Оқытушының алдында білімгерлерге білім беріп қана қоймай, өз бетімен ізденуді үйрету, білімді меңгеру сияқты міндеттер тұр. Заманауи білім беру оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білім, білік және дағдыға мән беруден жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға, оқу іс-әрекетінің дербестігін дамытуға ауысуды көздейді. Себебі, қоғам өміріндегі ең өзекті және сұранысқа ие мәселелер мен міндеттерді шешу құзыреттілігі, коммуникативті және ақпараттық құзыреттілік болып табылады. Егер бұрын сабақтар дәстүрлі түрде өткізілсе, енді білімгердің қоршаған әлемді түсінуге деген ынтасын күшейту, оған әр түрлі сабақтардың өмірге қажетті дайындық екенін, қажетті ақпаратты іздестіру және білуге дағдыландыру екенін түсіну қажет, оны күнделікті өмірде қолданады.

Біз өмірде әр қадамда ақпараттық мәселелерді шешуге тап боламыз: біз күнделікті сатып алулар жасаймыз, билеттерді алдын ала сатып аламыз, оқу үшін оқу орнын таңдаймыз, мақалалар жазамыз, жұмыс іздейміз. Мәселені шешу барысында әрқайсымыз ақпаратпен

жұмыс істеу кезеңдерін бастан өткереміз: ақпаратты анықтау, ақпаратты басқару, ақпаратқа қол жеткізу, ақпаратты біріктіру, ақпаратты бағалау, ақпаратты құру, ақпаратты беру сияқты. Мұндай есептерді тиімді шешу үшін оқушылардан күнделікті өмірде кездесетін есептерді шығара отырып, тәжірибеде ғана дами алатын дағдылар қажеттігі туындайды.

Құзыретті тұлғаны қалыптастыру үшін екі қызмет түрі арасындағы байланысты қамтамасыз ету қажет: қазіргі – оқу және болашақ –тәжірибелік. Тапсырманы шешуде құзыреттілігін көрсету қажет оқу және тәжірибелік іс-әрекеттер арасындағы қайшылықтарды қалай дәл жоюға болады, деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені шешудің бір жолы – интербелсенді оқыту әдістері [5].

«Интербелсенді оқыту әдістері» санатының мазмұнын толығырақ ашу үшін келесі параметрлерді таңдай отырып, дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқытуды салыстыруды қарастырайық: мақсаттар; білімгер мен оқытушының ұстанымы; оқу процесінде қарым-қатынасты ұйымдастыру; оқыту әдістері.

Интербелсенді оқыту стратегиясының артықшылығы мен тиімділігіне оны оқыту іс-әрекетінде тікелей жүзеге асыру арқылы ғана көз жеткізуге болады. Қазіргі уақытта қолданыстағы интербелсенді оқыту әдістерінің алуан түрлілігі –бұл процесті сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық әдебиеттерде екі категорияны жиі кездестіруге болады: «Интербелгенді әдістер» және «Интербелсенді оқыту әдістері». Бұл санаттар арасындағы айырмашылық «интербелсенді» сөзіне кіретін мазмұнында. «Интербелсенді әдістер» деп айта отырып, әдістің сабақтағы интербелсенділігіне баса назар аударылады. Оқушының іс-әрекеті бұл жағдайда ол екінші ретті, яғни әдіс жұмысын тоқтатады – оқушы белсенділік танытпайды. Интерактивті оқытуда негізгі іс-әрекет оқушының әрекеті болып табылады, ол әдістің өзімен ғана емес, сонымен қатар басқа факторлармен де анықталады, мысалы, оқу орнында жасалған білім беру ортасы және т.б.

Аңдатпа. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушының оқу жетістіктерін бағалау мәселесі маңызды орын алады. Оқыту процесінің тиімділігін анықтауда және оқушылардың білім деңгейін бағалауда критериялды бағалау жүйесінің енгізілуі білім беру реформасының маңызды бөлігіне айналды. Бұл бағалау жүйесі оқушылардың тек білімдерін ғана емес, сонымен қатар дағдылары мен құзыреттіліктерін де бағалауға мүмкіндік береді. Критериялды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес бағалау жүйесі.

Кілт сөздер: критериялды бағалау, оқу жетістіктерін бағалау, білім беру жүйесі, қазіргі заманғы білім беру, оқушының дағдылары мен құзыреттіліктері, педагогика ғылымы, кері байланыс

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың генезисі педагогика ғылымы мен білім беру практикасында үнемі өзгеріп отырған процесс болып табылады. Алғашқы бағалау жүйелері негізінен дәстүрлі тәсілдерге негізделген, мұнда оқушының жауаптары немесе тапсырмаларды орындауы негізінде оның білім деңгейі анықталатын. Бұл тәсілдер көбінесе субъективті сипатта болып, мұғалімнің жеке бағалауы мен субъективті пікірлеріне тәуелді еді.

Оқушының жетістіктерін бағалаудың критериялық жүйесі 20 ғасырдың екінші жартысында әлемдік білім беру жүйесінде кеңінен тарала бастады. Оның негізі оқыту мақсаттары мен критерийлерінің нақты анықталуы, оқушының оқу процесіндегі белсенді қатысуы және жетістіктерді объективті түрде бағалау болып табылады. Бұл жүйе әсіресе халықаралық білім беру бағдарламаларында кеңінен қолданыла бастады, олардың арасында PISA (Programme for International Student Assessment) сияқты ауқымды зерттеулер ерекше орын алады.

Критериялды бағалау – бұл оқушының оқу жетістіктерін алдын ала белгіленген және нақты анықталған критерийлер бойынша бағалау әдісі. Оның басты мақсаты – оқушының оқу нәтижелерін әділ және объективті түрде бағалау, сондай-ақ олардың білім деңгейін көтеруге бағытталған кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериялды бағалаудың ерекшелігі, мұнда оқу нәтижелері тек белгілі бір білім мен дағдылардың игерілуі ғана емес, сонымен қатар оқушының тапсырманы орындаудағы тәсілдері, шығармашылық қабілеттері, сын тұрғысынан ойлау дағдылары да ескеріледі. Бұл әдіс оқушылардың жеке жетістіктері мен мүмкіндіктеріне назар аударуға мүмкіндік береді, сол арқылы олардың оқу процесіндегі белсенділігін арттырады.

Критериялды бағалаудың тиімді жұмыс істеуі үшін бірнеше негізгі компоненттер қажет:

Критерийлерді анықтау – білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін қажетті білім, дағды және құзыреттіліктер анықталады. Бұл критерийлер объективті және нақты болуы керек.

Бағалау шкаласы – әрбір критерийге сәйкес бағалау шкаласы әзірленеді. Бұл шкала оқушылардың оқу жетістіктерін нақты сандық және сапалық көрсеткіштермен бағалауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс – критериялды бағалау оқушыларға оқу процесінің әр кезеңінде кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға өздерінің күшті және әлсіз тұстарын анықтап, келесі кезеңдерде жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар алуға мүмкіндік береді.

Тапсырмаларды бағалау – критериялды бағалауда әрбір тапсырма алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкес бағаланады. Бұл оқушылардың орындаған жұмыстарының сапасы мен деңгейін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 - Критериялды бағалаудың басты артықшылықтары

Объективтілік	бағалау критерийлері нақты және анық болғандықтан, бағалау процесі субъективті пікірлерден арылтады. Бұл оқушыларға әділ әрі түсінікті бағалауды қамтамасыз етеді.
Мотивацияны арттыру	бағалау критерийлерінің айқындылығы оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылықтарын арттырады, себебі олар өздерінің нәтижелерін нақты түрде бағалауға және жетілдіруге бағытталған қадамдар жасауға мүмкіндік алады
Даму бағыты	критериялды бағалау оқушылардың жеке даму жолын анықтап, олардың күшті жақтарын айқындап, әлсіз тұстарын жақсарту үшін арнайы бағыттар береді
Жеке бағдарланған оқыту	оқушылардың әрқайсысының жеке даму деңгейіне сәйкес білім алуына жағдай жасайды. Бұл оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінің қалыптасуында Қазақстанның мектептерінде оқытудың мазмұнына және әдістеріне арналған мақалалар жарияланған педагогикалық баспа маңызды рөл атқарды. Бұл кезеңде М.Сералиннің, Ш.Әлжановтың, Ж.Сейдалиннің, С.Торайғыровтың ағартушылық идеялары жарық көрді. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сияқты алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының өкілдерінің идеяларын атап өткен жөн, олар мектепті діннен бөлу және теңдік идеяларын жариялады [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7].

Ағарту мен білімнің халыққа еркіндік пен қоғамдық өзгерістер жағдайында елеулі пайда әкелетінін саналы ұғындырған Қазақстанның алғашқы ағартушыларының бірі Ахмет Байтұрсынов болып табылады. Оның есімі ХХ ғасырдың 20-жылдарында Қазақстандағы инновациялық педагогикалық идеялардың дамуымен байланысты. Ахмет Байтұрсынов өзінің еңбектерінде бастауыш мектепте оқыту мәселелеріне, жоғары білім беру жүйесіне, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіру, өскелең жас ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол өз отанының нағыз, шынайы азаматын тәрбиелеуге лайықты, ана тілінде оқытатын, еркін мектепті құруға шақырды. А.Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары қазіргі уақытта да өзекті болып табылады, себебі Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру жүзеге асырылуда.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық мамандықтың мәніне және өзгешелігіне терең енуін атап өткен жөн. Оның пікірінше, «мектеп үшін ең маңызды – кәсіби педагогика, әдістемелік тәсілдер, балаларды оқыта білетін мұғалім» – бұл ұлы ағартушының сөздері қазіргі күндері де ерекше мәнге ие болады. Себебі, Қазақстан Республикасында білім берудің мазмұнын жаңарту өзінің алдына басты мақсатты қояды: мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериялды бағалау жүйесін ендіру [5].

Оқытудың педагогикалық мәселелеріне арналған қазақ тіліндегі негізгі теориялық еңбектердің бірі Мағжан Жұмабаевтың жұмыстары болып табылады.

М.Жұмабаев қазақ педагогикасында оқытудың өзекті мәселелерін әзірлеудің негізін қалады. Ол Қазақстанның педагогика ғылымын байытқан дидактикалық көзқарастардың бірегей жүйесін құрды. Ол баланың шығармашылық қабілеттерін, оның бастамасын және өзбетінділігін дамытуға ерекше назар аударды. Өзінің еңбектерінде ағартушы былай деп жазады: оқыту — бұл баланың интеллектісіне тек әсер ету ғана емес, бұл көпқырлы процесс. Бұл ретте ол оқытудың саналылығы мен белсенділігі принципіне ерекше орын береді. Ол былай деп жазады: «Егер мектептегі оқушы өзі ештеңе жасауға үйренбесе, онда ол өмірде тек көшірме жасауға еліктейтін болады.... Әрбір баланың өзбетінділікке деген ұмтылысы

болады». Жаңашыл-педагог көптеген бұрынғы көзқарастар мен дәстүрлерді басқаша мән беруде, оқытудағы жаңа бағыттардың дамуында үлкен рөл атқарды [8].

Мағжан Жұмабаевтың еңбектерінде білім алушылардың оқу жетістіктерін заманауи бағалаудың негізі болып табылатын критериалды бағалау идеялары көрініс табады. Біздің зерттеуіміз үшін М.Жұмабаевтың педагогикалық бағалаудың ерешеліктері туралы көзқарастары маңызды болып табылады: «...оқыту процесінде денелік жазалау немесе басқа жазалу әдістерін қолдануға болмайды, бұл оқытуға деген мотивацияны төмендетеді. Педагогикалық бағалау баланың тұлғасын қалыптастырудағы басты буын болып табылады. Өзіндік оқу жетістіктерін өз бетімен бағалау оқушылардың өзін-өзі дамытуына және табыстылығына әкеледі. Өзара бағалау өзінің жетістіктерін және басқа білім алушылардың жетістіктерін сыни түрде бақылауға мүмкіндік береді, өзара бағалаудың көмегімен оқушы өзінің білімін толықтырады. Кері байланысты ұсынуда педагог баланың тұлғасының қасиеттерін емес, оның оқу іс-әрекетін, қандай әрекеттерді орындағанын мақтауы және мадақтауы қажет» [8].

М.Жұмабаевтың еңбектерінде сонымен бірге білім алушылардың ойлау іс-әрекетінің деңгейлері, мысалы, өзіндік оқу жетістіктерін талдау және бағалау біліктері қарастырылады.

Қазақ ағартушысы Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық идеялары қызығушылық туындатады. Ол педагогика және психология мәселелеріне арналған алғашқы оқулықтардың және ғылыми мақалалардың авторы болып саналады. Автор өзінің еңбектерінде тұлғалық-бағдарланған оқытудың қажеттілігі туралы жазады, педагогикалық процесте білім алушыларға қатысты дифференциалды тұғырды қолдануды қажет деп санайды. Автордың пікірі бойынша, оқу жетістіктерін бағалауда баланың жеке-дара жас, психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет [9].

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтауда, екінші тарауда біз Ж.Аймауытовтың жоғарыда аталған идеяларын басшылыққа алдық.

20–40–жылдары бастауыш мектеп үшін бірегей оқулықтарды құрастырумен жазушылар мен ғалым-әдіскерлер тобы айналысты. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Әлжанов, Ғ.Мүсірепов, А.Ситдыков сияқты қазақ халқының ғалым-педагогтары, ағартушыларының авторлық ұжымы «Әліппені» қайта өңдеумен айналысты [8, 5, 2].

Оқыту процесін жаңғырту оқу жетістіктерін педагогикалық бағалау жүйесін оңтайландыру туралы заңды сұрақ туындатады. Ш.А.Амонашвилидің пікірі бойынша, кеңестік мектептің жаңа сатысы үшін оқушыларды жалпы дамыту, олардың интеллектуалды қабілеттерін дамыту, жалпылама, шығармашалық, өзіндік, дербес, сыни тұрғыда ойлау біліктерін дамыту қамтамасыз етілетін оқытуоңтайлы болып табылады.

Ш.А.Амонашвили өз заманының жаңашыл-педагогы ретінде, жаңа мектептің тағдырының мұғалімнің оқушыларға қатынасы бойынша позициясына, балалармен қарым-қатынастың авторитарлы стилінен императивті стиліне қайта құру шеберлігіне байланысты болатынына сенімді болды. Императивті қарым-қатынас – бұл ізгіліктік-тұлғалық тұғырдың, ынтымақтастық және теңдік идеяларына негізделген педагогтың жұмыс тәжірибесін тұжырымдау [10].

XX ғасырдың 70–80–жылдары жаңашыл-педагогтардың зерттеулері гуманистік идеялардың кең таралуына және ендірілуіне, алты жастан бастап оқытуды бастауға, бірінші сыныпта бағасыз оқытуды ендіруге және білім берудегі тұлғалық-бағдарлы және әрекеттік тұғырларды бекітуге ықпал етті.

Әрі қарай, КСРО-ның тіршілік ету кезеңінде он бір жылдық жалпы орта білім берудің құрылымын белгілеген білім беру реформасы қабылданған («Жалпы білім беретін кәсіптік мектептің реформаларының негізгі бағыттары туралы» 1984 жылдың 12 қаңтарындағы №313 Қаулысы). Аталған реформаға сәйкес оқытуды 6 жастан бастау ұсынылды. Бастауыш мектепте оқудың ұзақтығы бір жылға 1-4 сыныптарда артты. Бұл балаларды жазуға, оқуға, санауға және

басқа қажетті дағдыларға негіздемелі оқытумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Осылай, бастауыш мектеп 3-жылдық сатыдан 4-жылдық оқыту сатысына ауысты.

1990 жылдан бастан отандық білім беруде саяси құрылымның ауысуымен байланысты біршама өзгерістер орын алды. 1992 жылы ҚР білім туралы Заңы қабылданды. Білім беру жүйесіндегі тұжырымдамалық тұғырлар қайта қарастырылды, 18 тұжырымдама бекітілді, олардың қатарында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы, білім беруді мемлекеттік қолдаудың ұлттық бағдарламасы, жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді даярлау және жариялаудың мақсатты бағдарламасы бар.

1995-1999 ж.ж. демократияландыру және экономикалық қайта құрулар Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі жағымды өзгерістерге әкелді, бұл қайта құрулар 07.06.1999ж. «Білім туралы» Заңында көрініс тапты.

2007 жылы 27.07.2007ж. №319 Қазақстан Республикасында білім туралы жаңа Заң қабылданды, 11-бабында (1 тармақ) тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалық білімді алу үшін жағдайларды құрудың қажеттілігі белгіленген білім беру жүйесінің міндеттері атап көрсетілген [11].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау нәтижесінде біз педагогикалық бағалау генезисін периодизациялауды жүйеледік. Осылайша, бағалау мәселеріне қатысты педагогикалық көзқарастар жүйесі келесі кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2 – Педагогикалық бағалау генезисінің периодизациясы

Кезеңдер, жылдар	Аталған кезеңнің өкілдері	Кезеңнің сипаттамасы
1	2	3
XVI ғасыр	Аквивива	Еуропаның көптеген елдерінде оқушының оқу жетістіктерін көрсету тәсілі ретінде бағалар енгізілді
	Әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Ұлықбек және т.б. ағартушылардың идеялары	Орта Азияда XVI–XVII ғасырлардың шегінде мектептердің екі типі болды: мектеп (төменгі) және медресе (жоғарғы), мұнда бағалаудың критерийі ретінде мұсылман құқығын және исламды білу алынды.
XVII ғасыр	Я.А. Коменский.	Бағалаудың цифрлық жүйесі толығымен барлық Еуропа бойынша таралады.
XVIII ғасыр	М. В. Ломоносов, Н.И. Новиков,	Ресейде бағалаудың бағалар жүйесі барлық оқу мекемелерінде ресми түрде енгізілді.
XIX ғасыр	К.Д. Ушинский	Цифрлар түріндегі баллдарды оқушылардың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы жазбаша ескертулермен алмастыруды ұсынды. К.Д.Ушинский бастауыш сынып оқушылары үшін «оқушының тәртібі, жетістіктері мен мінез-құлқы» туралы ай сайынғы жазбаларға арналған кітапшаларды бастауды ұсынды.
	Б. Алтынсарин	Бастауыш мектепте тілді меңгерудің әдістемелік және дидактикалық аспектілерін әзірледі, бағалауда балаларды денелік жазалауға қарсы болды.
XX ғасыр 20–40 жж.	А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ғ.Мүсірепов, М. Сералин,	Мектепті діннен бөлу және теңдік идеяларын жариялады. Дидактикалық көзқарастардың бірегей жүйесін құрды, бастауыш мектепте өзін-өзі бағалау және өзара бағалау идеяларын жариялады,

	Ш.Әлжанов, Ж.Сейдалин, С. Торайғыров	педагогикалық шеберлікке және педагогикалық бағалаудың әдістемелік тәсілдеріне үлкен назар аударды.
1918 жыл	С.Т. Шацкий, А.С. Макаренко, Б.Г.Ананьев,	Баллдық жүйені дерлік барлық мектептерде жойды, сыныптан сыныпқа көшіру педагогикалық кеңестің куәландыру негізінде жүзеге асырылды.
1935 жыл	Л.С.Выготский	Бесбаллдық жүйені қалпына келтіру туралы шешім қабылданды.
50–80-жж.	Ш.А.Амонашвили, В.А.Сухомлинский, В. Шаталов, В.П. Беспалько	Білім беруді ізгілендіру идеялары, жаңашыл педагогтардың идеялары дамыды.
	П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорожец, Л.В. Занков	Танымдық процестерді мақсатты бағытталған тұрғады қалыптастыруға болады. Оқыту оқушыларды жалпы дамытуға бағытталуы қажет. Педагог бала ашылуына көмек беруі керек, ол білім алушылардың тұлғасын дамыту үшін қолайлы, табиғатқа сәйкес жағдайларды құрады. Бағалаушы іс-әрекетте педагог оқушының барлық жетістіктерін, оның сенімділігі мен өзбетінділігінің барлық көріністерін белгілеп отыруы керек, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында сенімді қатынастарды құруы керек.
	Т.Тәжібаев Л. Сембаев, Р.Г.Лемберг, Қ.Б.Жарықбаев және т.б.	Авторлар Қазақстанда оқыту мен тәрбиені дамытудың ірі педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік мәселелерін құрастырды.
90–жж.	Г.А. Уманов, Хмель Н.Д.және т.б.	Білім беруді демократияландырудың басталуы.
ҚР тәуелсіздік жылдары	Т.С. Садықов, А.П. Сейтешев, А.А. Бейсенбаева, Н.Н. Хан, Г.Т. Хайруллина, А.Н. Ильясова, А.К. Сатова және т.б.	Авторлар ҚР педагог кадрларды кәсіби даярлауға үлкен үлес қосты. Қазақстанда кеңестік кезеңде бағалаудың бесбаллдық жүйесі болды.
2016 жыл	О.И. Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова, А.Т.Айтпукешева, Г.М. Кусаинова, К.М.Сагинова және т.б.	2016 жылдан бастап Қазақстанның мектептерінде бағалаудың критериалды жүйесі енгізілді.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет американдық педагог Роберт Юджин Глейзер 1963 жылы қолданды. Автордың пікірі бойынша, критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерінің жоспарланған және жеткен деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға ықпал ететін процесс болып табылады. Оқушылар алдын ала берілген критерийлер арқылы бағаланады. Критериалды бағалау бір оқушылардың басқа оқушылармен

оқу жетістіктерін салыстыруды және олардың тәуелділігін көздемейді. Глейзердің пікірі бойынша, жетістіктерді өлшеу тұжырымдамасының негізіне білімді меңгерудің үздіксіз процесі ұғымы алынады: білімнің толық болмауынан бастап идеалды нәтижелерге дейін [12].

Критериалды бағалаудың заманауи теорияларын қарастырамыз. Білім беру жүйесіндегі қазіргі өзгерістер гуманитарлы парадигмамен анықталады, мұнда білім алушыларды табысты әлеуметтендіруге және олардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған, білім алушылардың тұлғасын интеллектуалды дамытуға ерекше рөл беріледі. Интеллектуалды даярлауға қойылатын талаптар бірізді оқыту процесінде ойлау дағдыларын оқытуды қалыптастыру мүмкін болатын когнитивті құзыреттіліктердің жиынтығын меңгеруді көздейді.

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі үнемі өзгеріп отыратын процесске айналып отыр. Критериалды бағалау жүйесі білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Ол оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың дағдылары мен білім деңгейін нақты әрі әділ бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе оқу нәтижелерін тек сандық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар оқушының жеке даму деңгейімен байланыстыра отырып бағалауға негізделген. Критериалды бағалау білім беру жүйесінің болашағын айқындайтын маңызды компонентке айналмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сералин М. Книга памяти [[Текст]]: сборник материалов к 150-летию М.Сералина. Поэмы, неизвестные стихи, критика; сост. В.И. Максименко- Костанай: New line media, 2022. – 100 экз. . – 978-601-7586-37-9 - 150-летие М. Сералина.
2. Әлжанов Ш. Ес және есте қалдыру мәселелері. Ой мәселелері. Дағдылану мәселелері /Ш.Әлжанов //Халық ағарту қызметкерлерінің білімін көтеру жайында басты материалдардың жинағы. - Қызылорда, 1936. – 88-95 б.
3. Сейдалин Ж. «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» атты мақаласы «Қазақ» газеті, 1913 ж. 31 шілде
4. Торайғыров С. Шығармалар жинағы: қамар сұлұ. Кім жазықты. Адасқан өмір. Айтыс. Өлендер.- Алматы: Өлкен, 2012.- 488 б.
5. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы [Текст]. Т. 1 / А . Байтұрсынұлы . – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. Том 5.- Астана: Сарыарқа, 2010.- 560 б.
7. Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.-205-211 б.
8. Жұмабаев М. Өлендер, дастандар, әңгіме. – Алматы: «Ан-Арыс»баспасы, 2009. – 314 б.
9. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Повестар, өлендер. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. - Т. 1. – 384 б.
10. Амонашвили Ш.А.: Основы гуманной педагогики Кн.9. 2018. Издательство: Амрита-Рус.
11. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
12. Izmagambetova their R.K. «Formation to of different primary all school always children to selfesteem on to the most basis use of different criteria-based it assessment» // The most Education to and it Science most Journal. Vol. 23, яғни № 7. 2021 УДК ретінде 373.1 DOI: 10.17853/1994-5639-2021 -7-147-169.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564044>
ЭОЖ 373.1

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

ТОҚТАСЫН ӘМИНА ЕРГЕНҚЫЗЫ

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Арқалық, Қазақстан.

***Аңдатпа.** Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың енгізілуі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Бастауыш мектеп кезеңінде цифрлық білім беру құралдарын тиімді пайдалану оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Бұл зерттеу цифрлық құралдардың бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында цифрлық білім беру құралдарының түрлері, олардың оқу процесіндегі қолданылу әдістері және шығармашылық қабілеттерді дамытуға әсері талданады. Зерттеу нәтижелері бастауыш мектепте цифрлық құралдарды тиімді қолданудың педагогикалық маңыздылығын көрсетеді.*

***Кілт сөздер:** цифрлық білім беру құралдары, бастауыш мектеп, шығармашылық қабілеттер, оқу процесі, педагогикалық әдістер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), оқушылардың шығармашылық әлеуеті, интерактивті оқыту.*

Кіріспе

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі ең маңызды бағыттардың бірі – цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Цифрлық білім беру құралдары оқушыларға оқу материалын жеңіл және қызықты түрде жеткізуге, олардың қабілеттерін дамытуға және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бастауыш мектеп кезеңі – оқушының тұлғалық және шығармашылық дамуының негізі қаланатын кезең болып табылады. Бұл кезеңде білім беру мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдары оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның шығармашылық ойлау қабілетін дамыта алуы тиіс.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламаның инновациялық экожүйені құру бастамасының негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті жаппай тарату. Бұл еліміздегі цифрлық білім беру процесінің қалыптасуында басшылыққа алынатын құжат болып табылады. [1].

Аталған бағдарламаның инновациялық экожүйені құру бастамасының негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті жаппай тарату. Бұл еліміздегі цифрлық білім беру процесінің қалыптасуында басшылыққа алынатын құжат болып табылады.

В.И.Блинов, И.С.Сергеев, Е.Ю.Есенина тұлғаның дамуындағы цифрлы білім беру тұжырымдамасын іске асыруда цифрлы білім беру ортасының қажеттігін басшылыққа ала отырып, «цифрлы білім беру ортасы – бұл адамды оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер кешені» деген анықтама ұсынады [2].

Цифрлы білім беруде ақпарат мөлшері өте көп, тіпті бұл ақпараттарға оқушылар мұғалімнен артық қол жеткізе алады. Сондықтан мұғалімнің рөлі білім беру бағытында ғана емес, басқаша да өзгеруі керек. Мұғалім әр оқушы үшін оқу және оқыту үдерісін ұйымдастырушы, бағыт беруші қызметін жетік меңгеруі тиіс. Олай болса, ол әр оқушыға не қажет екенін түсініп, білім берудің жаңа форматтарын ұсынып, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, ақпараттық ресурстарды таңдауға кеңес береді. Бұл, әрине, барлық білім беру

ұйымдарына қатысты екені белгілі. Цифрлы қоғамда мұғалімнің дамып келе жатқан цифрлы ортамен жұмыс істеу мүмкіндігі жоғары болуы керек [3].

Ғалым А.Е.Абилхасимова: «Мұғалімнің оқыту үдерісінде интернеттің ақпараттық білім беру ресурстарын қоса алғанда әртүрлі ақпарат көздерін кеңінен пайдалану әдетке айналатын болады. Оқушылар интернеттің ғаламдық желісі арқылы әлемнің барлық түкпірлеріндегі әртүрлі ақпараттық деректерге қол жеткізеді, өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша басқа елдердің оқушыларымен бірлесіп жұмыс істей алады. Бұл олардың қосымша ақпараттар іздеуге, өздері алған нәтижелерді бағалауға ынталандырады. Мұғалім өзіне 54 лауазым бойынша емес, беделді ақпарат көзі, сарапшы ретінде жүгінетін жетекшіге, үйлестірушіге, кеңесшіге айналады» – деген тұжырым жасайды [4].

Цифрлық технологиялар білім беру процесіне енгізілуде және олардың тиімділігі оқу нәтижелерінің жақсаруына, оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің артуына, мұғалімдердің жұмыс жүктемесінің жеңілдеуіне мүмкіндік береді. Бұл мақалада бастауыш мектепте цифрлық білім беру құралдарын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Әрбір оқушының ерекше қабілеттері мен шығармашылық потенциалы бар, сондықтан оқытудың цифрлық тәсілдері осы қабілеттерді ашуға, дамытуға және қолдауға бағытталуы тиіс.

Цифрлық білім беру құралдарының маңызы

Цифрлық білім беру құралдары – бұл оқу процесін басқару, оқушылардың білімін тексеру, ақпаратты жеткізу, оқушыларға кері байланыс беру, оқыту нәтижелерін бақылау және талдау жасау үшін қолданылатын барлық электронды құрылғылар мен бағдарламалық құралдар. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру жүйесіне енгізіліп, мұғалімдердің оқыту әдістері мен оқушылардың оқу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық құралдардың бастауыш мектепте қолданылуы оқу материалын толықтай визуализациялауға, интерактивті тапсырмалар мен ойындар арқылы оқушыларды қызықтыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Kahoot!, Quizlet сияқты интерактивті платформалар оқушылардың білімін тексеру және олардың білім деңгейін бағалау үшін тиімді қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, Google Classroom сияқты онлайн платформалар мұғалімдерге оқушылармен байланыс орнатуға, тапсырмалар мен үй жұмыстарын тапсыруға және нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру құралдарының басты артықшылығы – олар оқушының өзіндік дамуына, шығармашылық ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Әрбір оқушыға өз деңгейінде тапсырмалар мен оқу материалдарын ұсыну арқылы оқыту үдерісін дербестендіруге болады. Бұл орайда цифрлық технологиялар оқушылардың білім деңгейіне сәйкес материалдарды ұсынуға, әртүрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру құралдары білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, танымдық белсенділігін арттыруға, сондай-ақ оқу процесіне қызығушылықтарын оятуға ықпал етеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамытудағы цифрлық құралдардың рөлі

Шығармашылық қабілеттер – бұл жеке адамның өзінің ерекше шешімдерін табуға, жаңа идеяларды жасауға және өзара байланысты мәліметтерді пайдалану арқылы өзіндік ойлау мен қиялды қолдануға қабілеттілігі. Бастауыш мектеп кезеңінде балалардың шығармашылық қабілеттері әлеуетті түрде қалыптасып, дамиды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда цифрлық құралдар маңызды рөл атқарады. Әсіресе, ойын элементтері мен жобалық жұмыстар, топтық талқылаулар шығармашылық қабілеттерді дамытуға жақсы жағдай жасайды.

Цифрлық құралдар шығармашылық дағдыларды дамытуда тиімді болып табылады, себебі олар оқушыларға қиялды қолдануға, жаңа идеяларды жасауға, әрі қарай зерттеу жүргізуге ынталандырады. Мысалы, оқушыларға Google Slides немесе Canva сияқты құралдар арқылы топтық жобалар жасау тапсырмасы беріледі. Бұл оқушылардың өзара

ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық әлеуеттерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық құралдардың тағы бір артықшылығы – олар оқушыларды зерттеу мен шығармашылық жұмыстарға тартуға мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды мұражайлар немесе Google Earth сияқты платформалар оқушыларға әлемнің түрлі елдерін, мәдениеттерін, географиялық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар өздеріне қызықты тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізіп, жобалар әзірлей алады.

Цифрлық құралдармен жұмыс істеу әдістері

Цифрлық құралдар барлық оқушыларды — соның ішінде ұяң, өз қабілетіне сенімсіз және бастамашыл емес балаларды да — оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандырады. Онлайн-платформалар жүйелі кері байланыс орнатуға, оқу материалдары мен тапсырмалардың қолжетімділігіне қатысты оқушылардың пікірлерін жинауға мүмкіндік береді. Алынған деректерді талдау мұғалімге әр оқушының қиындықтарын дер кезінде анықтап, қажетті көмек көрсетуге, олардың күшті тұстарын айқындауға және топтағы жұмысын тиімді ұйымдастыруға жол ашады.

Цифрлық құралдар педагогтерге өздерінің кәсіби мақсаттарына жетуге де зор мүмкіндік береді. Ақпаратқа жедел қол жеткізу дәуірінде әр мұғалім өзінің тәжірибесіне, өмірлік ұстанымына және құндылықтарына сүйене отырып, өз жұмысының нәтижесіне жауапты екенін сезінуі қажет. Шынайы мұғалім — өзгелерден ерекшеленетін тұлға. Ол әр баладан жақсы қасиет іздейді, оқушылардың ой-санасын дамытып, оларға біліммен қатар мейірім мен сүйіспеншілік сыйлайды. Мұндай мұғалім — тез өзгеріп жатқан әлемде жас ұрпаққа өз орнын табуға жол көрсететін тұлға. Осы тұрғыдан алғанда «мұғалім», «оқушы» және «цифрлық қоғам» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені мұғалімнің миссиясы – цифрлық дәуірдің тұлғасын қалыптастыру. Бұдан, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану үшін белгілі бір әдістер мен тәсілдер қолданылуы тиіс деген қорытынды шығады. Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттерді дамытуда мынадай әдістерді қолдануға болады:

Интерактивті тапсырмалар. Цифрлық құралдар арқылы оқушыларды интерактивті тапсырмаларды орындауға тарту арқылы олардың білім деңгейін тексеру және мотивациясын арттыру. Мысалы, Kahoot! платформасында викториналар өткізу немесе Quizlet арқылы сөздік қорын дамыту.

Жобалық жұмыстар. Google Slides немесе Canva арқылы топтық жобаларды жасау, оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы өз ойларын жеткізу мүмкіндігін беру. Жобалық жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық ойлауын дамытады.

Виртуалды экскурсиялар. Google Earth немесе виртуалды мұражайлар арқылы әлемді танып-білу. Бұл тәсіл оқушылардың географиялық білімі мен әлем мәдениетін зерттеуге қызығушылығын арттырады.

Кері байланыс. Google Forms арқылы сауалнамалар жүргізу, оқушылардың пікірлерін жинап, оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік беру. Оқушылардың ойлары мен ұсыныстарын ескеру оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

Педагогтің рөлі

Цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін мұғалімнің цифрлық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігі жоғары болуы қажет. Мұғалімдер оқушыларды жаңа технологиялармен жұмыс істеуге үйретіп, шығармашылық тапсырмалар арқылы олардың қабілеттерін дамытуға ықпал етуі тиіс. Мұғалімнің бағыттаушы рөлі оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына және шығармашылық қабілеттерін дамытуына жағдай жасайды.

Педагогтің рөлі оқушылардың білім алу процесін ұйымдастыру мен бағыттау ғана емес, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған шығармашылық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Мұғалім оқушылардың жеке қызығушылықтарына негізделген тапсырмаларды ұсына отырып, әр баланың ерекше қабілеттерін дамытуға ықпал етуі тиіс.

Қорытынды

Цифрлық білім беру құралдары бастауыш мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды құрал болып табылады. Олар оқушыларға оқу материалдарын жеңіл әрі қызықты түрде ұсынуға, олардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық құралдардың тиімді қолданылуы оқу процесін жандандырып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды. Педагогтердің цифрлық сауаттылығы мен шығармашылық тәсілдері оқу сапасын жақсартуға, оқушылардың өзіндік ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Болашақта цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру қажет. Әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін цифрлық білім беру құралдарын қолданудың маңызы зор. Сонымен қатар, мұғалімдерге цифрлық сауаттылықты арттыру, жаңа технологияларды тиімді пайдалану әдістерін үйрету қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Блинов В.И., Сергеев И.С., Есенина Е.Ю. О Основные идеи дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения. – М.: Издательство «Перо», 2019. – 24 с.
3. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз, 2022. -314 б.
4. Абилхасимова А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // Молодой ученый. – 2020. – № 14 (304). – С. 292-295. – URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (дата обращения: 07.03.2021)

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564067>
ЭОЖ 373.1

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН ҰЛТТЫҚ БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ МОБИЛДІ ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЯРЛАУ

ЖУМАХАНОВА ХАДИША КАДИРКЫЗЫ

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Арқалық, Қазақстан.

***Аңдатпа.** Бұл мақалада болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық білім мазмұны мен құндылықтары негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау мәселесі қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – ұлттық құндылықтар мен заманауи цифрлық технологияларды ұштастыра отырып, мобилді білім беру ортасын құрастыруға қабілетті педагог тұлғасын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау. Мақалада цифрлық білім беру кеңістігінің мазмұны, мобилді оқыту технологиялары және ұлттық-рухани компоненттерді кіріктіру жолдары талданады.*

***Кілт сөздер:** мобилді оқыту, ұлттық білім, бастауыш мектеп педагогі, электронды орта, цифрлық педагогика.*

Кіріспе

Бүгінгі білім беру кеңістігі цифрлық трансформация дәуірін бастан кешіріп отыр. Білім беру үдерісінде мобилді технологияларды, электронды платформаларды және қашықтан оқыту жүйелерін тиімді қолдану педагогтің жаңа типін талап етеді. Әсіресе бастауыш мектеп мұғалімі тек ақпаратты жеткізуші емес, ұлттық құндылықтарға сүйенген цифрлық мәдениетті тұлға қалыптастырушы болуы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында білім берудің заманауи технологиялары ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтай отырып енгізілуі тиіс екендігі атап өтілген [1, 2]. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып педагогтерін ұлттық құндылықтар негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау – педагогикалық білім берудің жаңа парадигмасын көрсетеді.

Зерттеу философиялық тұрғыдан тұлғаға бағытталған, құндылықтық және мәдениеттанымдық тәсілдерге сүйенеді.

Тұлғаға бағытталған тәсіл – білім беру үдерісін жеке тұлғаның қабілеті, қызығушылығы мен даму мүмкіндігін ескере отырып ұйымдастыруға бағытталған әдіснамалық ұстаным. Бұл тәсілде оқушы білім алудың белсенді субъектісі ретінде қарастырылып, оның шығармашылық және дербес ойлау қабілетін дамыту басты мақсат болып табылады.

Құндылықтық тәсіл – тәрбие мен оқыту мазмұнын адамгершілік, ұлттық және рухани құндылықтар жүйесіне негіздеу арқылы тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруды көздейді. Мұнда білім тек ақпарат көзі емес, тұлғаның ішкі рухани дамуы мен адамдық қасиеттерін нығайтудың құралы ретінде түсіндіріледі.

Мәдениеттанымдық тәсіл – білім беру мазмұнын ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет контекстінде қарастырып, оқушыларды өз халқының мәдени мұрасын тануға және оны заманауи өркениетпен үйлестіруге баулиды. Бұл тәсіл тұлғаның мәдени сәйкестігін қалыптастыруға бағытталады.



Сурет 1 - Негізгі әдіснамалық бағдарлар

Сонымен қатар, ұлттық білім негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау процесінде келесідей зерттеу әдістері: педагогикалық әдебиеттерді талдау, салыстырмалы зерттеу, модельдеу, тәжірибелік-эксперименттік әдістер орын алады.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау әдісі – болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық білім негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерді, отандық және шетелдік зерттеулерді зерделеу арқылы теориялық тұжырымдар мен негізгі ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, зерттеу мәселесінің ғылыми негізін қалыптастырып, «мобильді электронды білім беру ортасы», «ұлттық білім мазмұны», «педагогті даярлау» сияқты негізгі ұғымдардың мәнін ашуға бағытталады. Бұл әдіс тақырыптың ғылыми аппаратын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Салыстырмалы зерттеу әдісі – ұлттық және шетелдік педагогикалық тәжірибелерді салыстыра отырып, мобильді оқыту технологияларын білім беру жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын айқындауға бағытталады. Салыстырмалы зерттеу әдісі – ұлттық білім мен цифрлық педагогиканы ұштастыру тәжірибесін басқа елдердің білім жүйесімен салыстыра отырып, тиімді әдістемелік шешімдер мен инновациялық тәсілдерді таңдауға негіз болады.

Модельдеу әдісі – болашақ мұғалімдерді мобильді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға, оның құрамдас бөліктері мен өзара байланысын сипаттауға қолданылады. Бұл әдіс негізінде болашақ бастауыш сынып педагогтерін ұлттық білім негізінде мобилді электронды орта жобалауға даярлаудың құрылымдық моделін жасап, оның мазмұндық және технологиялық компоненттерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік-эксперименттік әдіс – жасалған теориялық модельдің тиімділігін педагогикалық практикада тексеру, студенттердің кәсіби даярлық деңгейіне ықпалын анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Жасалған модель мен ұсыныстардың іс жүзіндегі тиімділігін тексеруге, студенттердің кәсіби құзыреттілігінің артқанын дәлелдеуге қызмет етеді.

Бастауыш мектеп кезеңі тұлғаның рухани және адамгершілік негіздері қалыптасатын маңызды саты болғандықтан, педагог даярлығында ұлттық білім мазмұнын терең меңгеру шешуші рөл атқарады. Ұлттық білім – бұл ұлт болмысын, мәдени кодын, дәстүрлі тәрбие мен дүниетанымдық құндылықтарды қамтитын жүйе.

Мобильді электронды білім беру ортасы – білім алушыға кез келген уақытта, кез келген жерде оқу ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін цифрлық платформа. Ол дәстүрлі оқыту мен цифрлық технологияларды біріктіретін икемді жүйе.

Бастауыш білім беруде мобильді платформаларды (Kundelik, Google Classroom, BilimLand, Kahoot, Quizizz) пайдалану арқылы:

- оқушылардың танымдық белсенділігі артады;
- оқу мазмұны интерактивті және бейімделгіш сипат алады;

- педагог пен оқушы арасындағы кері байланыс жедел жүзеге асады.
 Мұғалімдерді осындай ортаны жобалауға және басқаруға үйрету – кәсіби даярлықтың жаңа бағыты.

Мобильді электронды білім беру ортасы ұлттық мазмұнды жаңаша форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы:

- қазақ халық ертегілерін AR/VR технологиясы арқылы визуализациялау;
- ұлттық ойындарды цифрлық симуляция ретінде қолдану;
- мәдени мұра туралы бейнесабақтар мен подкастар дайындау.

Бұл бағытта болашақ мұғалімдерді мультимедиялық контент жасаудың педагогикалық және техникалық аспектілеріне үйрету қажет. Ұлттық мазмұнды цифрландыру – ұлттық сананы жаңғыртудың тиімді құралы.

Даярлау моделі үш негізгі компоненттен тұрады:

1. Мотивациялық-құндылықтық – ұлттық білім мен цифрлық мәдениетті ұштастыру қажеттілігін сезіну;

2. Іс-әрекеттік – мобильді білім беру құралдарын жобалау, қолдану, бағалау дағдыларын қалыптастыру;

3. Рефлексивті-талдамалық – өз тәжірибесін бағалау, жетілдіру, инновацияны педагогикалық практикаға енгізу.

Аталған үш компоненттің тақырыпқа қатысы тікелей және өзара бір-бірін толықтырады, өйткені олар болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық білім негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау үдерісінің тұтастай құрылымын айқындайды

1	Мотивациялық-құндылықтық компонент	зерттеу тақырыбының өзегін құрайды, себебі болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінде ұлттық білім мен цифрлық мәдениетті ұштастыруға деген ішкі қажеттілігін қалыптастырусыз тиімді даярлау мүмкін емес. Бұл компонент студенттің ұлттық рухани құндылықтарды заманауи цифрлық ортада бейімдеп қолдануға деген қызығушылығын арттырады.
2	Іс-әрекеттік компонент	зерттеу тақырыбының практикалық жағын қамтамасыз етеді. Ол болашақ мұғалімнің мобильді электронды білім беру ортасын жобалау, оқу процесіне енгізу, оның тиімділігін бағалау сияқты нақты кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы компонент арқылы студент ұлттық мазмұнды цифрлық форматта ұсынуды үйренеді
3	Рефлексивті-талдамалық компонент	зерттеу үдерісінің нәтижелілігін бағалау мен жетілдіруді қамтамасыз етеді. Бұл компонент болашақ педагогтің өзінің кәсіби тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарап, инновацияларды ұлттық білім мазмұнымен үйлестіре отырып жетілдіру қабілетін дамытады

Осылайша, үш компонент те біріге отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін ұлттық құндылықтарға негізделген заманауи мобильді электронды білім беру ортасын жобалай алатын кәсіби тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен қатар, оқу процесінде жобалық және зертханалық сабақтар, цифрлық симуляция, педагогикалық стартаптар сияқты белсенді әдістер тиімді нәтиже береді.

Қазіргі таңда зерттеу жұмыстары барысында *келесідей мәселелерді анықтадық:*

Болашақ мұғалімдер мобильді оқыту құралдарын (смартфондар, планшеттер және т.б. білім беру қосымшалары мен онлайн-платформалар) пайдалануда белсенділік танытады, бірақ ұлттық мазмұнды интеграциялау тәжірибесі жеткіліксіз; мобильді оқыту құралдары оқу үдерісін икемді, қолжетімді және интерактивті етуге мүмкіндік береді.

Нақтырақ айтқанда:

1. Білім беру платформалары:
- BilimLand, iTest, Google Classroom, Moodle, Canvas, Edmodo – сабақ материалдарын, бейнесабақтар мен тест тапсырмаларын мобильді форматта ұсынуға мүмкіндік береді.
2. Интерактивті қосымшалар:
- Kahoot, Quizizz, Mentimeter, Padlet – оқушылардың қызығушылығын арттырып, кері байланыс алу мен ойын элементтерін енгізуге жағдай жасайды.
3. Цифрлық контент жасау құралдары:
- Canva, Book Creator, Thinglink, Genially – мұғалімдерге ұлттық мазмұндағы көрнекі материалдар мен бейне ресурстарды өздері дайындауға мүмкіндік береді.
4. AR/VR және мультимедиа технологиялары:
- Merge Cube, Quiver, Google Expeditions сияқты құралдар арқылы ұлттық мәдени мұраларды, халық ертегілерін немесе дәстүрлерді 3D форматта көрсетуге болады.

Мобильді орта жобалау бойынша зертханалық жұмыстар енгізілгенде, студенттердің кәсіби мотивациясы артады, яғни мобильді орта жобалау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған тәжірибелік сабақтар жиынтығы болып табылады. Бұл жұмыстар студенттердің теориялық білімін нақты цифрлық әрекеттер арқылы бекітуге, яғни ұлттық мазмұнды мобильді электронды ортада жобалап көруге мүмкіндік береді.

Зертханалық жұмыстардың нақты мысалдары төмендегі кестеде көрсетілген.

Мобильді сабақ модулін жобалау		
1	Мақсаты: бастауыш сынып пәндері (мысалы, «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», «Ана тілі») бойынша ұлттық мазмұндағы сабақ жоспарын мобильді форматта жасау	Тапсырма: <i>Google Classroom</i> немесе <i>Moodle</i> платформасында «Менің Отаным», «Халық мұрасы» тақырыптарында интерактивті сабақ әзірлеу
Интерактивті ұлттық викторина немесе ойын жасау		
2	Мақсаты: мобильді оқыту құралдарын пайдалана отырып, ұлттық мәдениетке негізделген ойын түріндегі оқу тапсырмасын дайындау	Тапсырма: Kahoot немесе Quizizz платформасында «Қазақтың салт-дәстүрлері» немесе «Халық ертегілеріндегі кейіпкерлер» тақырыбында мобильді викторина жасау
Цифрлық оқу контентін әзірлеу		
3	Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық мазмұндағы бейне, анимация немесе подкаст дайындау	Тапсырма: Canva, Animaker, Book Creator құралдарын пайдаланып, қазақ халық мақал-мәтелдерін үйрететін қысқа мобильді бейнересурс жасау
AR/VR элементтерімен мобильді қосымша прототипін құру		
4	Мақсаты: ұлттық мәдени мұраларды таныстыруға арналған мобильді қосымшаның қарапайым үлгісін жасау	Тапсырма: CoSpaces Edu немесе Merge Cube арқылы «Қазақ үйі», «Ұлттық киімдер», «Қобыз үні» сияқты интерактивті 3D көрініс әзірлеу
Мобильді платформадағы педагогикалық эксперимент		
5	Мақсаты: мобильді орта арқылы оқытудың тиімділігін тексеру	Тапсырма: студенттер өздері әзірлеген мобильді сабақ модулін бастауыш сынып оқушыларымен апробациялап, нәтижесін талдау (қатысу белсенділігі, түсіну деңгейі, қызығушылық көрсеткіші).

Осындай зертханалық жұмыстар болашақ мұғалімдерге ұлттық құндылықтарды цифрлық оқыту құралдарына енгізуді үйретеді, сонымен қатар олардың кәсіби мотивациясын арттырады, себебі студент өз еңбегінің нақты нәтижесін — заманауи әрі ұлттық сипаттағы цифрлық өнімді көреді.

Ұлттық құндылықтар негізінде жасалған электронды ресурстар (қазақ тіліндегі ойындар, викториналар, бейнебаяндар) оқу тиімділігін арттырады.

Ұлттық құндылықтар негізінде жасалған электронды ресурстар дегеніміз — болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өз кәсіби даярлығы барысында қазақтың мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі мен рухани мұрасын қамтитын цифрлық оқу материалдарын әзірлеп, оқу үдерісінде қолдануға үйренетін ресурстар.

Мұндай электронды ресурстар студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытып, болашақта бастауыш мектепте ұлттық мазмұнды цифрлық форматта тиімді ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі мобильді ойындар		
1	«Салт-дәстүр әлемі» – бастауыш сынып оқушыларына арналған интерактивті ойын. Оқушылар қазақ халқының дәстүрлері мен ырымдарын дұрыс сәйкестендіріп, ұпай жинайды. (Quizizz, LearningApps, Wordwall арқылы жасалуы мүмкін*).	«Мақал тап!» – мақал-мәтелдің бір бөлігін толықтыруға арналған ойын. Мақсаты – тіл байлығын дамыту және ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру
Ұлттық мазмұндағы викториналар		
2	Kahoot немесе Mentimeter платформаларында студенттер «Менің елім – Қазақстан», «Халық ауыз әдебиеті кейіпкерлері», «Ұлттық тағамдар» сияқты тақырыптарда викторина жасайды	Бұл викториналар бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттырып, ұлттық мәдениет туралы білімін кеңейтеді
Қазақ мәдениеті мен тарихына арналған бейнебаяндар		
3	Canva Video, Powtoon, немесе Animaker арқылы студенттер «Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері», «Ұлттық киімдердің мәні», «Қобыз үні» тақырыбында қысқа бейнебаяндар дайындайды	Бұл бейне ресурстарды кейін бастауыш сыныптағы оқу сабақтарында көрнекі құрал ретінде пайдалануға болады
Электронды оқулық және мультимедиялық презентациялар		
4	Book Creator, Genially, Google Slides құралдарында студенттер ұлттық мазмұндағы шағын электронды кітаптар мен анимациялық презентациялар әзірлейді	мысалы, «Қазақ ертегілеріндегі еңбек пен мейірім», «Ұлттық аспаптармен танысу»
Онлайн-подкаст немесе дыбыстық әңгімелер		
5	Soundtrap немесе Anchor сияқты құралдар арқылы қазақ халық ертегілерін, батырлар жырларын, аңыздарды өз дауысымен оқып, мобильді форматта тыңдалатын оқу материалы ретінде ұсына алады	
AR/VR негізіндегі ұлттық контент		
6	CoSpaces Edu, Merge Cube арқылы студенттер қазақ үйінің құрылымын, ұлттық ойындарды, салт-жоралғыларды 3D форматта модельдеп, интерактивті көрініс жасайды	

Осы электронды ресурстар студенттерге яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне:

- ұлттық мазмұнды шығармашылықпен цифрлық форматқа бейімдеуге;
- балалардың қызығушылығын арттырудың инновациялық әдістерін үйренуге;
- мобильді оқыту құралдарын кәсіби тұрғыда қолдану дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық білім негізінде мобилді электронды білім беру ортасын жобалауға даярлау – қазіргі білім берудің стратегиялық міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Блинов В.И., Сергеев И.С., Есенина Е.Ю. О Основные идеи дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения. – М.: Издательство «Перо», 2019. – 24 с.
3. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз, 2022. -314 б.
4. Абилхасимова А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // Молодой ученый. – 2020. – № 14 (304). – С. 292-295. – URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (дата обращения: 07.03.2021)

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564083>
ӘОЖ 373.1

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

ЖОМАРТ АЙДАНА АСҚАРҚЫЗЫ

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Арқалық, Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының ерекшеліктерін зерттейді. Оқу мотивациясы баланың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған және оның тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш сынып оқушыларының мотивациясы көбінесе сыртқы ынталандыруларға тәуелді болады, бірақ ішкі мотивацияны дамыту мүмкіндігі де бар. Оқытушының рөлі маңызды, өйткені ол оқушыларға мақсат қоюға, оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Жұмыс барысында оқу мотивациясының түрлері, оның дамыту жолдары мен педагогикалық әсер ету әдістері қарастырылған.

Кілт сөздер: оқу мотивациясы, бастауыш сынып, ішкі мотивация, сыртқы мотивация, педагогикалық әдістер, танымдық белсенділік, мұғалімнің рөлі, оқыту, оқушының дамуы, мотивацияны дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап, 9-1 тармағында: «...білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі»; 3-бабы 8-тармағында: «...оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» деп атап көрсетіледі [1]. Заңдағы көрсетілген баптар ЖОО-да болашақ мамандарды дайындаудағы ұсынылатын білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларындағы кәсібиліктің, құзыреттіліктің қамтамасыз етілуін қадағалап, болашақ мамандарды кәсіби даярлауға мүмкіндік береді.

Мотивация қалыптастыру мәселесі Л.И.Божович [2], Н.Ф.Талызина [3], Қ.Б.Жарықбаев [4] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Көптеген ғалымдар (Б.Г. Ананьев, Н.В. Бойцова, С.В. Дубровина, Е.В. Карпова, А.П. Кожевина, Д.А. Леонтьев, В.С. Мерлин, С.Л. Рубинштейн, Ю.П. Поваренков, В.Д. Шадриков және басқалар) мінез-құлық пен іс-әрекеттің мотивтері ретінде келесі факторларды айқындайды:

- нұсқау беру – бұл субъектінің нақты жағдайдағы белгілі бір әрекетке дайындық күйі ретінде анықталатын тұтас психологиялық жағдай, орындар белсенді әрекеттерге түрткі болуы мүмкін;
- қызығушылықтар – бұл тұлғаның белгілі бір заттар мен құбылыстарды тануға бағытталған, оң қатынаспен боялған арнайы бағыттылық;
- құндылықтар мен құндылықтық бағдарлар – бұл тұлғаның белсенділігінің бағыты мен мазмұнын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс;
- қажеттіліктер – бұл субъектінің әрекетінің ішкі детерминанттары;
- ынталандырулар – бұл тұлғаның қажеттіліктерін айқындап, мотивациялық процесті іске қосатын сыртқы детерминанттар (оқиғалар, заттар, құбылыстар).

Қазіргі уақытта іс-әрекет мотиві тұлғалық интеграциялық жүйелі құрылым ретінде қалыптасқан және тұлғаның мотивациялық саласы көпкомпонентті, көпдеңгейлі, иерархиялық, динамикалық құрылым ретінде қарастырылады, ол үнемі қозғалыста болып, оған кіретін компоненттердің дамуымен және олардың өзара байланыстарымен көрініс табады [5, 6].

Кәсіби мотивация кәсіби қызметтің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, оған төрт маңызды функция тән: қозғаушы, бағыттаушы, реттеуші және мағына қалыптастырушы. Бұл

функциялар кәсіби қызметтің қозғаушы күшінде, реттелуінде, динамикасында және ұйымдастырылуында жүзеге асады, оның белгілі бір нәтижеге бағытталуын қамтамасыз етеді (А.К. Маркова, А.В. Карпов, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, М.Ш. Магомед-Эминов, В.Д. Шадриков, П.М. Якобсон және басқалар). Мотивация «кәсіби қызметтің» барлық құрылымдық және процестік компоненттерін «жүзік» арқылы өткізеді, ал негізгі жүйені қалыптастыратын компонент – «мотив-мақсат» тандемі болып табылады [7].

Табысқа жетудің жетекші мотивтерінің бірі - мақсатқа жетуден қанағаттану сезімі, сәттілік сезімі. Сабақ барысында сәттілік жағдайын жасау - бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын құрудың ең тиімді әдістерінің бірі. Бұл қанағаттанудың субъективті психикалық жағдайына, құбылысты жасаушының, істі орындаушының физикалық немесе моральдық шиеленісінің салдарына байланысты.

Бала өз нәтижесін өз бетінше сәттілік деп санаған жағдайда ғана мақсатқа сәтті қол жеткізілді деп саналады. Бастауыш сынып оқушысының іс-әрекетінің объективті жетістігін сыртқы жетістік деп санауға болады, өйткені баланың нәтижесінің сапасы осы әрекеттің куәгерлері арқылы тікелей бағаланады. Сәттілік жағдайын және оның маңыздылығын түсіну балада ұялшақтықты, психологиялық қысымшылықты және басқа қиындықтарды жеңгеннен кейін ғана пайда болады.

Сондай-ақ, кейде мектеп оқушысы бастан өткерген сәттіліктің шамалы жағдайы өмір салтын оң жаққа күрт өзгертіп, оның жан дүниесінде өшпес эмоционалды әсер қалдыруға қабілетті екенін атап өткен жөн.

Ю.К.Бабанскийдің еңбектерінде мұғалім қолданатын кез-келген әдіс оқу-тәрбие жұмысында мотивациялық функцияны орындай алатындығы атап өтілген. Дегенмен, оқытудың барлық әдістерінің ішінде автор оқушыларды белсенді танымдық белсенділікке ынталандыруға және оң мотивацияны қалыптастыруға бағытталған оқытуды ынталандыру әдістерінің жеке тобын ажыратады [8].

Бұл әдістер ондағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылысты қалыптастыруға, білім алушылардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын оятуға арналған. Жетістікке жетуге деген ұмтылыс бастауыш сынып оқушыларының оқу іс - әрекетіне тұрақты ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді, нәтижесінде жеке тұлғаның тиісті қасиеттерін қалыптастырады, сонымен қатар жаңа білім алуға, оқуға, өз дүниетанымын байытуға оң көзқарас қалыптастыруға септігін тигізеді.

Ол үшін тиісті ынталандыру әдістерін қолданумен қатар, мұғалім басқа да міндеттерді орындай алады, атап айтқанда: әр білім алушының мотивациялық саласын зерделеуге мүмкіндік береді; балалардың мүдделері мен бейімділігін ескереді; оларға өздерін дәлелдеуге мүмкіндік береді; жаңа мотивтер қалыптастырады, салауатты бәсекелестік қалыптастырады, қызметке деген қызығушылықты арттырады; мақсат қоюға итермелейді; сонымен қатар мектеп оқушыларының жетістігін қолдайды және бұл үшін тиісті жағдайлар жасаңыз. мұғалім бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген құштарлығын қалыптастыру, оқуға деген оң мотивацияны қалыптастыру үшін оқытудың барлық мүмкін құралдарын, әдістерін қолдануға міндетті. Оқыту бастауыш сынып оқушыларына осындай жағдайлар жасалған кезде ғана таңданыс пен қызығушылық тудырады.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларында оқу мотивациясын қалыптастыру үшін ынталандырудың әртүрлі құралдарын, әдіс-тәсілдерін қолдану қажет. Позитивті мотивацияны қалыптастыру кезінде мұғалім бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген жауапкершілігі мен шынайы қызығушылығын дамытып қана қоймай, оқушылардың жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және өздерін табысты тұлға ретінде сезінуге деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің деңгейін арттыруға, екіншіден, жеке қасиеттерге сәйкес келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын тиімді педагогикалық процестің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Д.Б.Эльконин бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің құрылымына оқу мотивациясын қосады. Оқу мотивациясы – бұл оқушының іс-әрекетін бағыттайтын және оның мектеп құндылықтары жүйесіндегі мінез-құлқын анықтайтын оқу іс-әрекетінің міндеттеріне сәйкес келетін мотивтердің жиынтығы. Мотив пен мотивацияның жалпы түсінігін қарастырайық [9].

Е.П.Ильиннің анықтамасы бойынша мотив-бұл белгілі бір әрекеттерді жасауға бағыттайтын және итермелейтін ынталандыру. Мотивация арқылы автор адамның сыртқы көріністерінде, адамның қоршаған әлемге және әртүрлі іс-әрекеттерге қатынасында көрініс табатын тұлғаның ішкі психологиялық сипаттамасын түсінеді [10].

Мотивсіз немесе әлсіз мотивпен әрекет мүлдем жүзеге асырылмайды немесе өте тұрақсыз болып шығады .


Д.А.Леонтьев мотивация іс-әрекеттің бағытын, біртұтас іс-әрекеттің ұйымдастырылуы мен тұрақтылығын, белгілі бір мақсатқа жетуге деген ұмтылысты түсіндіреді. Мотивтер жүйесі болып табылатын мотивация іс-әрекетке белгілі бір мағына мен бағыт береді [11].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті олар үшін әртүрлі мағынаға ие. Бастауыш сынып оқушылары үшін оқу мотивациясының сипатын және оқытудың мағынасын анықтау мұғалімнің педагогикалық әсер ету (әсер ету) әдістері мен құралдарын анықтауда шешуші рөл атқарады.

Мотивацияның анықтамасына сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының мазмұнын қарастыра отырып, оқу іс-әрекетінің мотивтерінің түрлерін сипаттау қажет. Оқу іс-әрекетінің мазмұнын анықтайтын мотивтер жүйесін анықтауда әртүрлі тәсілдер бар. Л.А.Венгер, М.Р.Гинсбург, Д.Б.Эльконин бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының құрылымында келесі мотивтерді атайды:

- танымдық мотивтер оқу іс-әрекетінің негізгі мазмұнын құрайды және оқушылардың жаңа білім мен оқу дағдыларын игеруге бағытталғандығын көрсетеді. Танымдық мотивтер сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысын, білім алу тәсілдерін өз бетінше жетілдіруге бағытталғандығын көрсетеді.

- әлеуметтік мотивтер, оқушының қоршаған шындықпен, қоғаммен әлеуметтік өзара әрекеттесуінің әртүрлі түрлерімен байланысты (мысалы: қоғамға пайдалы болу үшін білім алуға ұмтылу, өз міндетін орындауға деген ұмтылыс, оқу қажеттілігін түсіну, жауапкершілік сезімі) келесі суретте ұсынылады.



Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын зерттеу олардың жалпы психологиялық дамуымен тығыз байланысты, себебі осы кезеңде баланың оқу мен білімге деген көзқарастары қалыптаса бастайды.

Оқу мотивациясы баланың оқу іс-әрекетіне деген ішкі немесе сыртқы ынтасын білдіреді. Оның екі негізгі түрі бар:

Ішкі мотивация	оқушы оқу барысында ішкі қызығушылығынан, жеке мақсаттарынан немесе білімге деген қажеттілігінен шығады. Бұл мотивация баланың жеке дамуымен тікелей байланысты және ұнамды нәтижелерге әкеледі
Сыртқы мотивация	сыртқы ынталандырулар, мысалы, сыйақы немесе ата-ананың мақтауы сияқты факторлар арқылы жүзеге асырылады. Бұл

	мотивация, әдетте, қысқа мерзімді нәтиже береді және тек белгілі бір уақыт аралығында жұмыс істейді
--	---

Бастауыш сынып оқушыларында көбінесе сыртқы мотивация басым келеді, бірақ дұрыс әдіс-тәсілдермен ішкі мотивацияны дамыту мүмкіндігі де бар.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының өзіндік ерекшеліктері бар.

Жастық психологиялық ерекшеліктер - бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясы олардың психологиялық және физиологиялық дамуына тікелей байланысты. 6-10 жас аралығындағы балалар эмоционалды жағынан сезімтал, олардың оқу мотивациясы көбінесе сыртқы факторларға тәуелді болады. Бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті concrete (нақты) болып келеді, яғни олар тек нақты нәтижелерді көргісі келеді. Мотивацияның дамуында мұғалімнің оқу процесінде эмоционалды қолдау көрсетуі маңызды рөл атқарады.

Оқуға деген қызығушылықтың қалыптасуы - оқу мотивациясы тек білім алуға деген қызығушылықтан ғана емес, балалардың өздерінің жетістіктерін сезінуден де туындайды. Осы кезеңде балаларға шынайы қызығушылық пен білімді игеру процесі ұнаған кезде ғана олар оқуға белсенді араласа бастайды. Осы мақсатта оқытушының баланы мадақтап, оның жетістіктерін атап өтуі өте маңызды.

Әлеуметтік факторлар - бастауыш сынып оқушылары үшін әлеуметтік орта үлкен рөл атқарады. Оқушылардың оқу мотивациясына ата-ананың және мектеп ұжымы тарапынан көрсетілетін қолдау әсер етеді. Балалардың бір-біріне тәуелділігі, өздеріне белгілі бір деңгейдегі әлеуметтік міндеттеме сезімінің пайда болуы да оқу мотивациясының деңгейіне әсер етеді.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы - бұл жас кезеңінде оқушылардың өзін-өзі бағалау жүйесі жаңа қалыптасады. Олар өздерінің күш-қуатын, қабілеттерін алғаш рет бағалайды. Егер бала өз жетістіктеріне көңілі толмаса немесе жиі сәтсіздіктерге ұшыраса, онда оның оқу мотивациясы төмендеуі мүмкін. Сондықтан бұл кезеңде өзін-өзі бағалауды дұрыс қалыптастыру өте маңызды.

Оқу мотивациясын дамыту жолдары

Қызықты әрі шығармашылық тапсырмалар беру - бастауыш сынып оқушылары үшін тапсырмалардың қызықты, шығармашылық сипатта болуы олардың оқу мотивациясын арттырады. Мысалы, сабақтарда ойындар, шығармашылық жобалар, топтық жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға болады.

Жетістіктерді мадақтау және қолдау - оқушылардың жеке жетістіктері мадақталуы керек. Әсіресе, олар кішкентай жетістіктерін сезінген кезде мотивациясы артады. Баланың өзінің жетістіктеріне көңіл бөлуі оның өзін-өзі бағалауын арттырады.

Оқушылармен қарым-қатынас - мұғалімнің оқушылармен жылы әрі сенімді қарым-қатынасы оқу мотивациясын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Бұл жағдайда мұғалімнің рөлі – оқушының сұрақтарына жауап беру, оны тыңдап, түсінуге тырысу, және оған қолдау көрсету.

Тәуелсіздік пен жауапкершілікті дамыту - оқушыларға өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну маңызды. Оларға тапсырмаларды орындауда белгілі бір деңгейдегі тәуелсіздік беру, жеке таңдау мүмкіндігін ұсыну олардың оқу мотивациясын күшейтеді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясы олардың жеке психологиялық және әлеуметтік дамуымен тығыз байланысты. Оқу мотивациясын арттыру үшін оқушыларды қызықтырушы және оңтайлы жағдайлармен қамтамасыз ету қажет. Мұғалімнің рөлі өте маңызды: ол балаларға мақсат қоюға көмектесіп, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруы тиіс. Оқу процесінде оқушыларға берілетін мадақтау, қолдау және жауапкершілік оларды ынталандырып, оқу іс-әрекетіне деген ішкі мотивациясын қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Божович Л.И. Проблемы формирования личности: Избр. психол. тр. / Под ред. Д.И. Фельдштейна; Рос. акад. образования, Моск. психол.-соц. ин-т. - 3-е изд. - М. : МПСИ ; Воронеж : МОДЭК, 2001. - 349 с. - (Психологи Отечества: избр. психол. тр.: В 70 т.). - Библиогр.: с. 342-348.
3. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология . Практикум:учебник для вузов / Н.Ф.Талызина. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2025. — 190 с
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері [Мәтін] : оқулық / Қ. Б. Жарықбаев. - Алматы : Эверо, 2005. - 462 б.
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Междунар. гуманитар. фонд «Знание», 1996. 308 с.
6. Асеев В.Г. Мотивация поведения и формирование личности: моногр. М.: Мысль, 1976. 158 с
7. Горбушина А.В. Системогенетический анализ мотивации профессиональной деятельности педагогов в зависимости от трудового стажа // Ярославский педагогический вестник. 2018. № 4. С. 205-214.
8. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе / Ю. К. Бабанский . - Москва : Просвещение, 1985. - 208 с.
9. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды . Проблемы возрастной и педагогической психологии [Текст] / Д. Б. Эльконин; . - М. : [б. и.], 1995. - 224 с.
10. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. СПб.: Питер, 2011. 508 с
11. Леонтьев Д.А. От инстинктов к выбору, смыслу и саморегуляции: психология мотивации вчера, сегодня, завтра // Современная психология мотивации. М., 2002. С. 4-13.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564105>
ӘОЖ 373.1

ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСАРТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

ӘБІЛДА СӘУЛЕ МАХАМБЕТҚЫЗЫ

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Алматы, Қазақстан.

Аңдатпа. Деңгейлеп оқыту технологиясы – бұл әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейлеріне сәйкес оқу үдерісін бейімдеуге мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс. Бұл тәсіл оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейіне байланысты тапсырмаларды ұсыну арқылы олардың білімін тереңдетуге және мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушының өздігінен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуына және оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс мұғалімге әр оқушының оқу деңгейін анықтап, оларды жеке тұрғыда қолдауға мүмкіндік береді, нәтижесінде оқу жетістіктері айтарлықтай артады.

Кілт сөздер: деңгейлеп оқыту, білім беру технологиялары, оқу жетістіктері, оқушының жеке қажеттіліктері, жеке тұлға, мотивация, оқытуды саралау, кері байланыс.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін арттырудың өзектілігі болашақта табысты оқу мен дамуға ықпал ететін білім мен дағдылардың берік негізін құруда жатыр. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»- деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі оқушының жеке тұлға ретінде дамуына, өзін-өзі тануына және өзін-өзі жетілдіруіне басымдық беруде. Осы бағытта әр оқушының дарындылығын ашу үшін мұғалімдерге жаңа оқыту әдістемелерін қолдану міндеті қойылуда. Оқыту технологиялары оқушының үздік нәтижелерге жетуін қамтамасыз етіп, оқу үдерісін әртүрлі деңгейде бағалап, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік туғызады. Білім беру бағдарламаларының талаптарын нақты жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістемелердің бірі – деңгейлеп оқыту технологиясы. Оның басты мақсаты – әр оқушының оқу материалын өз даму деңгейіне сай меңгеруін қамтамасыз ету. Бастауыш мектепте оқушылардың білімін дамыту мен оқу жетістіктерін арттырудың басты мәселесі – олардың оқу әрекетіне қызығушылығын ояту мен ынтасын арттыру.

Әрбір инновациялық технология жеке тұлғаны өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай жасауға қажетті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Яғни, осы мүмкіндіктер жалпы білім беру ұйымдарында, бастауыш, орта және жоғары білім сатыларында ұйымдастырылса, белгілі бір нәтижеге жетуге болады. Оқу үрдісі барысында Д.Б.Эльконин [2], В.В.Давыдовтардың [3] «Дамыта оқыту», М.М.Жанпейісованың [4] «Модульдік оқыту» технологиясы, Джордж Соростың ашық қоғам институты «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген «Сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы дамыту» (С.Мирсейітова) технологиясы [5], «Ынтымақтастықта оқыту» технологиясы, В.Беспалько [6], М.Кларин, И.Лернер [7, 8], В.Оконь, Н.Талызина «Бағдарламалап оқыту мәселесі» [9, 10], Іс-әрекетті бағалау (Ш.Амоношвили) [11] т.б. технологиялардың тәжірибелік қолданыста тиімділігін айқындайды.

Білім беру практикасына деңгейлеп оқытуды енгізу қажеттілігі оқу ақпаратын қабылдауда оқушылардың шамадан тыс жүктелу мәселесінің туындауымен байланысты. Бұл жағдайда, қазіргі мектеп жағдайында психологтар зерттелетін материалдың мәтінін меңгеруге қажетті психикалық функциялар мен күйлердің (есте сақтау, зейін) төмендеуін атап өтеді. Мұндай жағдайларда барлық оқушыларды бір деңгейде оқыту мүмкіндігі шектеулі. Деңгейлеп оқыту ақпараттың көлемін қысқартуға емес, оқушылардың оны меңгеру деңгейіне сәйкес түрлі талаптарды ескеруге негізделеді.

Деңгейлеп оқыту — оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясы, мұнда оқу материалын меңгеру деңгейлері әртүрлі топтарда қабылданады. Яғни, бір пәннің оқу материалының тереңдігі мен күрделілігі А, В, С деңгейлеріндегі топтарда әртүрлі болады, бұл әр оқушыға мектеп бағдарламасындағы пәндер бойынша оқу материалын өз деңгейінде меңгеруге мүмкіндік береді. Алайда, оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты оның білім деңгейі негізгіден төмен болмайды. Бұл технология оқушының іс-әрекетін бағалау үшін оның осы материалды меңгеруге және шығармашылықпен қолдануға жұмсаған күш-жігерін ескеруге мүмкіндік береді. Білім беру стандарттарында белгіленген тақырыптар барлық деңгейлер үшін бірдей болып қалады.

Бұл жағдайда, А оқушысы В оқушысымен бірге математиканы орта деңгейде оқиды, бірақ қазақ тілінде В оқушысымен жоғары деңгейде жұмыс істейді, ал шет тілінен Д оқушысымен базалық деңгейде айналысады. Оқушының деңгейден деңгейге көшуі мүмкін және бұл іс жүзінде қиындықсыз жүзеге асады, себебі оқу материалының мазмұны (тақырыбы) барлық деңгейлер үшін бірдей болып қалады.

Деңгейлеп оқыту технологиясы, сондай-ақ саралап оқыту деп аталады, бұл оқу процесін топтағы оқушылардың әртүрлі қажеттіліктері мен деңгейлеріне бейімдейтін әдіс. Бұл әр оқушының жеке қажеттіліктері мен оқу стильдерін қанағаттандыру үшін әртүрлі әдістерді, материалдарды және оқыту стратегияларын қолдануды қамтуы мүмкін.

Деңгейлеп оқыту технологиясы – бұл оқу процесін оқушылардың жеке қажеттіліктері мен деңгейлеріне бейімдеуге бағытталған білім беру әдістемесі. Бұл тәсіл оқытуды даралау және оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы принциптеріне негізделген.

Деңгейлеп оқыту технологиясы психологиялық және педагогикалық теорияларға негізделген, олар оқушылардың қабілеттеріндегі, оқу стильдеріндегі және ақпаратты игеру қарқынындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Мысалы, Ховард Гарднердің бірнеше интеллект теориясы оқушыларға әртүрлі интеллект түрлері бар, оларды оқытуда дамытуға және қолдануға болады деген идеяны қолдайды [12].


Кесте 1 - Деңгейлеп оқыту технологиясын жүзеге асыру кезеңдері

Кезеңдер	Дайындық кезеңі	Диагностикалық кезең	Оқушыларды топтарға бөлу кезеңі	Деңгейлеп оқыту жүзеге асырылу кезеңі	Деңгейлеп оқыту жағдайына білімді меңгеру нәтижелерін бағалау кезеңі
----------	-----------------	----------------------	---------------------------------	---------------------------------------	--

Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушыларды оқу материалын базалық, бағдарламалық күрделенген деңгейлер бойынша игеруін анықтау	Білімді меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмаларды дайындау. Оқушылардың білімді меңгеру деңгейін диагностикалау. Оқушылардан сауалнама алу. Сынып жетекшілерімен оқушылар және олардың ата-аналарымен әңгімелесу	Оқушыларды топқа бөлуді ұйымдастыру: әр топ үшін оқу мазмұнын анықтау. Әр деңгейде оқытуға қойылатын нақты талаптарды дайындау. Дайындалған талаптарды оқушыларға ұсыну	Оқушылардың топтардағы жұмысын ұйымдастыру	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша оқушыларды бағалау. Кері байланыстың дұрыс орнауы, жүзеге асыру
Оқушының іс-әрекеті		Диагностика нәтижелері мен өз қызығушылықтары негізінде пәнді оқу деңгейі таңдалады. Оқушы өзіндік таңдау жасайды	Белгілі топты оқушының таңдауы. Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу	Таңдалған топта өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру	Жеткен нәтижелер бойынша өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру

Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушылардың жеке қажеттіліктері мен білім деңгейлеріне сәйкес оқу үдерісін бейімдеуге мүмкіндік беретін маңызды білім беру әдісі болып табылады. Бұл тәсіл заманауи психологиялық және педагогикалық теорияларға негізделіп, оқушыларға жекелендірілген және тиімді оқыту мүмкіндігін ұсынады.

Деңгейлеп оқыту технологиясы оқу жетістіктерін айтарлықтай арттыра алады, себебі ол оқу процесін әр оқушының жеке қажеттіліктеріне сай бейімдеуге мүмкіндік береді. Оқушыларға тапсырмаларды қиындық деңгейлеріне бөліп ұсыну және әрқайсысына қолдау көрсету арқылы олардың оқуға деген ынтасын арттырып, білімді терең меңгеру жағдайларын жасауға болады. Бұл мотивацияны күшейтіп, оқуға деген сенімділікті арттырады, нәтижесінде оқу көрсеткіштері жақсарады.



Сурет 1 – Деңгейлік тапсырмалар

Деңгейлік тапсырмалар – бір сабақтың немесе оқу модулінің шеңберінде әртүрлі қиындық деңгейіндегі оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар. Бұл тапсырмалардың мақсаты – оқу үдерісін оқушылардың дайындық деңгейіне, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес бейімдеу.

Деңгейлеп оқыту технологиясының бірнеше негізгі аспектілері және олардың білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсері:

1. Оқытуды даралау: деңгейлеп оқыту мұғалімдерге оқу материалын әр оқушының дайындық деңгейіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес келетін тапсырмалар мен материалдарды қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл олардың тиімді оқуына ықпал етеді.

2. Оқу процесін саралау: тапсырмалар мен қолдаудың әртүрлі деңгейлерін ұсыну мұғалімдерге жеткілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл әр оқушыға оқу процесінде қолдау мен ынтаны сезінуге көмектеседі.

3. Өзін-өзі оқыту және жауапкершілік: деңгейлеп оқыту көбінесе оқушыларды материалды өз бетінше үйренуге ынталандырады. Оқушылар тапсырмаларды өздерінің қызығушылықтары мен сенімділік деңгейіне сәйкес таңдай алады, бұл олардың өз оқуы үшін жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.

4. Кері байланыс және бағалау: деңгейлеп оқыту технологиясы сонымен қатар дәлірек кері байланыс пен оқушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер әр оқушының үлгерімін жеке деңгейде бақылай алады және одан әрі жақсарту үшін тиісті кеңестер мен көмектер бере алады.

Деңгейлеп оқыту оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын бейімдеп, білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді. Мұғалім тапсырмаларды әртүрлі деңгейде ұйымдастырып, оқушылардың қабілеттері мен дайындық деңгейіне сәйкес оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқуға деген қызығушылықты арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Эльконин Д.Б. «Избранные психологические труды». М:Педагогика- 1989г.
3. Давыдов В.В. «Проблемы развивающего обучения». Москва, Просвещение , 1986г.
4. Жанпеисова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2006 ж.
5. Философия и методы RWCT в действии/под редакцией С.Мирсеитовой. –Казахстанская Ассоциация по Чтению. Серия «Школа профессионального развития».-Алматы: ИздатМаркет, 2004.-264 с.
6. Беспалько В. П. Предполагаемые педагогические технологии / В. П. Беспалько. - М.: Педагогика, 1989. - 190 с.
7. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии. (Анализ зарубежного опыта) - Рига, НПЦ «Эксперимент», 1995 - 176 с.
8. Лернер И.Я., Журавлев И.К. (ред.) Современная дидактика: Теория - практике. — М., 1994.
9. Оконь В. Введение в общую педагогику. М.,1990.
10. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология : учеб. для студ. сред.учеб. заведений /Н.Ф.Талызина. – 8-е изд., стер. –М. :Издательский центр «Академия», 2011. – 288 с.
11. Амонашвили Ш. А. Основы гуманной педагогики. В 20 кн. Кн. 4. Об оценках /. Шалва Амонашвили . — 2-е изд. — М. : Свет, 2015.
12. Gardner M., Sapianchai N. Comparison of training methods in modifying questioning and wait time behaviors of Thai high school chemistry- teachers //Journal of Research in Science Teaching.- 1980.- Vol.17. - P. 191-200;

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564138>
ӘОЖ 373.1

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ БІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

БЕЙБИТОВА АЙГУЛЬ БЕЙБИТОВНА

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Арқалық, Қазақстан.

***Аңдатпа.** Бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі қарастырылған. Жүйе арқылы сөздіктерді тиімді қолдану дағдыларын дамыту, оқушылардың сөздік қорын байыту және сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсат етілген. Әдістемелік жүйе түрлі құралдар мен әдістерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, сөздік жұмыстарын жүргізуде жаңа тәсілдер мен тиімді әдістер қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға мүмкіндік беріледі. Бұл жүйе оқушылардың тілін жан-жақты дамытуға, олардың сөздік қорын кеңейтуге бағытталған. Сөздіктерді пайдалану арқылы балалардың тілдік мәдениеті артып, шығармашылық қабілеттері дамиды. Жұмыс мектептегі оқу үрдісінде қолдануға арналған.*

***Кілт сөздер:** сөздік жұмыс, бастауыш сынып, әдістемелік жүйе, сөйлеу дағдылары, сөздік қор*

Тілді оқыту әдістемесі тарихының әр кезеңінде сөздік жұмысына ерекше мән берілді. Алайда сөздік жұмысының мазмұны әрқалай түсіндірілді. «Сөздік жұмысы» және «лексикалық жұмыс» ұғымдарының үнемі ара-жігі ажыратыла бермейді. Көптеген әдіскер-ғалымдар сөздік жұмысы ретінде сөздің дыбыстық құрамы, морфологиялық өзгерісі, тірек сөздермен сөйлемдер құрастыру, осы сөздерді контекстке енгізу, оқыған ережеге сай сөздерді таңдау, сөз құрамына талдау, сөз таптарының жасалуы т.б. қарастырды. Атап айтқанда, сөздік жұмысы ұғымының мазмұнын аша отырып, Н.А.Бублеева келесідей өзіндік түсінік береді: «Образование той или иной части речи – все это по существу и есть словарная работа» [1]. Сонымен бірге Н.Бублеева сөздік жұмысына сөздің лексикалық мағынасын игеруге көмектесетін жаттығуларды да жатқызады: синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді таңдау т.б.

Жүйе дегеніміз – жекелеген элементтердің бір-бірімен байланыс жасап, қатынас туындатуы және сол арқылы қандай да біртұтастықты құрауы [2].

Енді ғалымдардың В.В.Краевский [3], Н.Л. Стефанова [4], Т.А.Бороненко [5], В.В.Малев [6] әдістемелік жүйеге берген анықтамаларына тоқталып өтейік:

«әдістемелік жүйе» - педагогикалық іс-әрекеттің тұтас моделі, содан кейін ол осы іс-әрекеттің жобасында нақтыланады [В.В.Краевский];

- «әдістемелік жүйе» - бұл өзара байланысты бес компоненттің жиынтығы: мақсаттар, мазмұн, әдістер, құралдар және оқытудың ұйымдастырушылық формалары [Н.Л. Стефанова];

- «әдістемелік жүйе» - бұл оқытудың мақсаттары, мазмұны, әдістері мен формалары, құралдары мен жоспарланған нәтижелерін қамтитын оқу процесінің әртүрлі компоненттерін көрсететін модель [Т.А.Вороненко];

- «әдістемелік жүйе» - жүйеден тыс мақсаттар қою; әдістемелік жүйенің көптеген элементтерін келесі элементтерді қосу арқылы кеңейту; күтілетін оқу нәтижелері; оқытудың мазмұнын, әдістерін, нысандары мен құралдарын іріктеу технологиялары; әдістемелік жүйенің элементтері арасында байланыс орнату технологиялар жиынтығы [В.В.Малев];

Омарова Г.: бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі – бұл оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған оқу

үдерісін бақылау, талдау, түзетуді жоспарлау мен жүргізудің өзара байланысты әдістерінің, нысандары мен құралдарының реттелген жиынтығы деген анықтама береді [7].

Сөздік жұмысы көбінесе сабақ барысында жүргізіледі. Мектептегі түрлі пәндерден оқушылар білім алумен қатар, сол пәндерге тиісті көптеген таныс емес сөздерді игереді. Мұндай сөздер оқушылардың қазақ тілінен алған білімдерін қорландырып, сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдысы мен жазу шеберлігін ұстартатыны сөзсіз.

Жалпы біздің ана тіліміздің лексикасындағы сөздердің көпшілігі ауыспалы мағыналарға ие. Сондықтан да мектеп табалдырығын аттап, мектепке келген күннен бастап оқушылар белгілі бір сөздің әр түрлі мағынада қолданылатынын сабақ барысында күн сайын байқайды. Көпмағыналы сөздерді оқушылар жиі қолданады, бірақ ол сөздердің көп мағыналы екенін олар саналы түрде түсіне бермейді. Алғашқы кезде балалар бір сөздің бірнеше мағынасы болатындығына таң қалады. Мысалы: «бас» сөзі 1-сыныпта-ақ кездеседі. Мұғалім бас – адамның басы, таудың басы, жылдың басы сияқты мысалдармен сөздің көп мағыналылығын түсіндіреді. Яғни, сөздердің көп мағынада болатыны 1-сыныптан басталып, қалған сыныптардың бәрінде жүргізіледі.

Мысалы: Ө.Тұрманжановтың 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығындағы «Малсақ бала» өлеңінде жүні үрпию тұрақты тіркесі, жүндей жұмсақ сияқты теңеу сөздер берілген. Мұнда үрпию сөзін қорқу деген мәндес сөз арқылы түсіндіру жеткіліксіз. Жүні үрпию қорқу деген мағынада емес, тоңу мағынасында қолданылып тұр. Қорқу деген сөздің жағымсыз мағыналық жағы бар да, ал тоңу деген сөзде ондай мағыналық мән жоқ. Осы тектес сөздердің нақты, ауыспалы, қосалқы, үстем мағыналарын балаларға жете түсіндіргенде ғана көркем шығармалардың мәнерлі оқылуына мүмкіндік туады [8].

Сөз көп мағыналы болғанда әр түрлі мағыналарға қатысы бірдей болмайды. Сол әр түрлі мағыналардың ішінде бір ғана мағына басым болып, басқаларына негіз болады. Басты мағына дегеніміз контекстке байланысты болмай, өзі тұрып-ақ мағынасы түсінікті болатын жайт. Сөз және оның мағынасын түсіндіру кезінде ана тілінде сөздерді дұрыс түсініп, пайдалану үшін балаларға сөздің негізгі мағынасын білдіру мақсат етілгені жөн. Ең алдымен балаға сөздің негізгі мағынасын түсіндіру керек. Мәселен: «Тіл – деген сөздің басты мағынасы: жан-жануарлардың дәм сезетін, адамның сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы дене мүшесі. Басты емес мағынасы контекстсіз ашылмаған болар еді. Мәселен: «Тіл – соғыс даласында жаудан мәлімет алу үшін қолға түскен тірі тұтқын» мағынасы мынадай контексте түсінікті: Күн сайын торуы, күн сайын барлау, іздейтіндері – тіл. /С.Сейітов. Сөз сұра/

Жаңа сөзді сөйлем ішінде қолдану арқылы түсіндіру тәсілі.

Кейбір жаңа сөздердің мағынасы сөйлем ішінде қолдану арқылы түсіндіріледі. Сөздіктен қарап, жаңа сөздің мағынасын табу.

1. тақтаға сөзді жазғызу;
2. жаңа сөзді кірістіре отырып сөйлем құрастыру;
3. Жаңадан үйренген сөздерге байланысты шығармашылық жұмыстар жүргізу.

Сипаттамалы анықтама беру әдісі – бастауыш сыныпта қиын сөздерді түсіндіруде кең қолданылатын әдістің бірі. Сипаттамалы анықтама кең және дерексіз мағыналы сөздерді түсіндіруде, сондай-ақ ұғым аясының көлемі нақты мағына шеңберіне сыймайтын, ұлттық дүниетанымға қатысты атауларға анықтама беруде қолданылады деп ойлаймыз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де осы тәсіл басым қолданылғаны байқалады. Сипаттамалы анықтама бергенде болмыстағы барлық заттар мен құбылыстар, іс-әрекеттер, түр-түсі, неден жасалғандығы неге керектігі, айырмашылығы т.б. көрсетілуі керек. Мәселен: Айыл – ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын орап тартатын жалпақ қайыс. Долана – таулы-тасты, өзенді жерде өсетін ұсақ домалақ жемісті ағаш. Қоржын – әр түрлі нәрсе салуға арналып жүннен тоқылған екі басты қап. Бұл заттардың бейнелейтін суреттерін көрсетсе тіпті жақсы.

Таныс емес ұғымды оқушыларға таныс ұғыммен салыстырып түсіндіру. Кейде оқушылар сөздің мағынасын сол затпен, құбылыспен таныс болмағандықтан түсінбейді. Мысалы: 1-сынып оқушысы түн ортасы деген сөздің нақты мағынасын дұрыс түсінбей,

қараңғылық түскен уақыт деп ұғып қалуы мүмкін. Сөздің мағынасын түсіндіргенде оқушылардың бұған дейін алған ұғымы, олардың бұрынғы білетіні еске алынады.

Салыстыру әдісі

Мұғалім салыстыру әдісімен сабақ жүргізе отырып оқу материалын оңай, көрнекті етіп ұсынуға мүмкіндік алады. Оқушылар заттарға тән белгілерді таба алатын дәрежеге жеткен кезде ғана салыстыруды жүргізуге болады. Өйткені заттар белгілері арқылы ғана салыстырылады.

Алғашқы кезде, әсіресе, 1-сыныпта заттарды қарама-қарсы белгілеріне қарай салыстыру оңайға түседі (қар ақ, көмір қара). Сонымен қатар оларға салыстыру үлгісі де беріліп отырады. Мұны оқылған материал бойынша жүргізген қолайлы.

Салыстыру тапсырмаларында мынаны ескеру қажет: ортақ белгілері бар заттар мен құбылыстар беріледі (трактор мен ағашты, стол мен малды салыстыруға бермейді).

Салыстыру мақсатты болуға тиіс: қасқырды итпен салыстырғанда сыртқы белгілеріне қарай ғана емес, мінез-құлықтарына, адамға тигізетін пайда-зиянына қарай да салыстыруға болады. Бұл жұмыс әуелі екі затты немесе құбылысты салыстырудан басталып, кейін үш-төрт, тіпті онан да көп заттарды салыстыруға болады. 1-сыныпта салыстыруға мыналарды ұсынуға болады. Өсімдіктерден: алма ағашы мен қарақат ағашы; қоға мен қамыс; ақ бидай мен қара бидай т.б. Жануарлардан: ақ тиін мен түлкі; тауық пен үйрек т.б. Машина, еңбек құралдарынан: жүк машинасы мен жеңіл машина; күрек пен айыр т.б. Адамдардың сыртқы көрінісі мен мінез-құлықтары: мысалы, оқыған әңгімелеріндегі екі кейіпкерді салыстыру т.б.

Мысалы: 1-сыныпта Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» деген әңгімесі бар. Онда екі жолдастың аюға кездескендегі сәті суреттеледі. Мұғалім алдымен «сыбырлау» деген сөздің мағынасын сөздіктен қарауды тапсырады. Өйткені балалар дерексіз ұғымның мағынасын бірден түсіне қоймайды. Содан кейін оқушыларға екі жолдасты салыстыруға арналған сұрақтар беруге болады.

- Балалар, екі жолдас қайда барды?
- Орманға барды.
- Оларға не кездесті?
- Оларға аю кездесті.
- Аю не деп сыбырлады деп ойлайсыңдар?
- Жаман адаммен дос болма, - деп сыбырлады.

Сонымен бірге 4-жаттығуда «Ешкі» өленінде:

Ешкі маған түбітін берді,

Қолғап кидім.

Қой маған жүнін берді,-

Қалпақ кидім.

Бұл жаттығуда жүн, қолғап сөздері балаға түсінікті болғанымен, түбіт пен қалпақ сөзі бала ұғымына қиындық келтіреді де, оны балалар түсіне бермейді. Сондықтан түбіт - ешкінің майда, үлпілдек жүні, қалпақ - жұқа ақ киізден тігілген бас киім деп алдымен осы сөздерді түсіндіріп алған дұрыс. Бұл жерде қалпақ пен қолғапты, түбіт пен жүнді ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай салыстыруға болады. Салыстырудың аяғында қорытынды жасалуы керек. Кейін өз сөзінде осындай салыстыруларды қолданатын болады.

Көрнекілік әдісі

Бастауыш сыныптардағы оқыту үдерісінде көрнекіліктің маңызы өте зор, себебі көрнекі құрал оқу материалын түсінуге елеулі ықпал жасайды, оқушы ойының мазмұны мен құрылымын анықтайды.

Сауат ашу сабақтарында оқушыларға қиын сөздерді меңгерту үшін, қолданылатын көрнекі құрал тақырыпты түсінікті етумен бірге, оқушылардың сол сөздерді сапалы қабылдап, тиянақты меңгеруіне жол ашады. Көрнекілік әдістерді сөздік әдістерден оқшау қарауға болмайды. Себебі кез-келген көрнекі құрал түсіндіріледі, талданады, зерттелген мәселе бойынша негізгі не қосымша хабардың көзі болып табылады. Бұл әдіс – оқу, түсіндіру,

жаттықтыру, үйрету, балалардың өзіндік жұмыс тұсында қолданылатын көмекші тәсілдердің бірі. Өйткені көрнекілік бақылампаздықты, ойлауды дамытады және балалардың бақылағандарын сөзбен дұрыс айтып беруге, одан логикалық қортындылар шығаруға дағдыландырады.

Көрнекілік әдісі материалды жүйелеп өтуге, білімді дағдыға айналдыруға көмектеседі. Көрнекілік әдісінің түпкі мақсаты – қысқа да оңай жолмен тиянақты білім беру.

Әліппе және Ана тілі сабақтарында көрнекілікті қолдану мүмкіндігі орасан мол: айнала қоршаған дүниені бақылау, экскурсияға шығу, сызба, карта, оқушылардың жинаған заттары, құстардың тұлыбы, кинофильмдер, диафильмдер, түрлі оқулықтағы суреттер т.б. арқылы оқушы сөздігін дамытуға болады.

Оқу сабақтарындағы көрнекіліктің басты түрі - суреттер. Суреттер сабақ өтуге дайындық кезде, оқу барысында, шығарманы талдау кезінде және қорытынды әңгіме жасаған кезде де көмекші құрал есебін атқарады.

Сурет бойынша жұмыстың 1-сынып оқушыларына жаңа сөздерді түсіндіруде өзіндік пайдасы бар. Төменгі сынып оқушыларының суретті қызыға қарайтындықтарын және суретпен жұмыста балалардың барлығының өз ойын айтатынын ескере отырып, бұл жұмыс түрін де басты назарға алуға болады. Балалардың түсінуіне қиын сөздер суретте бейнеленген оқиғаны әңгімелеу кезінде оқушылардың сөздік қолданысына түсіп, белсенді сипат алады. Өйткені сурет арқылы балалардың сөздік қоры жылдам әрі тез байиы. «Менің алғашқы сөздігім» және «Ана тіл» пәніндегі түсіндірме сөздікте берілген сөз мағынасын түсіндіруге арналған визуалды, көрнекі анықтамалар да кездеседі. Бұл анықтамалар сөздің мағынасын берілген затты не құбылысты көрнекі түрде көрсету жолымен шешеді.

Мысалы: Йод сөзінің мағынасын йод құйылған шөлмекті көрсету арқылы немесе құндыз сияқты бала ұғымына қиындық келтіретін сөздерді олардың суретін көрсету арқылы ашуға болады. Нәрсенің суретін беру арқылы сөзді түсіндіру сол сөздің салмағын арттыратыны сөзсіз.

Көрнекі анықтамалар қолданылатын сөздердің тобы алуан түрлі болады. Олар нақты нәрселердің, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың т.б. атаулары болуы мүмкін. Көрнекі анықтамалар объективті дүние мен сөздің тығыз байланысын көрсетеді. Мәселен: құндыздың суретін көрсеткенде, бала олардың нақты белгілерін байқайды, оның сыртқы түрі, мінезі, көлемі, түсі белгілі болады. Сөзбен берілген анықтамада да көрнекі белгілер болады. Сондықтан 1-сынып оқушыларына берілген сөздіктерде балалардың өте аз білетін немесе білмейтін заттарының шағын суретін көрсету, оларға сөзбен берілетін сипаттамалардан құндырақ болатыны рас. Қиын сөздің мағынасын түсіндірудің ең тиімді жолы – осы екі анықтаманы біріктіріп, бірге қолдану. Бұл тәсілдің танымдық маңызы өте зор. Бұл, әсіресе, тілді үйренудің алғашқы кезеңінде қажет. 1-сынып оқушыларына суреттерді көрсету қиын сөздерді оқушылардың есінде сақтауларына көп көмегін тигізеді. Мысалы: 41-беттегі «Ешкі» мәтінінде: «...Ешкі тасжарған, ырғай, итмұрын, тобылғы сияқты таулы-тасты жерге өсетін бұта-бүргенің бүрін жейді. Әсіресе, жас шыбықтардың қабығына өш» немесе осы оқулықтың 113-бетінде «Обсерватория» деген мәтінде «обсерватория, телескоп, ғарыш, мекеме» деген сөздер берілген. Осындай бала ұғымына қиындық келтіретін сөздерді 1-сынып оқушыларына сөзбен түсіндіру жеткіліксіз болғандықтан, сол заттарды бейнелейтін суреттерді шығарманы оқымас бұрын қолдануға болады. Заттың нақты өзін немесе суретін көрсеткен кезде, оқушы сөздің мағынасын түсінеді, оның есте сақтау қабілетімен қатар көру қабілеті де артады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бублеева Н.А. Словарная работа в У классе. –М.: Учпедгиз, 1953.-76 с.
2. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 527 б.
3. Краевский В.В. Методология педагогического исследования: пособие для педагога-исследователя. – Самара: СамГПИ, 1994. – 165 с.
4. Стефанова Н.Л. Теоретические основы развития системы методической подготовки учителя математики в педагогическом вузе: автореф. ... док. пед. наук. - СПб., 1996. - 366 с.
5. Бороненко Т.А., Рыжова Н.И. Методика обучения информатике. Специальная методика: учебное пособие для студентов. - СПб.: Рос. пед. ун-т, 1997. - 261 с.
6. Малев В.В. Общая методика преподавания информатики: учебное пособие. - Воронеж: ВГПУ, 2005. - 271 с.
7. Омарова Г.Ж. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру [Мәтін] : Философия д-ры (PhD) дәрежесін алу үшін дайын. дисс: 6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті... – Алматы : [б. ж.], 2022. - 192 б.
8. Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т., Бесірова А.С. Ана тілі: жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Атамұра, 2021. -144 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17564149>
ЭОЖ 373.1

НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЛДАМ ОҚУ DAҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

МАҚСАТ САНАГҮЛ

7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі 2-курс магистранты,
Алматы, Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде нейрожаттығуларды қолданудың теориялық және тәжірибелік негіздері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – нейropsychологиялық жаттығулардың әсері арқылы оқушылардың оқу жылдамдығын, зейін тұрақтылығын және есте сақтау қабілетін арттырудың тиімді тәсілдерін айқындау. Автор оқушылардың оқу дағдысын дамытуда мидың екі жартышарының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін нейрожаттығулар кешенінің рөлін талдайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жүйелі түрде қолданылған нейрожаттығулар оқу қарқынын арттырып қана қоймай, баланың танымдық белсенділігін, ойлау шапшаңдығын және оқу мотивациясын күшейтеді.

Кілт сөздер: нейрожаттығулар, жылдам оқу, бастауыш сынып, когнитивтік даму, зейін, оқу мотивациясы.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, оқу дағдыларын жетілдіру мәселесі ерекше маңызға ие. Бастауыш мектеп кезеңі – баланың танымдық қабілеттері мен оқу дағдысының қарқынды дамитын кезеңі. Бұл кезеңде оқу әрекетінің табысты қалыптасуы, ең алдымен, оқудың жылдамдығы мен түсіну деңгейіне байланысты.

Бастауыш мектеп кезеңі – баланың танымдық қабілеттері, оқу іскерліктері мен әлеуметтік дағдылары қалыптасатын шешуші уақыт. Бұл кезеңде мидың белсенді дамуы мен икемділігі (нейропластикалық қасиеті) айрықша маңызға ие. Мидың когнитивтік функцияларын жетілдіруге арналған арнайы нейрожаттығулар осы даму үдерісін тиімді қолдайтын құрал ретінде қарастырылады.

Нейрожаттығулар – мидың әртүрлі бөліктерін ынталандыруға бағытталған физикалық, танымдық және сенсорлық әрекеттер жиынтығы. Олар мидың нейрондық байланыстарын нығайтып, есте сақтау, зейін шоғырландыру және проблеманы шешу сияқты қабілеттерді дамытады. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл жаттығулар білімді тезірек меңгеруге, оқуға деген қызығушылықты арттыруға және эмоциялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі [1].

Норман Дойдждің «The Brain That Changes Itself» («Өзгеретін ми») еңбегі нейропластика ұғымына арналған. Автор мидың жаңа тәжірибелер мен білімге, сондай-ақ жарақаттан кейінгі қалпына келу үдерісіне бейімделу қабілетін ғылыми зерттеулер мен өмірлік мысалдар арқылы түсіндіреді. Бұл еңбек нейроғылым, педагогика, медицина және психология салалары үшін құнды болып табылады және оны мұғалімдер, дәрігерлер, ата-аналар мен оқыту әдістеріне қызығушылық танытатын барлық адамдар оқи алады. Еңбектің негізгі тұжырымы – ми оқу барысында үздіксіз өзгеріске ұшырайды. Бұл қағида нейродидактикада айрықша мәнге ие, себебі жаңа дағдылар мен білімді меңгеру үшін жүйелі қайталау мен тәжірибе қажет. Жаңа ақпарат синаптикалық байланыстарды нығайтып, есте сақтау қабілетін жақсартады. Егер оқыту үдерісінде тиімді әдістер қолданылса, баланың ми құрылымдары жетіліп, танымдық мүмкіндіктері дамиды.

Дойдждің зерттеулері бойынша, сенсорлық ақпараттың (көру, есту, сезіну) әсері мидың нейрондық құрылымына тікелей ықпал етіп, оны өзгертеді. Интерактивті оқыту тәсілдері, ойын элементтері, анимациялар мен аудиоматериалдар баланың қабылдау қабілетін

күшейтеді. Әріптерді дыбыстап оқу сияқты дыбыстық сүйемелдеуі бар оқу ресурстары ақпаратты бірнеше сенсорлық арна арқылы қабылдауға мүмкіндік беріп, меңгеру сапасын арттырады. Автор еңбегінде мидың зақымдалған аймақтарының басқа бөліктер арқылы қызметін қайта қалпына келтіру қабілеті бар екендігі көрсетіледі. Бұл жағдай ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін аса маңызды, өйткені когнитивтік даму бұзылыстарында арнайы нейрораттығулар мен ойын түріндегі оқыту әдістері тиімді нәтиже береді. Үнемі қайталау мен жоғары мотивация нейропластикалық өзгерістерді күшейтіп, оқыту тиімділігін арттырады [2].

Kyung Hae Jeon (2015) жүргізген зерттеу нәтижелері мидың гимнастикалық жаттығулары маңдай бөлігі қызметінің белсенділігін арттырып, зейін мен концентрация деңгейін жақсартатынын дәлелдеді. Бұл мәліметтер нейрораттығулардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық дамуына тиімді әсер ететінін көрсетеді. Мұндай жаттығуларды оқу үдерісіне енгізу оқушылардың ойлау белсенділігін күшейтіп, оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді [3].

Сонымен қатар, Cinthia Tatiana Moreira Cedeño (2019) еңбегінде де мидың гимнастикасын қолдану балалардың когнитивтік даму көрсеткіштерін жақсартатынын анықталған. Автордың пікірінше, нейрораттығуларды жүйелі орындау есте сақтау, зейін және ойлау процестерін дамытуға ықпал етеді. Бұл зерттеу нәтижелері бастауыш буын оқушыларының оқу тәжірибесіне нейрораттығуларды енгізудің өзектілігін дәлелдейді [4].

Жылдам оқу тек техникалық дағды емес, сонымен қатар когнитивтік процестердің (зейін, қабылдау, есте сақтау, талдау және синтез) тиімді ұйымдастырылуын талап етеді. Осы тұрғыдан нейропсихология мен педагогика ғылымдарының түйісуінде пайда болған нейрораттығулар әдістемесі ерекше назар аудартады. Нейрораттығулар — мидың екі жартышарының өзара байланысын күшейтетін, ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттыратын және оқу барысында нейрондық байланыстарды белсендіретін арнайы қозғалыс пен когнитивтік тапсырмалар жиынтығы.

Нейрораттығулар – ақыл-ой әрекетін белсендіруге және жүйке жүйесінің жұмысын жетілдіруге бағытталған арнайы жаттығулар кешені. Олардың басты мақсаты – мидың қызметін белсендіру, когнитивтік қабілеттерді дамыту және нейрожүйелік байланыстарды нығайту. Бастауыш сынып оқушылары үшін нейрораттығуларды жүйелі қолдану жылдам оқу дағдысын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мұндай жаттығулар:

- логикалық ойлауды жетілдіріп, мәтінді талдау мен түсіну қабілетін күшейтеді;
- жаңа ақпаратты қабылдау және өңдеу үдерісін жеделдетеді;
- зейін мен есте сақтауды тұрақтандырып, оқу жылдамдығын арттырады;
- шығармашылық ойлау мен проблеманы шешу дағдыларын дамыта отырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Осылайша, нейрораттығулар бастауыш сынып оқушыларының жылдам әрі саналы оқу қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді нейропедагогикалық құрал болып табылады.

